

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқығы

2025-2026 оқу жылы

Күзгі семестр

6В12301 – «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы

Дәріс №1

Тақырыбы: Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқығының түсінігі,пәні және әдістері.

Әкімшілік құқықтың түсінігі және ерекшеліктері

Әкімшілік құқық-конституциялық және азаматтық құқықтармен қатар Қазақстан құқық жүйесінің негізгі салаларының бірі болып табылады.Оның мұндай орын алатын себебі “әкімшіліктің” әрқашанда және қазір де сөзсіз үлкен қоғамдық,тіпті өмірлік зор маңызы бар деп айтуға болады.

Әкімшілік құқық-құқықтық нормалардың жиынтығы,солардың көмегімен мемлекет атқарушы билікті нақты жүзеге асыруға байланысты және сол туралы пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейді.

Әкімшілік құқықтық актілердің көпшілігіне жүйе құратындай белгілер бар.Бір жағынан,мұндай актілер қатынастардың белгілі бір тобын (жиынтығын) реттейтін болғандықтан (мысалы,органның,лауазымды адамның мәртебесін немесе өкілеттігін) оларда өзіндік маңыз болады,екінші жағынан-нақты мәселелерді шешудегі оның қызметінің шеңберін анықтау қажеттілігі сақталады (мысалы,көлік инспекциясы органдарының әкімшілік құқық бұзушылығы туралы істерді жүргізуі жөніндегі нұсқаулық).Және де,мемлекеттік басқару органдарының заңдардың орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған ниеттері жан-жақты шаралардың қабылдануын талап етеді.Мұндай мән-жайлар әкімшілік заңнаманың бірқалыпты талассыз дамуын қамтамасыз етеді.

Әкімшілік заңнаманың жүйеге келтіру нормативтік материалдарды жинақтау арқылы жүзеге асырылатындығымен келіскен жөн.Бірақ,бұл пікірге қарағанда,әңгіме тек әкімшілік құқықтың ішінде ғана емес,сонымен қатар,құқық салаларының арасында да құқықтық реттеу өрісін бөлу жайында болып отыр.

Бұл қатынастар өрісін кейде мемлекеттік басқару шеңберімен шектей алмайсын,бірақ көптеген адамдар оның шектелуін қалайды.

Біріншіден,басқару негізгі ұғым болғанымен және әкімшілік құқықтың тиісті нормалары басқару тәртібін қамтамасыз ететіндігіне қарамастан,мұндай жағдай (басқарылатындық) өмір тірлігінің басқа өрістеріне де тән.Екіншіден,ауытқушылық әрекетті әрқалай анықтауға және бағалауға болатындығын ескеру керек.Басқару тәртібін құқықтың әртүрлі салаларының нормаларымен қалпына келтіруге болады.Үшіншіден,іс-әрекетті түзету мақсатында әлеуметтік субъектілерге ықпал жасау институттық және институттық емес болуы мүмкін,ал іс-әрекетті қалыптастырудың соңғы сценарийінде атқарушы билік органдарының рөлі айқын байқалады.

Сол себепті,әкімшілік құқық,шын мәнінде,тек басқару құқығы ғана емес,сондықтан да әкімшілік құқық проблемаларын талдауды мемлекеттік басқару мәселелерін талдаумен ғана алмастыруға болмайды.

Әкімшілік нормалардың басқарудың сипатын анықтайтындығы сөзсіз.Мазмұны жағынан алғанда бұл басқару дегеніміз-басқарылатын жүйені іске қосу болып табылады,ал ол жүйеге,мына жағдайда,норма талаптарына (диспозицияларына) сәйкес келетін қоғамдық қатынастар,адамдардың әрекеттері мен мінез-құлқы жатады.Сонымен қатар,әкімшілік билікті авторитарлық ұйым ретінде қарастыра отырып норма императивтернің тек

авторитарлық формаға ғана емес, сонымен қатар субъект әрекетін өздігінен қалыптастыратын нормаларға айналатындығын атап өткен жөн (адамдар қауымдастығындағы қатынастарды реттеу мұқтаждығы бар).

Әдебиетте әкімшілік құқықтың мәнін қалыптастыратын қатынастарды топтастырудың негіздемелерін анықтауда алшақтық бар. Мысалы, Д.Н. Бахрах: 1) аппарат ішіндегі қатынастарды; 2) әкімшілік биліктің азаматтармен, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен өзара қатынастарын бөліп қарастырады.

Әкімшілік құқық өзінің мәні бойынша төмендегідей санаттардың қосындысы:

- әкімшілік құқық Қазақстан заңнамаларының саласы ретінде;
- әкімшілік құқық заң ғылымының бөлігі ретінде
- әкімшілік құқық пән ретінде болып табылады

Дәстүр бойынша атқарушы билікті жүзеге процесінде қалыптасатын қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу міндеті ерекше құқық саласы-әкімшілік құқыққа жатады.

Әкімшілік құқықтың пәні мен әдістерінің

Бұған дейін айтылғандай, ҚР-ның құқық жүйесінің ерекше саласы бар, оның негізгі мақсат-міндеті айырықша сипаты бар қоғамдық қатынастарды реттеу болып табылады. Бұл қатынастардың ерекшелігі сол, олар атқарушы билікті нақты жүзеге асыру аясында пайда болуы (тиісінше өзгертілуі және тоқтатылуы) мүмкін. Ал оларға реттеушілік ықпал жасау өзінің жиынтығы бойынша **әкімшілік құқықты** құрайтын құқықтық нормаларға жүктелген.

Солай болғандықтан, аталған аядағы әр түрлі қоғамдық қатынастар ең жалпы түрде Қазақстан құқығының осы саласының пәнін құрайды деп айтуға болады. Әкімшілік құқықтың пәні туралы сұраққа неғұрлым нақты түрдегі жауапты оның жинақталған анықтамасынан табуға болады.

Бұл анықтама кейбір түсініктемелер беруді керек етеді, олар бірінші кезекте және әсіресе әкімшілік-құқықтық реттеу пәніне жататын қоғамдық қатынастардың мән-мағынасын анықтаумен байланысты.

Бұл ең маңызды жәйт, өйткені тек пән бойынша, яғни реттелінетін қоғамдық қатынастардың сипаты бойынша құқықтық салалар ажыратылады.

Олай болатын болса, әкімшілік құқықпен реттелінетін қоғамдық қатынастарға нелер тән?

Басқару әлеуметтік түрінде екі түрге бөлінеді: мемлекеттік істерін басқару (мемлекеттік басқару); мемлекеттік емес басқару (мемлекеттік емес құрылымдағы басқару). Мемлекеттің істерін басқару мемлекеттік билік тармақтарының барлық органдары жүзеге асырады. ҚР-ның Конституциясы бойынша мұндай басқару заң шығару, атқарушы және сот қызметі нысандарында іске асырылады. Аталған қызмет нысандары мемлекеттің бірыңғай мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған, бірақ олардың әрқайсысы мемлекет органдарының арасында «еңбек бөлісімен» байланысты. «Әкімшілік құқық» курсының пәні атқарушы биліктің функцияларын іске асыру жөніндегі қызмет және сонымен байланысты атқарушы билік (мемлекеттік басқару) органдарының қызметі болып табылады.

Ең алдымен мынаны айту керек, олар мемлекеттік басқару аясында пайда болады, өзгертіледі және тоқтатылады. Бұған қарағанда бәрі түсінікті сияқты көрінеді, өйткені бұл аяның шекарасы ҚР-ның барлық деңгейіндегі атқарушы билік жүйесінің (механизмінің) ұйымдастырылуы мен және жұмыс істеуімен, мемлекеттік-басқарушылық қызметті жүзеге асыру процесімен айқындалатындығы белгілі.

Бірақта әзірге мына бір жағдайды ғана сенімді түрде айтуға болады: біз ынта қойып отырған қоғамдық қатынастардың мемлекеттік-басқарушылық қызметпен байланыстылығы оларды жинақтап басқарушылық қатынастар ретінде сипаттауға

болатындай мүмкіндік береді. Бұл шындығында да солай. Бірақ олардың мәнін толық түсіну үшін бұл жеткіліксіз.

Бізге керегі мына сияқты басқарушылық сипаты бар қоғамдық қатынастар, олардың мемлекеттік-басқарушылық қызметпен тікелей байланыстылығы себепті оларда **мемлекеттік (жариялы) мүдде**, мемлекеттік басқарушылық ерік тікелей көрініс табады. Соған сәйкес әкімшілік құқықтың пәнін анықтаған кезде атқарушы билік жүйесінің қызметімен тікелей байланысты болатын қатынастар басты назарда болуға тиіс. Ал мұндай қызмет атқарушы билікті жүзеге асыру жөнінде барлық қажетті мүмкіндіктері мен өкілеттіктері бар арнайы субъектінің болуын болжайды. Сондықтан, мемлекеттік басқару аясының шегі ең алдымен **арнайы субъектілердің**-тиісті басқарушылық қатынастардың қатысушыларының бар болуымен айқындалады.

Әкімшілік құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастарға атқарушы-өкім етуші өкілеттіктер берілген субъектінің қатысуы әрқашанда алдын ала көзделеді. Бұлар атқарушы биліктің органдары сондай-ақ солардың атынан іс-әрекет ететін **лауазымды адамдар**.

Атқарушы орган өзінің **басқарушылық құзыретін** қай кезде нақты жүзеге асыратын болса, тек сонда ғана ол атқарушы биліктің шынайы субъектісі болып табылады. Басқаша айтқанда, мына жағдай еске алынып отыр, ол өзінің құзыретінің мазмұнын құрайтын заңдық биліктік өкілеттіктерін іске асырады. Ал мұндай құзырет оған нақ сол мемлекеттік-басқарушылық қызметті жүзеге асыруға қабілетті болу үшін беріледі.

Әкімшілік құқықтың мәнін құрайтын қатынастармен салыстырғанда құқықтық реттеу әдістері реттеудің қандай да бір заңдық режимнің мәнін білдіреді, оның өзегі болып табылады.

Әкімшілік құқықтың мәніне мына қатынастарды жатқызуға болады:

- атқарушы билік органдарының ұйымдастыруымен байланысты;
- әкімшілік-билік өкілеттігін жүзеге асыру және әкімшілік-билік органдарының азаматтармен, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен өзара байланысы барысында туындайтын;
- әкімшілік-деликтік сипаттағы;

Қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу әдісі деп әкімшілік құқық қатынасқа ықпал ететін тәсілдердің, құралдардың, амалдардың жиынтығын түсінуіміз керек. Ол жиынтықты мыналар құрайды:

- А. Рұқсат ету -адамдардың өздерінің белсенді әрекетін жасауға құқық беру;
- В. Тыйым салу – белгілі бір әрекеттерді жасаудан тартынуын талап ету;
- С. Позитивтік міндеттеу-адамдарға олардың тиісті мінез-құлық көрсету міндетін жүктеу.

Жария мүдделерінің өрісінде өзіндік ерекшелік бар, ол қорыта келгенде реттеудің тәсілдерін, құралдарын және амалдарын таңдауға ықпал етеді. Императивтік реттеудің әдістерін таңдау жекелеген азаматтардың өзара түсінік арқылы басқалардың мүдделеріне деген ойын еркін білдіруін, мемлекет әкімшілігінің әкімшілік құқықтың ұжымдық және жеке субъектілерімен ынтымақтастығын қамтамасыз етуді көздейді.

Әкімшілік құқық реттеушілік функциясын жүзеге асыра отырып, осы мақсат үшін басқарушылық қоғамдық қатынастарға, яғни солардың қатысушыларының мінез-құлқына реттеушілік ықпал жасаудың құқықтық құралдарының немесе тәсілдерінің белгілі бір жиынтығын пайдаланады. Бұл-қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің **әдістері**. Жалпы құқық теориясы тұрғысынан Қазақстан құқығының кез-келген саласының құқықтық реттеу құралы ретінде төмендегі заңдық мүмкіндіктерді пайдаланатындығы жеткілікті түрде сенімді етіп дәлелденген: **нұсқама(міндеттеу), тыйым, ерік беру**. Олардың жиынтығы қоғамдық қатынастардың кез келген түріне құқықтық ықпал жасаудың мазмұнын құрайды.

Нұсқама (міндеттеу)-бұл тиісті құқық нормасымен осы нормада қаралған жағдайларда заңдық маңызы бар қандай да бір іс-әрекет жасауға тікелей заңдық міндет жүктеу.Мысалы,орталық және жергілікті атқарушы билік органдарына өздерінің нормативтік-құқықтық актілерін ҚР-ның Әділет министрлігінде және оның жергілікті органдарында тіркеу міндеті жүктелген.

Тыйым - шындығында бұл да нұсқама,бірақ заңдық мазмұны басқа Оның мағынасы мынада,құқық нормасы өзінің адресаттарын (жолданатындарына) осы нормамен қаралған жағдайларда заңдық маңызы бар белгілі бір іс-әрекеттерді жасаудан бас тартуға тікелей заңдық міндет жүктейді.

Ерік беру - бұл осы нормамен қаралған жағдайларда заңдық маңызы бар қандай да бір іс-әрекеттерді өзінің қалауы бойынша жасауға немесе оларды жасаудан бас тартуға заңды түрде рұқсат беру.

Әкімшілік құқық жүйесінің қайнар көздерін зерттеу

“Әкімшілік құқық жүйесінің” ұғымы жөнінде заң ғылымында әр түрлі көзқарастар бар екенін еске сала кеткен жөн.Жалпы теориялық тұрғыдан алғанда құқықтың кез келген саласы мынадай түзілістен тұрады:құқық саласы-саланың бөлігі-құқықтық институттар-құқықтық нормалар.

Дәстүр бойынша заң ғылымында әкімшілік құқықты екіге,**жалпы және ерекше** бөліктерге бөледі.Әкімшілік құқықты **оқулық пән** ретінде құрудың негізіне осылай бөлу алынған.

Әкімшілік құқық ҚР-сы құқық жүйесінің саласы ретінде құқықтық нормалардың үлкен көлемді жиынтығы,олардың мақсаты басқарушылық қоғамдық қатынастарды реттеу болып табылады.Бұл қатынастар әр түрлі және әкімшілік-құқықтық реттеудің әр түрлі көлемі болуына байланысты,оларды белгілі бір шамада жүйелеуге болады,соның нәтижесінде әкімшілік-құқықтық нормаларды бірыңғай кешендер бойынша топтастыру жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында әкімшілік құқықтың қайнар көздері ретінде көптеген нормативтік актілер бар.

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы,1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған,құқықтың барлық көздерінің арасындағы оның алатын орны ерекше.

2.Қазақстан Республикасының әкімшілік бұзушылық туралы Кодексі,нормативтік қорыту жасаудың құралы және құқықтың өз құрылымының функционалды факторы болғандықтан,әкімшілік құқық бұзушылық туралы әкімшілік заңнама жүйесіндегі біріктіруші бастау болып табылады.

3.Конституциялық заң-Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген мәселелер бойынша,әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екі даусымен қабылданатын заң.

4.Парламент шығаратын,референдум тәртібінде шығатын және Конституцияда көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының Президенті шығаратын заңдар.

5.Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлықтары,заң күші бар жарлықтар,мемлекет басшысының жарлықтары.

6.Заң күшіндегі нормативтік актілер нақты сипат алған мәселелерді реттеу үшін қажет,себебі күшіндегі заңнама,оның ішінде Конституцияда,барлық позицияны шеше алмайды.Заң күшіндегі актілерге Парламент және оның палаталары шығарған,Президент шығарған,атқарушы билік органдары қабылдаған заң актілері жатады.

Әкімшілік-құқықтық институттар-әкімшілік құқықтың жалпы жүйесінің аса маңызды бөлігі қалыптасады.Олардың ішінде жалпы сипаты бар басқарушылық қатынастарды,атап айтқанда:азаматтар мен олардың әр түрлі бірлестіктерінің әкімшілік-құқықтық мәртебесін;атқарушы билік субъектілерінің әкімшілік-құқықтық мәртебесін;атқарушы билік жүзеге асырудың әдістерін;басқарудың-құқықтық нысандарын;мемлекеттік-

қызметтік қатынастарды; әкімшілік мәжбүрлеу және әсіресе-әкімшілік жауапкершілікті; бақылау және қадағалауды реттейтін нормалар болады.

Әкімшілік құқықтың жүйесі туралы айтқанда тағы бір елеулі жағдайды еске алмасқа болмайды. Ол бірте-бірте қалыптасып және заңдық маңыздылығы барған сайын артып келе жатқан **әкімшілік іс жүргізу** құқығы институты.

Сонымен, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы дегеніміз-нормативтік-құқықтық актілерде, мемлекет мойындаған басқа құжаттарда бекітілген, әкімшілік құқық субъектілерінің рұқсат етілген заңды және заңсыз іс-әрекеттерінің мемлекеттік-биліктік критерийі болып табылатын әкімшілік-құқықтық жалпыға міндетті нормалардың жүйесі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 05.07.2014 ж.
2. Мельник Р.С. Общее административное право Республики Казахстан: учебник. В 3 томах. Т.1. Введение в теорию. - Алматы : LEM, 2023. - 340 с.
3. Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: NURPRESS, 2015.
4. Исабеков А.Қ., Қусаинов Д.Ө. Әкімшілік құқық. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті, 2013.
5. Таранов А.А. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Академиялық курс. Алматы. 2003.
6. Баянов Е. Әкімшілік құқық. Алматы. 2007.
7. Баянов Е. Әкімшілік құқықтың схемалар бойынша анықтамалары. Алматы. 2002.

Дәріс №2

Тақырыбы: Әкімшілік-құқықтық нормалар және әкімшілік-құқықтық қатынастар.

Әкімшілік-құқықтық нормалардың түсінігі және ерекшеліктері

Құқық нормалары өзінің заңдық мазмұны бойынша мемлекеттің тағайындаған беолігі бір мінез-құлықтың ережелері болып табылады. Әкімшілік құқық, құқықтың басқа да салалары сияқты, заң нормаларынан тұрады. “Әкімшілік норма” ұғымын мына мазмұнда қолдануға болады:

- 1) ережелерде белгіленген негізінде басқару
- 2) заңдастырылған ережелер негізінде басқару

Әкімшілік-құқық нормалары дегеніміз-орынды, заңмен рұқсат етілген іс-әрекеттің мемлекеттің билік органдары (заң шығару, атқару) белгілеген және атқару билігі өрісіндегі қоғамдық қатынастарды реттейтін ережелері. Әкімшілік-құқықтық нормалар, сонымен, мемлекет тағайындайтын мінез-құлықтың ережелері болып табылады, олардың мақсаты атқарушы билік механизмінің қызметі аясында пайда болатын, өзгертілетін және тоқтатылатын қоғамдық қатынастарды реттеу.

Әкімшілік-құқық нормалары атқарушылық билікті жүзеге асырудың күрделі процестерімен өзара байланыста болады. Биліктің шоғырланған сипаты билік пен бағыныштылық арасындағы қатынастан көрініс табады. Бұл тұжырым әкімшілік құқық және басқару жөніндегі көптеген жұмыстарда айтылады.

Басқарушылық қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу мемлекеттік басқару аясындағы олардың қатысушыларының тиісті мінез құлқының шекарасын айқындайтын

әкімшілік – құқықтық нормалардың көмегімен жүзеге асырылады. Оларда әкімшілік құқықтың реттеушілік рөлі тікелей көрініс табады. Әкімшілік құқықтық нормалардың реттеушілік міндеті мынадан көрініс табады, олар атқарушы билік органдарының, лауазымды адамдардың, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, сондай ақ азаматтардың мемлекеттік басқару аясында жасайтын іс әрекеттері қашан және қандай шарттарды сақтаған жағдайларда заңдылықтың талаптарына дәл сәйкес болатынын белгілейді. Сонымен бірге әкімшілік құқықтық нормаларда қандай іс әрекеттерді жасауға болатындығы, қандайларынан бас тарту тиіс екендігі көрсетіледі. Әкімшілік құқықтық нормаларда кез келген құқықтық нормаға тән болатын қасиеттер көрініс табады. Соған сәйкес олар реттелетін қоғамдық қатынастардың қатысушыларының міндеттері мен құқықтарын, сондай ақ құқықтарды бұзған және міндеттерді орындамаған жағдайда олардың жауапкершілігін белгілейді. Әкімшілік құқықтық нормалар тек азаматтардың мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдарының реттелетін басқарушылық қатынастар аясындағы құқықтарын ғана емес, сонымен бірге атқарушы органдардың белгілі бір іс әрекеттерді жасауға тыйым салуды да, сондай ақ олардың қатынастың екінші тарабының құқықтарын елемеген үшін жауапкершілігін де қамтиды, олардың **заңдық кепілдіктерін** де бекітеді. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес биліктің бірден бір көзі халық болып табылады, ол билікті тікелей өз өкілдері немесе арнайы құрылған органдар арқылы жүзеге асырады. Әкімшілік құқықтық нормалардың көпшілігі атқарушы билік органдарына **арналады**. Әкімшілік құқықтық нормалардың ерекшеліктері туралы айтқанда, бірқатар өзге маңызды мән жайларды ескермеуге болмайды. Мысалы, олар тікелей атқарушы билікті жүзеге асыру процесінде және ерекше маңыздысы сол оның субъектілерінің өздерімен айтарлықтай жиі белгіленеді. Әкімшілік құқықтық нормалар өздеріне **қол сұғудан (олардың талаптарын орындамау немесе адал орындамау) қорғанудың өзіндік заңдық құралдарымен** қамтамасыз етілген. Бұл жерде, қағида бойынша соттан тысқары да болатын әкімшілік жауапкершілік еске алынып отыр. Әкімшілік құқықтық нормалар көптеген жағдайларда, құқықтың өзге салаларымен реттелетін қоғамдық қатынастардың тек қорғаушысы ретінде ғана емес, **реттеуші** рөлін атқара алады. Әкімшілік құқықтық нормалардың құрылымын алатын болсақ ол дәстүрдегідей: гипотеза, диспозиция және санкция. Әкімшілік құқықтық норманың гипотезасы заңдық айғақ түрінде болуы мүмкін. (мысалы, қызмет туралы контракт жасау, белгілі бір жасқа толу). Диспозицияда міндеттейтін, ерік беретін, тыйым салатын сипаты бар мінез құлық ережесінің өзі болады, соған сәйкес құқыққатынастың қатысушылары іс әрекет жасайды. Ал әкімшілік құқықтық норманың санкциясы әдетте жауапкершілік шарасын (әкімшілік немесе тәртіптік) немесе әкімшілік мәжбүрлеудің өзге шарасын қарайды. (мысалы, адамды әкімшілік ұстау). Әкімшілік құқықтық нормада санкцияның болмауы да мүмкін.

Бұрын әкімшілік-құқық нормаларының жалпыға міндеттілік сипаты басшылықты бір орталықтан жүргізу қажеттілігіне негізделген болатын, себебі бүтіндей ел бір тұтас ағза іспеттес еді. Қоғамының әлеуметтік құрылысы өзгерген жағдайда демократиялық, құқықтық мемлекет құруға алғышарт жасалынады, тек жекеленген басқарушылық міндеттердің ғана емес, атқару билігінің кешенді қайта құрылуының шешімдерін де белсенді іздестіру қажет.

Сонымен, әкімшілік-құқық нормалары мемлекеттің заң шығару және атқару органдарының билігін көрсетудің нәтижесі болып табылады.

Әкімшілік – құқықтық нормалардың түрлері

Әкімшілік-құқық нормаларын әртүрлі өлшемдер бойынша топтастырып, солар арқылы оларды түр-түрге бөлуге болады. Әкімшілік құқықтық нормалары өздерінің реттеушілік бағыттылығына және заңдық мазмұнына байланысты бірнеше топқа бөлінеді:

1. Заңдық биліктің нұсқамалардың мақсаттарына сәйкес келетін олардың екі түрін бөлуге заңды түрде басты орын беріледі. Олар материалдық және процессуалдық нормалар.

Материалдық әкімшілік құқық нормалар реттелетін қоғамдық қатынастардың қатысушыларының міндеттерінің, құқықтарының кешенін, жауапкершілігін, яғни шындығында олардың **әкімшілік құқықтық мәртебесін** бекітеді. Әкімшілік құқықтың **процессуалдық** нормалары басқарушылық қатынастарға қатысушылардың оларға материалдық құқық нормаларымен бекітілген міндеттер мен құқықтарды іс жүзінде жүзеге асырудың тәртібін белгілейді. Бұл енді басқарушылық қатынастардың **динамикасы**.

2. Нақты **заңдық мазмұны** бойынша топтастыру. Ол практикада пайдаланылатын әкімшілік құқықтық реттеу әдістерінен туындаған:

міндеттейтін белгілі бір іс әрекеттерді міндетті түрде жасауға заңдық биліктік нұсқама бар нормалар. Мысалы, мемлекеттік қызметшіні жұмысқа алғанда атқарушы органның басшысы бұйрық шығаруға міндетті. **Тыйым салатын** осы нормамен қаралған белгілі бір әрекеттерді жасауға тыйым салатын заңдық биліктік нұсқама бар нормалар. Бұған әкімшілік құқық бұзушылық құрамын қарайтын әкімшілік құқықтық нормалар жатады. **Уәкілеттік беретін** немесе ерік беретін яғни нормаларда қаралған шарттар шегінде өз қалауы бойынша іс әрекет жасау мүмкіндігі қаралған әкімшілік құқықтық нұсқамалар. **Ынталандыратын** (көтермелейтін) яғни бұл сияқты нормаларда басқарушылық қатынастардың қатысушыларына олардың тиісті мінез құлқын қамтамасыз ету мақсатында материалдық немесе моральдық ықпал жасаудың тиісті құралдары бекітіледі. **Ұсынылатын** нормалар, солардың көмегімен реттелетін қоғамдық қатынастардың қатысушыларына тиісті міндеттерді шешудің неғұрлым тиімді түрі ұсынылады. Бұл сияқты нормалар, әдетте бақылау қадағалау функцияларын жүзеге асыратын органдарға және олардың лауазымды адамдарына арналады.

3. Әкімшілік құқықтық нормалар кімдерге арналғандығы бойынша топталуы мүмкін: азаматтардың әкімшілік құқықтық мәртебесін, атқарушы билік органдарын ұйымдастыру мен қызметін, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайын, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің қызмет атқаруының негіздерін, әр түрлі коммерциялық, оның ішінде жеке меншіктік құрылымдардың ұйымдастырылуы мен қызметін, қоғамдық бірлестіктердің әкімшілік құқықтық мәртебесін регламенттейтін нормаларды бөлуге болады.

4. **Көлемі** бойынша мыналарға бөлуге болады: **жалпы болатын** мемлекеттік басқарудың барлық аялары мен салаларына күші болатын нормалар, бұлар Президенттің жарлықтарында және Үкіметтің қаулыларында болады. **Салааралық** мемлекеттік басқарушылық қызметтің қандай да бір жақтарын регламенттейтін нормалар, **Салалық** яғни салалық құзіретті атқарушы органдарға бекітілген аяның шегінде пайда болатын басқарушылық қатынастардың қандай да болмасын жақтарын регламенттейтін нормалар.

Әкімшілік құқықтық қатынастар: ұғымы, түрлері, ерекшеліктері

Әкімшілік-құқықтық қатынастар, әдетте, мемлекеттік басқару өрісінде, әкімшілік құқықтың нормаларымен реттелген қоғамдық қатынастар деп қарастырылады. **Әкімшілік құқықтық қатынас** әкімшілік құқықтық нормамен реттелінген басқарушылық қоғамдық болып табылады, онда тараптар әкімшілік құқықтық нормамен белгіленген және кепілденген өзара байланысты құқықтық міндеттерді иеленушілер ретінде болады. Бұл құқықтық қатынастардың тараптары Қазақстанның азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындар мен мекемелер, мемлекеттік қызметшілер, атқарушы билік органдары болуы мүмкін. Әкімшілік құқықтық қатынастар өзге құқықтық қатынастармен салыстырғанда **биліктік қатынастар**, олардың тараптарының заңдық тепеңдігі болмайды. Олай болатын себебі әкімшілік құқықтық қатынас оған екінші тарапта болмайтын өкілеттіктері бар атқарушы биліктің тиісті өкілінің (атқарушы органның, лауазымды адамның

)қатысуынсыз болуы мүмкін емес. Бұл белгі мемлекеттік басқарушылық қызметтің аса маңызды артықшылығымен айқындалған. Әкімшілік құқықтық қатынастарда атқарушы билік көрініс табады, олардың тараптарының бірі ретінде әрқашанда ерекше субъектісі болады. Бұл әкімшілік құқықтық нормалармен айқындалатын атқарушы органдар (лауазымды адамдар), осы нормалар атқарушы биліктің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін оларға қажет болатын биліктік өкілеттіктердің тиісті көлемін бекітіп береді. Тек осылардың қолында ғана билік бірыңғай басқарушылық ерік түрінде шоғырланады, сөйтіп оларды бір мезгілде басқа тарапқа қатысты жөнінде басым болатын жағдайға келтіреді. Сондықтан әкімшілік құқықтық қатынастың айрықша субъективтік көрінісі бар, яғни онда басқа тарапқа арналатын тиісті ерік білдірушіліктерді тұжырымдайтын субъектісі болады. Шындығында мұның бәрі мынаны білдіреді, әкімшілік құқықтық қатынастарда мемлекеттің еркі мен мүддесі, басқа сөзбен айтқанда жариялы құқықтық, яғни, мемлекеттік мүде тура және тікелей көрініс табады. Әкімшілік құқықтық қатынастар мемлекеттің басқарушылық мақсаттары мен міндеттерін қамтамасыз етумен тікелей байланысты. Бұл қатынастардың да барлық өзге құқықтық қатынастар сияқты өзінің объектісі болады, оны түсіну мемлекеттік басқарушылық қызметтің мән мағыналық ерекшеліктерімен байланысты, атап айтқанда, басқару әрқашанда еріктің бірінің біріне бағыныштылығын болжайды. Іс жүзінде, бұл бірлескен қызметтің қатысушыларының рекін бірыңғай басқарушы ерікке бағындыруын білдіреді. Бір жағынан басқару субъектісінің беділі немесе үстем болатын еркі, ал екінші жағынан, реттелетін басқарушылық қатынастарға барлық өзге қатысушыларының еркін соған бағындыру, осы себептен де бұл қатынастардың биліктік сипаты сонымен бірге билік басқарушылық процестерді еріктілікпен реттеудің құралы болып табылады. Бірақ бұл процестерге еркі мен сана сезімдері бар адамдар қатысады, нақ солар әкімшілік құқықтық нормалармен міндеттелген белгілі бір іс әрекеттерді жасайды неіесе олардан бас тартады. Ал осыдан келіп, шығатыны, әкімшілік құқықтық қатынастардың объектісі атқарушы билікті жүзеге асыру аясындағы басқарылатындардың еркі, сана сезімі және солар арқылы болатын мінез құлқы болып табылады. Әкімшілік құқықтық қатынас өзінің мәні бойынша басқарушылық бола отырып, оның пайда болуы, өзгертілуі немесе тоқтатылуы үшін кең аясы бар. Бұл мемлекеттік басқару аясы, оның ұғымы, шегі бұрын да, қазіргі кезеңде де атқарушы билікті іске асыру жөніндегі практикалық қызметтің көлемімен және бағыттылығымен анықталады. Тағы бір ерекшелігі, екінші тараптың тілегіне немесе келісіміне қарамастан да пайда болуы мүмкін. Әкімшілік құқықтық қатынастардың тараптарының арасында әр түрлі даулар болуы мүмкін. Мысалы азамат атқарушы органдардың өзі жөнінде жасаған іс әрекеттерімен келіспеуі мүмкін, заңды тұлғалар да олардың іс әрекеттерімен дауласуы мүмкін. Бұл сияқты дауларды шешу, әдетте, **әкімшілік**, яғни **соттан тысқары** тәртіппен жүзеге асырылады. Бұлай шешу өкілетті атқарушы органның даудың мәселесі бойынша біржақты заңдық биліктік шешім қабылдаудан көрініс табады. Даудың мәселесі көпшілігінде дауласатын басқарушылық іс әрекеттердің немесе шешімдердің заңдылығы болып табылады. Қолданылып жүрген заңнамалар әкімшілік құқықтық даулардың не дербес (мысалы, ҚР-сы Конституциясының 13-б. 2-т. негізінде шағымдану), не баламалы (әкімшілік жазалар тағайындау туралы қаулыларға шағымдану жоғары тұрған атқарушы органға да, сондай ақ сотқа да шағым беруге болады) ретінде қарау мен шешудің сот тәртібін қараған. Сонымен, әкімшілік құқықтық қатынастар тараптарының арасындағы әкімшілік құқықтық даулар көпшілігінде атқарушы биліктің өкілетті субъектілерінің өздеріне тиісті заңдық биліктік өкілеттіктерін жүзеге асыру жолымен шешіледі. Әкімшілік құқықтық қатынастар тараптары әкімшілік құқықтық нормалардың талаптарын бұзған үшін жауапкершілікте болады. бірақ азаматтық құқықтық қатынастарға тән болатын бірі бірінің алдында емес. Кінәлі тарап уәкілетті атқарушы органның алдында жауапты болады. осындай тәртіппен, мысалы, тәртіптік және әкімшілік жауапкершілік пайда болады. Заңда қаралған жағдайларда жауапкершілік сот тәртібімен де болуы мүмкін. Мысалы, бірқатар әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған үшін. Сонымен әкімшілік құқықтық қатынас

тарабының жауапкершілігі мемлекет алдында оның тиісті органдары, атқарушы орган не сот, арқылы пайда болады. мұндай тәртіп мынаған байланысты, әкімшілік құқықтық нормаларды бұзу жариялық құқықтық мүдделерге қол сұғады, оларды, қашанда белгілі, тек мемлекеттік органдар ғана білдіруге қабілетті.

Әкімшілік құқықтық қатынастағы заңдық фактілер

Әкімшілік құқықтық қатынастар пайда болу, өзгертілу немесе тоқтатылу үшін әкімшілік құқықтық нормалармен қаралған шарттардың болуы талап етіледі. Бұлар **заңдық айғақтар**, яғни мән жайлар, әкімшілік құқықтық норма тиісті тараптардың арасында нақты құқықтық қатынастардың пайда болуын солармен байланыстырады. Әкімшілік құқықта заңдық айғақтарды **еріктілік** белгісі бойынша әрекетке және оқиғаға бөледі. **Іс әрекет-** әкімшілік құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі бар қандай да бір субъектінің белсенділікпен ерік білдіруінің нәтижесі. Олар заңды және заңсыз болулары мүмкін. **Заңды іс әрекеттер** әкімшілік құқықтық нормалармен белгіленген мінез құлықтың ережелеріне толығынан сәйкес келеді. Олар **заңды қылықтарға** және **заңды актілерге** бөлінеді. Заңдық айғаққа-заңды іс әрекетке мына жағдай мысал бола алады: азаматтың кәсіпкерлік ретінде тіркелі үшін қажетті құжаттарды беру, бұл азамат пен тіркеу жүргізетін әділет органының арасында нақты әкімшілік құқықтық қатынастар туғызуға келтіреді.

Әкімшілік-құқықтық қатынастардың туындауы, өзгеруі және қасқаруы үшін негіздеме ретінде заң фактілері алынады, олар тараптар арасында нақты құқықтық қатынастардың туындауы тиіс мән-жайлардың нормасымен белгіленеді. Әрекеттер мен оқиғалар заң фактілері деп танылады.

Заңдық айғақтар заңды іс әрекеттер болып атқарушы билік органдары шығаратын жеке дара құқықтық актілері де табылады. Бұл сияқты актілер, мысалы, әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы, ол атқарушылық іс жүргізу үшін негіз болады, мемлекеттік қызметтік қатынастарды өзгерту үшін негіз болатын мемлекеттік қызметшіні басқа лауазымға ауыстыру туралы бұйрық. Мына сияқты жеке дара құқықтық акт, мысалы, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі тоқтату жөніндегі қаулы құқық тоқтататын заңдық айғақ болып табылады. Заңдық айғақтар – **заңсыз іс әрекеттер** әкімшілік құқықтық нормалардың талаптарына сай келмейді, оларды бұзады. Бұл мемлекеттік басқару аясы үшін неғұрлым аса тән болатын тәртіптік теріс қылық немесе әкімшілік құқық бұзушылық. Олар әкімшілік юрисдикциялық құқықтық қатынастардың пайда болуына кедергі келтіреді. Сондай ақ **әрекетсіздік** те заңсыз болуы мүмкін. **Оқиғалар** – бұл адамның еркіне байланысты құбылыстар, мысалы, өлім, табиғи апат.

Әкімшілік-құқықтық қатынастардың түрлері. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың объектісі және субъектісі.

Әкімшілік-құқықтық қатынастар неше түрлі. Олардың түрлерге бөлінуі құқықтық нормаларды топтастыруға ұқсайды, себебі құқықтық нормалар қоғамдық қатынастардағы нормалардың жалғасы, проекциясы іспеттес. Әкімшілік құқықтық қатынастар өзінің сипаты, мазмұны және бағыттылығы бойынша әр түрлі болады. Оларға тән заңдық биліктік элемент те әртүрлі көрініс табады. Осыларды ескере отырып, әкімшілік құқық ғылымы тұжырымдаған кейбір белгілер бойынша оларды **түрлеп топтастыруға** болады, бұл орайда ең алдымен **басқарушылық байланыстардың сипатын** анықтау ерекше маңызды. Осы тұрғыдан мыналарды бөлуге болады:

1. **Атқарушы биліктің мән мағынасын тікелей көрсететін** қатынастар, бұндай қатынастардың шегінде атқарушы биліктің тиісті субъектісі осы қатынастардың басқарылатын қатысушыларының мінез құлқына тікелей реттеушілік ықпал жасауды жүзеге асырады.

2. **Тікелей басқарушылық ықпал жасау шегінен тысқары қалыптасатын** , бірақ оны жүзеге асырумен байланысты қатынастар. Олардың бірінші – әкімшілік құқықтық қатынастардың негізгі түріне қатысты алғанда көмекші маңызы бар. Шындығында бұл жерде негізгі және негізгі емес басқарушылық байланыстар туралы айтылып отыр, яғни, сатылас және деңгейлес қатынастар. Оларды бұлай бөлудің негізіне олардың қатысушыларының өзара қарым қатынасының заңдық сипаты алынған. **Сатылас** әкімшілік құқықтық қатынастар негізінен мемлекеттік басқару аясына тән, өйткені әкімшілік құқықтық реттеудің мазмұнын, сондай ақ мемлекеттік басқарушылық қызметке тән басқарушылық байланыстарды ең толық дәрежеде білдіреді. Олардың мәні мынада : қатынастың бір тарабында, оның өзге тарабында болмайтын, заңдық биліктік өкілеттіктер болады. Сатылас әкімшілік құқықтық қатынастардың барлық түрлерінде басқарушылық байланыстардың басты белгісі , яғни тараптардың заңды түрдегі теңсіздігі айқын көрініс табады. Сатылас әкімшілік құқықтық қатынастар тараптарының заңды түрдегі теңсіздігі өзінің көрінісін бір тараптың өзге тарапқа заңды түрде тәуелділігінен табады, яғни бір тараптың өзге тарапқа бағындырылуын болжайды. Сонымен сатылас әкімшілік құқықтық қатынастар үшін олардың шеңберінде тікелей басқарушылық ықпал жасауды жүзеге асыру және бір тараптың, яғни мемлекеттік басқарушылық қызмет субъектісінің заңды түрде көрініс тапқан еркінің басым болатын маңызы тән. **Деңгейлес** әкімшілік құқықтық қатынастар деп тек тараптары шындығында және заңды түрде тең құқылы болатын қатынастар ғана түсініледі, яғни оларда бір тараптың екінше тарапқа міндетті болатын заңдық биліктік әмірі болмайды. Нақты қатынасты деңгейлес деп тану үшін мынадай маңызды мән жайларды ескеру керек. Ең алдымен қатынастың бір тарабының басқасына қандай да болмасын нысанда заңды түрдегі тәуелділігі болмауы тиіс. Сонымен, бұндай қатынастарда бір тараптың екінші тарапқа арналған ерік білдірулерінің қандай да болмасын заңдық биліктік көрінісі міндетті түрде болмауға тиіс.

Әкімшілік-құқықтық қатынастардың өзіндік нақты айқын құрылымы болады. Бұл мәселе осы кезге дейін дау туғызып келгенмен, құқықтық қатынастар құрамы мына элементтерден тұратындығында ешкімнің таласы жоқ, олар: құқықтық қатынастар **субъектісі** (қатысушысы), **объект** (құқықтық қатынастың қол жеткізуге ұмтылған мақсаты), және іс жүзіндегі (немесе материалдық) және заң жүзіндегі **мазмұны**.

Нормаларға сәйкес құқықтар мен міндеттер жүктелген адам құқықтық қатынастар субъектісі (қатысушысы) бола алады. Әкімшілік құқықтың түрлік нормаларымен анықталынатын субъектілеріне қарағанда құқықтық қатынастар субъектісі әрқашан да нақты.

Әкімшілік құқықтық қатынастың объектісі (мақсаты) - әр-қашанда мемлекеттік басқару өрісінде өзара жөнділікке және келісімшілікке қол жеткізу.

Іс жүзіндегі (материалдық) мазмұн дегеніміз, ол тараптардың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыратын тұлғалардың нақты әрекеттері, ал субъективтік құқықтар мен міндеттер заңдық мазмұнға жатады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 05.07.2014 ж.
2. Мельник Р.С. Общее административное право Республики Казахстан: учебник. В 3 томах. Т.1. Введение в теорию. - Алматы : LEM, 2023. - 340 с.
3. Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: NURPRESS, 2015.
4. Исабеков А.Қ., Қусаинов Д.Ө. Әкімшілік құқық. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті, 2013.
5. Таранов А.А. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Академиялық курс. Алматы. 2003.
6. Баянов Е. Әкімшілік құқық. Алматы. 2007.

7. Баянов Е.Әкімшілік құқықтың схемалар бойынша анықтамалары. Алматы. 2002.
8. Бахрах Д.Н. Административное право. М.: БЕК. 1993.

Дәріс №3

Тақырыбы: Басқарудың әкімшілік-құқықтық нысандары және әдістері

Нысан (форма) жалпы ғылыми тұрғыдағы түсінігінде белгілі бір құбылыстың немесе белгілі бір іс-қимылдардың мазмұнының сыртқы көрінісі болып табылады. Мысалы, оқыту процесі – қызметінің мазмұны лекция оқудан, практикалық сабақ өткізуден, тиісті тәжірибемен таныстырудан, т.б. (оқыту нысандарынан) көрініс табуы мүмкін.

Мемлекеттік басқару аясында көптеген адамдардың, ұйымдар мен органдардың қызметі жүзеге асырылады. Бұл аяда атқарушы биліктің міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері жүзеге асырылатын болғандықтан, мемлекеттік биліктің бұл тармағының субъекттері қызметі нысандарының проблемасы бірінші орынға шығады. Осы нысандарды білу арқылы мемлекеттік - басқарушылық қызметтің өзін - әкімшілік құқықтың негізгі субъектісін тереңірек түсінуге мүмкіндік туады.

Мемлекеттік билік өзінің кез-келген көрінісінде өзінен-өзі іске асырылмайтыны белгілі. Өзін заң шығару, сот, атқару түрінде көрсету үшін ол іс-әрекет жасау керек. Нақ осындай іс-әрекеттерде биліктің осы тармағының тиісті субъектілерінің мазмұны мен мақсат - міндеті көрініс табады. Аталған субъектілердің істейтін әр түрлі іс-әрекеттері, шын мәнінде, басқару жөніндегі қызметтің мазмұнын білдіреді, басқарушылық міндеттердің іс жүзінде қалай шешіліп жатқаны, басқару функцияларының қалай орындалып жатқаны, яғни мемлекеттік басқарушылық қызметтің қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы мағлұмат береді.

Атқарушы билік органдары өздерінің функцияларын тікелей мемлекет атынан жүзеге асыратын болғандықтан, олардың сырт көрінісі болатын іс-қимылдары құқықпен реттеледі. Қандай да бір органның құқықтық жағдайын айқындайтын әкімшілік-құқықтық нормалар шындығында оның қызметінің нысанын да айқындайды. Сөйтіп олардың бәрі атқарушы билікті іске асыру процесінің мүддесіне бағынады.

Жоғарыда айтылғандар басқарушылық қызметтің нысаны (басқарудың нысаны) деп не түсініледі деген сұраққа жауап беруге мүмкіндік береді. Ол атқарушы органның (лауазымды адамның) өзінің құзыретінің шегінде жүзеге асыратын және белгілі бір салдарлар туғызатын сырт көрінісі бар іс-әрекеті болып табылады.

Бұл органдардың (адамдардың) нақты іс-әрекеттері өзінің сипаты, мақсат-міндеті және олардың тудыратын салдарлары бойынша айтарлықтай әр түрлі. Бұл орайда атқарушы биліктің қандай да бір субъектісінің тиісті объектіге тікелей басқарушылық ықпал жасауы көрініс табатын нысандар алғы шепке шығады.

Басқаша айтқанда, сырт көрінісі болуын бірінші кезекте сыртқы басқарушылық функциялар қажет етеді. Бұл түсінікті де, өйткені басқаша басқарудың мақсатына қол жеткізу мүмкін болмайды.

Әкімшілік-құқықтық сөздік қорда «нысан» атауының тағы бір түрін қолдану кездеседі. Бұл басқарудың ұйымдық-құқықтық нысандары. Олардың қаралып отырған басқару нысандарынан айырмашылығы, олар ретінде қандай да болмасын бір қызмет аумағында не аясында жұмыс істейтін атқарушы билік орган дарының әрқилы түрлері түсініледі. Мысалы, бұл ретте салааралық құзыреттің тиісті көлемі берілген атқарушы органдарды жобалап түсіне отырып, сала-аралық басқарудың ұйымдық-құқықтық нысандары туралы айтуға болады. Осындай жобада мемлекеттік басқарудың ұйымдық-құқықтық нысандары, мысалы сауда, денсаулық сақтауды және басқа объектілерді басқару туралы айтады.

Басқару нысандарының түрлері

Басқару нысандарының әртүрлілігін ескере отырып, олардың нақты түрлерін бөлуге болады. Басқарудың (мемлекеттік-басқарушылық қызметтің) нысан дары әртүрлі заңдық маңызы бар әкімшілік-құқықтық нормалармен реттеледі. Олардың кейбіреулері конституциямен (мысалы, ҚР-сы Үкіметіне қатысты), басқалары - заңға тәуелді актілермен (мысал, нақты атқарушы билік органдары туралы ережелермен, лауазым дық нұсқаулықтармен) регламенттелген.

Ішкі ұйымдастыру қызметі регламенттеуге жатады, бірақ ол қандай да болмасын атқарушы органдардың ішкі ұйымдастыру жұмысының шеңберімен шектеледі (мысалы, іс жүргізу туралы нұсқаулықтар).

Атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) құқық қол дану, құқық тағайындау және құқық қорғау функцияларын жүзеге асырумен байланысты қызметінің нысандары неғұрлым толық дәрежеде құқықтық регламентациялауды қажет етеді. Соған сәйкес басқарудың құқықтық және құқықтық емес нысандары бөлінеді.

Құқықтық нысандар әрқашанда сыртқы және айқын көрінісі заңдық салдарлар туғызады. Бұл атқарушы билік субъектілері кез келген іс-әрекеттері, оларды істеуге міндетті түрде құқықтық салдарлардың пайда болуына әкеп соқтырады. Оларда атқарушы билік объектілерінің ерекшелігі болып табылатын заңдық биліктік өкілеттіктері тікелей өзінің нақты көрінісін табады. Нысандардың бұл тобының осы қасиеттері басқарудың құқықтық актілерінде неғұрлым айқын көрініс табады.

Құқықтық емес нысандар тікелей заңдық салдарларға әкеп соқтырмайды, өйткені оларды істеу басқарудың құқықтық актілерін басқарумен байланысты емес. Мәселен, олар құқықтық нысандарға тән болатын (жеке-дара актлер шығару) әкімшілік-құқықтық қатынастар туғызбайды. Бұл құқықтық нысандарды қолдануға немесе оларды кейіннен іске асыруға көмектесетін әр түрлі ұйым дастырушылық іс-әрекеттер істеу.

Осыған байланысты әкімшілік-құқықтық әдебиеттерде ұсыныл ған басқарушылық іс-әрекеттердің нысандарын (басқару нысанда рын) құқықтық және құқықтық еместерге бөлу шеңберінен шыға тын топтастыру көңіл аударуға тұрарлық.

Мұндай топтастырудың мынадай түрі аса көрнекті:

- а) нормативтік құқықтық актлер шығару;
- ә) жеке-дара құқықтық актлер шығару;
- б) ұйымдастыру іс-әрекеттерін жүзеге асыру;
- в) заттық-техникалық жұмыстар орындау.

Мұндай топтастыруды бағалау керек, бірақ басқарушылық қызметтің нысандары мен әдістерін жиі шатыстыратын оның өзге де нұсқалары бар екендігін мойындаған жөн. Бұл орайда ең маңыздысы мынада, атқарушы билік субъек тілері басқарудың құқықтық актілерін шығарудан басқа өзгедей заңдық сипаты бар көптеген жұмыстар атқарады. Мәселен, заңнамамен белгіленген жағдайларда міндетті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады, жеке және заңды тұлғалар қызметінің белгілі бір түрлерін лицензиялайды, қандай да болмасын субъективтік құқық тарды ресми растайтын ресми құжаттар береді (мысалы, көлік құралдарын жүргізу құқығын), басқарушылық қатынастар қаты сушыларының мінез-құлқының белгіленген ережелерге сәйкес келуін бақылайды, әр түрлі келісімдер жасайды.

Осы сияқты басқарушылық іс-әрекеттердің тізбесінің өзінен-ақ барынша айқын мынадай қорытынды жасауға болады, олар заңдық тұрғыдан әсерсіз болып табылмайды. Олардың заңдық маңызды лығы ақиқат.

Басқарушылық қызмет нысандарын топтастыруға болатын тағы да бірнеше негіздер бар. Олардың ішінде қол жеткізілетін нәти желерге байланысты болатын түрлерін бірінші орынға қойған жөн. Бұл белгі бойынша жағымды реттеу мақсатында пайдаланылатын нысандарды (басқарушылық бағдарламаларды бекіту), сондай-ақ мемлекеттік басқару аясындағы келеңсіз жағдайларға мән беруді жүзеге асыруға көмектесетін нысандарды бөлуге болады. Бұлар (мысалы, әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі) юрисдикциялық нысандар.

Сонымен, атқарушы билік өзінің айқын көрінісін әр түрлі кеңестер мен семинарлар өткізу, іс жүргізу жұмысы түріндегі іс әрекеттерден таба алмайды. Оның мәнін тек құқықтық нысандар ғана көрсете алады. Осыған байланысты басқарудың құқықтық нысандар жүйесінде басқарудың құқықтық актілеріне заңды түрде басты рөл беріледі.

Әкімшілік-құқықтық шарттар

Әкімшілік-құқықтық нысандар қатарына соңғы жылдары атқарушы билік органдарының қатысуымен жасалатын келісімдерге негізделген әр түрлі басқару байланыстары жиі жатқызылатын болды. Оларды жинақтап, әкімшілік-құқықтық шарттар ретінде, мұндай термин заңдарда белгісіз болса да, сипаттайды. Олардың мәні туралы белгілі бір қорытындылар тұжырымдау үшін әзірге тұжырамдамалық негіз де жоқ.

Сонымен, әкімшілік-құқықтық шарттар проблематикасы жөнінде бірізді пікір жоқ. Мемлекеттік басқару аясында болатын келісімдердің (шарт тардың) мәні соншалық әр түрлі, сондықтан олар біркелкі түсіндіруі мүмкіндік бермейді: келісімдердің кейбір элементтері басқару процестерінің біріне-бірі бағынысты тараптар арасындағы, ал басқалары - біріне-бірі бағынысты емес арасындағы қатынас тардан табылуы мүмкін.

Сондықтан әкімшілік-құқықтық шарттардың шынайылығын ғана анықтау емес, сонымен бірге олардың не әкімшілік-құқықтық қатынастар жүйесіндегі, не атқарушы билікті жүзеге асыру нысан дары жүйесіндегі шын орнын белгілеуді қажет етеді.

Әкімшілік шарттар деп аталатындарды түсіндіру, негізінен, өзінің өте күмәнді анықтығымен айырылысады. Көпшілігінде былай деп айтады, атқарушы органдар мәмілелер жасайды, олар осы органдардың басқарушылық міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру құралдарының бірі ретінде қызмет ететін секілді. Ал шындығында бұл жерде әдеттегі азаматтық-құқықтық мәмілелер туралы айтылып отыр (мысалы, заттар мен құрал-саймандар сатып алу, зерттеу жұмыстарын жүргізу мәселелері жөнінде шарттар жасау).

Әлбетте, бұл сияқты келісімдердің атқарушы билікті жүзеге асырудың құқықтық нысандарына ешбір қатысы жоқ, өйткені атқарушы орган бұл жерде заңдық-биліктік өкілеттіктердің иесі мен білдірушісі ретінде болып табылмайды. Негізгі басқарушылық қызметке қатысты, оның мәніне әсер етпейтін, таза көмекші келісім екені айқын болып отыр. Бұл жерде әкімшілік-құқықтық байланыс тар да жоқ. Азаматтық-құқықтық шарттардан сырт көрінісі жағынан әкімшілік-құқықтық сипаты бар белгілі бір салдарлар пайда болуы мүмкін (мысалы, тасымалдау шартын бұзған үшін әкімшілік айып пұл); бірақ бұл пайда болатын қатынастарды және тіпті тасымалдау шартының өзін де әкімшілік-құқықтық санаттарға айналдырмайды.

Басқарудың құқықтық актілері

Басқарудың құқықтық актілері қызметінің негізгі нысаны болып табылады. Бұл актілердің рөлі мынамен айқындалады, солардың көмегімен аталған субъектілердің міндеттері, функциялары және өкілеттіктері, яғни олардың құзы реті тікелей жүзеге асырылады.

Бұл құқықтық актілерге тән болатын бірнеше ерекшеліктері бар. Олар басқарушылық шешімдердің заңдық түрі болып табы лады. Яғни бұл мынаны білдіреді, атқарушы орган (лауазымды адам) осындай акт қабылдай отырып, мемлекеттік басқару шегінде пайда болатын және оның құзырына жататын жалпы ортақ немесе жеке-дара мәселені шеше алады. Басқарудың актісі өзінің құқықтық мазмұны бойынша атқару шы билік субъектісінің біржақты заңдық биліктік ерік білдіруі болып табылады, онда, біріншіден, мемлекеттік-басқарушылық қызметтің биліктік мәні өзінің көрінісін табады және екіншіден, оның көмегімен атқарушы биліктің міндеттері мен функциялары іс жүзінде жүзеге асырылады.

Басқарудың құқықтық актісі бұйрықтық құжат, бұл онда бола тын нұсқамалар кімге арналса, соған заңды түрде міндетті болатын білдіреді. Олардың орындалуы, ішінара, осы нұсқамаларды орын даудан жалтарғаны немесе дұрыс орындамағаны үшін заңдық жауапкершілік қаупімен қамтамсыз етіледі. Басқарудың құқықтық актілерінің заңдық мазмұнына мына жайт олар мемлекеттік басқару аясында қажетті мінез-құлықтың

ережелерін (әкімшілік-құқықтық нормаларды) белгілей алады немесе нақты әкімшілік-құқықтық қатынастар туғызатын заңдық айғақ рөлінде болуы мүмкін.

Мәселен, министрдің немесе орталық атқарушы билік органы басшысы бұйрығы осы органға тапсырылған қызмет аясында болатын барлық органдар, лауазымды адамдар, кәсіпорындар мен мекемелер үшін міндетті болатын ережелер белгілей алады. Оның біреуді министрліктің аппаратындағы қызметке тағайындау туралы бұйрығы да нақты мемлекеттік қызметтік құқықтық қатынас туғызады.

Басқарудың кез келген түрдегі құқықтық актілері заңға тәуелді, яғни өкілетті атқарушы органдар (лауазымды адамдар) ҚР-ның Конституциясына, өзге заңнамалық актілерге сәйкес және олардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында шығара алады. Сонымен, басқарудың құқықтық актісі деп мемлекеттік-басқа рушылық қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру мақсатында әкімшілік-құқықтық нормалар тағайындауға немесе әкімшілік-құқықтық қатынастар туғызуға, өзгертуге және тоқтатуға бағытталған өкілетті атқарушы билік субъектісінің заңға негізделген біржақты заңдық биліктік ерік білдіруі түсініледі.

Басқарудың құқықтық актілері әр түрлі белгілер бойынша топтастырылуы мүмкін, бұлардың ішінде ең маңыздысы олардың заңдық қасиеттері. Соларға сәйкес оларды нормативтік және жеке дара актілерге бөлуге болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 05.07.2014 ж.
2. “Құқықтық актілер туралы” Қазақстан Республикасының Заңы 06.04.2016 ж. № 480-V ҚРЗ.
3. Мельник Р.С. Общее административное право Республики Казахстан: учебник. В 3 томах. Т.1. Введение в теорию. - Алматы : LEM, 2023. - 340 с.
4. Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: NURPRESS, 2015.
5. Исабеков А.Қ., Қусаинов Д.Ө. Әкімшілік құқық. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті, 2013.
6. Таранов А.А. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Академиялық курс. Алматы. 2003.
7. Баянов Е. Әкімшілік құқық. Алматы. 2007.
8. Баянов Е. Әкімшілік құқықтың схемалар бойынша анықтамалары. Алматы. 2002.
9. Бахрах Д.Н. Административное право. М.: БЕК. 1993.

Дәріс №4

Тақырыбы: Әкімшілік мәжбүрлеу

Мемлекеттік мәжбүрлеу ықпал етудің тәкелей объектісіне байланысты күш қолданатын не психикалық мәжбүрлеуге бөлінеді. Мәжбүрлеу субъектілердің бағыныстық жағдайын қалыптастырудың әдісі болып табылады, және де биліктік әмір ету не тікелей ықпал ету болып табылады. Мәжбүрлеу әдісін пайдаланған да қажетті нәтижеге қол жеткізу субъектінің еркіне, тұлғаның іштей не сырттай қарсылығына қарамайды.

Әкімшілік мәжбүрлеу мемлекеттік мәжбүрлеудің бір түрі болып табылады, оның міндеті көпшілігінде мемлекеттік басқару аясында қалыптасатын қоғамдық қатынастарды қорғау. Әкімшілік мәжбүрлеу шараларын тиісті органдар мен лауазымды адамдар атқарушы

билікті іске асыру процесінде пайдаланады, бұл олардың мемлекеттік-биліктік өкілеттіктері көрінісінің нәтижесі болып табылады.

Әкімшілік мәжбүрлеудің белгілі бір шаралар жүйесі ретінде бірнеше айрықша белгілері бар, олар оны мемлекеттік мәжбүрлеудің дербес бір түрі ретінде бөлуге мүмкіндік береді. Әкімшілік мәжбүрлеуді сипаттайтын негізгі белгілерге мыналарды жатқызуға болады.

Әкімшілік ықпал етудің барлық шараларына биліктік-мәжбүрлеу сипаты тән.

Әкімшілік мәжбүрлеудің бұл белгісін ерекше атап айту қажет, өйткені кейбір авторлар әкімшілік ықпал жасаудың бірқатар шараларының мәжбүрлеу сипатын мойындамайды, оларды құқықтық тыйым салумен және міндеттермен, құқықтың міндеттейтін нормаларының өздерімен теңдестіреді, олар, әрине, мәжбүрлеу шаралары болып табылмайды. Әкімшілік мәжбүрлеу өзінің мазмұны бойынша жеке басылық, ұйымдастырушылық немесе мүліктік сипаты бар шектеулер болып табылады, яғни **қандай да бір жағымсыз салдарлар** нысанында адамдардың сана сезімі мен мінез-құлқына **сырттай мемлекеттік-құқықтық психикалық немесе күштеп ықпал етуден** тұрады.

Әкімшілік мәжбүрлеу көрінісінің сыртқы нысандарыөте әр түрлі. Бұл солардың көмегімен қамтамасыз етілетін қатынастардың аса көп түрлілігімен, мәжбүрлеуді қолданудың мақсаттарымен, негіздерімен, осы шараларды пайдалануға құқық берілген органдар мен лауазымды адамдардың құзыретінің мазмұнымен және бірнеше өзге де жағдайлармен байланысты.

Әкімшілік мәжбүрлеудің барлық шаралары субъектіні қандай да болмасын бір іс-әрекеттерді жасауға немесе олардан бас тартуға, иә болмаса белгіленген құқықтық шектеулерге бағынуға түрткі болу, көндіру үшін қолданылады. Әкімшілік мәжбүрлеудің шаралары тек құқықтық актілермен ғана белгіленуі мүмкін. Бұл шараларды қолдануға заңдардың негізінде ғана және тек құқық нормаларымен қаралған шеңбер мен нысанда ғана жол беріледі. Сондықтан, **әкімшілік мәжбүрлеу** мемлекеттік басқару аясында қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық актілерді іске асыруға бағытталған құқықтық мәжбүрлеу болып табылады.

Әкімшілік мәжбүрлеуді **оған уәкілеттік берілген органдар мен лауазымды адамдар ғана** қолданады. Олардың тобы құқықтық актілермен қатал түрде белгіленеді.Әдетте, оларға мемлекеттік басқару аясында құқық қорғау функцияларын жүзеге асыруға уәкілеттік берілген атқарушы органдар мен олардың лауазымды адамдары жатады. Сонымен әкімшілік мәжбүрлеу осындай мәжбүрлеу шараларын қолдануға уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардың көптігімен сипатталады.

Басқару қатынастарының ерекшелігі **тиісті лауазымды адамдардың құқық бұзушылыққа дербес және тез ден қоюының**, олардың құқықпен рұқсат етілген шараларды жедел пайдалануының қажеттігін объективті түрде айқындайды. Құқықтық тәртіпті бұзу дереу тоқтатылуға тиіс, өйткені олар бүкіл қоғамның мүдделерін қозғайды, азаматтардың жеке басы мен мүліктік қауіпсіздігіне жиі қауіп төндіреді. Осыған байланысты әкімшілік мәжбүрлеудің ерекшелігі айқындала түседі, ол құқыққа қарсы қолсұғушылықтың алдын алу, жолын кесу мақсатында оны дереу қолданудан, жасалынған құқық бұзушылықтың артынан кідіріссіз ізіне түсуден тұруға тиіс.

Әкімшілік мәжбүрлеуді заңда көзделген жағдайларда тиісті атқарушы билік органдары, лауазымды адамдар өзінің құзыретін іске асыру барысында сотқа өтініш жасамай-ақ оны **соттан тысқары** қолданудың тәртібі сипаттайды. Сонымен бірге мамандандырылған соттардың және аудандық соттардың судьяларына әкімшілік юрисдикциялық құқығы берілген, олар әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің көптеген түрлерін қарайды және кінәлілерге әкімшілік жазалау шараларын қолданады. Әкімшілік мәжбүрлеу мемлекеттік басқару аясында қалыптасатын және құзыретті органдардың және мәжбүрлеу қолданылатын тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін қамтитын ерекше **қорғаушылық әкімшілік-құқықтық қатынастар** шеңберінде жүзеге асырылады. Атқарушы билік органдары мен олардың лауазымды адамдарының қызметінде

әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану көпшілігінде ведомстволық шегі болмайтын жалпы міндетті болатын мінез-құлық ережелерін қорғау аясымен шектеледі.

Әкімшілік мәжбүрлеу мына бір жағдаймен де сипатталынады, құзыретті мемлекеттік орган және мәжбүрлеу шарасы қолданылатын тұлға қызметтік бағыныштылық қатынастармен байланысты болмайды. Әкімшілік мәжбүрлеуді қолданудың процессуалдық тәртібі жеделдігімен, белгілі шамада оңайлығымен және тиімділігімен ерекшеленеді. Ол тек жеке тұлғаларға ғана емес заңды тұлғаларға да қолданылады.

Әкімшілік мәжбүрлеудің маңызды белгілерінің бірі **оны қолдану негіздерінің ерекше заңдық қасиеті** болып табылады. Әкімшілік мәжбүрлеуді қолданудың негізі мыналар болып табылады: біріншіден, әкімшілік құқық бұзушылық жасау, екіншіден, құқықтық нормамен қаралған ерекше жағдайлардың, мысалы, эпидемияның, техногенді сипатты апаттың және өзге де төтенше жағдайлардың пайда болуы, олар болған кезде әкімшілік мәжбүрлеу шаралары құқық бұзушылық пен адам кінәсі болмаса да қандай да бір қауіпті салдарлардың пайда болуының алдын алу, оларды таратпау мақсатында пайдаланылады. Әкімшілік мәжбүрлеу негіздерінің мемлекеттік мәжбүрлеуінің өзге түрлерінің негіздерінен түбегейлі айырмашылығын ерекше атап айту керек.

Әкімшілік мәжбүрлеудің түрлері:

Әкімшілік мәжбүрлеудің шаралары өте көп және олар әртүрлі. Олар қолдану мақсаттары, негіздемелері мен тәртібі бойынша айырылады, бұл оларды топтастыру үшін объективті түрде алғышарт жасайды.

Қоғамдық қатынастардың және осы қатынастарға құқыққа қарсы қолсұғушылық жасаудың объективтік сипатымен айқындалатын құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің мақсаттары мен тәсіліне байланысты әкімшілік мәжбүрлеудің барлық шараларын үш топқа бөлуге болады:

1. әкімшілік-алдын алу шаралары;
2. әкімшілік-жолын кесу шаралары;
3. әкімшілік жазалау шаралары.

Әкімшілік мәжбүрлеу шаралары құқық бұзушылықтың немесе қандай да бір жағымсыз салдарлардың пайда болуының алдын алуға бағытталған; сосын, егер құқық бұзушылық болатын болса, онда олардың мақсаты – оны тоқтату және тек кейінірек қана жаза қолдану, яғни құқық бұзушыны жазалау қажеттігі пайда болуы мүмкін.

Әкімшілік – алдын алу шаралары.

Мәжбүрлеу құралдарын қолдануды заңнамалар, әдетте, тұлғаның өзіне жүктелген құқықтық міндеттерін бұзу оқиғасымен байланыстырады. Бірақта қоғамдық және жеке мүдделерге қауіп-қатер және оларға зиян келтіру тек құқық бұзушылықтың ғана емес, сондай-ақ дүлей апаттардың, психикалық ауру адамдардың іс-әрекеттерінің де салдарынан пайда болуы мүмкін. Сондықтан мемлекет құқық нормаларын бұзуға кінәлі емес тұлғалар жөнінде мәжбүрлеу шараларын қолдануға баруға мәжбүр, құзыретті органдар заңда көзделген жағдайларда олардың құқықтарын шектейді.

Сондықтан, әкімшілік алдын алу шараларын қолданудың негізі құқық бұзушылық емес, керісінше адамның іс әрекеттерімен байланысты болатын да, байланысты болмайтын заңнамалармен белгіленген ерекше жағдайлардың пайда болуы болып табылады. Оларды қолдану үшін құқықтық норманы бұзу оқиғасы талап етілмейді, қайта, әдетте, норманың гипотезасымен қаралған ерекше жағдайлардың болуы қажет.

Заң шығарушы атқарушы органдардың карантин жою, жүктерді мәжбүрлеп тексеру, куәландыру сияқты мәжбүрлеу шараларын және өзге де ұқсас шараларды қолдануға тек заңдық-биліктік өкілеттіктерін бекітіп қана қоймайды, сонымен бірге бұл шараларды іске асыру тәртібін де белгілейді. Әкімшілік алдын алу шараларына айқын көрінісі бар сақтандырушылық бағыттылығы болатыны тән.

Мемлекет әкімшілік- алдын алу шараларын пайдалана отырып, қоғамдық қатынастарды мүмкін болатын бұзушылықтардан, оларға қандай да бір зиян келтіруден қорғауға, олардың пайда болуын болдырмауға тырысады. Мүмкін болатын құқық

бұзушылықтың алдын алу мақсаты үшін заңмен немесе өзге де нормативтік актілермен көзделген әкімшілік-алдын алу шараларын қолданған кезде мына сияқты жағдайлар ескеріледі.

Барлық әкімшілік-алдын алу шараларының бірлігін айта отырып, олардың тікелей арналымы мен құқық шектеушілік сипаты бойынша жекелеген **ескерту шараларының** арасындағы айырмашылықтарды байқамауға болмайды. Бұл белгі бойынша әкімшілік-алдын алу шараларының ішінен 4 топты бөлуге болады:

1. мүмкін болатын зиянды, қауіпті, тіпті ауыр салдарлары да жиі болатын қауіп-қатерді болдырмау мақсатында қолданылатын шаралар, мысалы, эпидемиямен және эпизоотиямен зақымданған жерлерде карантин енгізу, т.б.
2. құқық бұзушылықтың, оның ішінде тек әкімшілік теріс қылықтың ғана емес, қылмыстың да алдын алуға бағытталған шаралар: кедендік тексеру, жеке басты анықтайтын құжаттарды тексеру;
3. тиісті субъектілердің өздерінің міндеттерін орындаудан жалтаруына кедергі келтіретін шаралар: реквизициялау, мәжбүрлеп медициналық куәландыру.
4. емдеу – алдын алу деп аталатын мәжбүрлеу шаралары ерекше топ құрады, олардың мақсат-міндеті тек қоғамдық қауіпсіздікті ғана емес, сонымен бірге қауіпті есі ауысқандарды, нашақорларды, жұқпалы ауруларды емдеуді қамтамасыз ету.

Әкімшілік тәртіппен жолын кесу шаралары.

Құқықтық мәжбүрлеу құқық тәртібінің тиянақты жағдайын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары институтының, мемлекеттің дамуын және ӘҚТ істердің дұрыс қаралуын қамтамасыз ететін жалпы, арнаулы, жеке мақсаттарды шеше алатын шаралар мен тәсілдер жиынтығы болып табылады.

Мәжбүрлеу мәні жөнінен құқықтық қамтамасыз етумен байланысты, себебі, ол тұлғаға қандай да бір міндеттер жүктейді, осыларды орындай отырып, құқықтық қатынасқа кіреді, адам жай ғана тұлға емес, құқықтық санаттардың тұлғасы ретінде өз құқығын жүзеге асырады. Мәжбүрлеудің жол кесуде болуы туралы мәселе дау туғызбайды, бірақ мәжбүрлеу құқық саласына және құқық қолдану практикасына қарай ерекше болуы мүмкін. Жол кесу шаралары заңдық міндеттің орындалуын, адамға, қоғамдық және мемлекеттік институттарға қоқан лоққы жасауының, зиян келтіруі мүмкіндігінің алдын алуы қамтамасыз етуі керек.

Нақты құқық бұзушылықтар қорғалынатын қоғамдық қатынастарға тікелей қауіп туғызады, оларға зиян келтіреді. Оларды қорғаудың мүддесі атқарушы билік органдары мен олардың лауазымды адамдарының құқықтық нұсқамаларды бұзатын іс әрекеттердің жолын кесу мақсатында шұғыл шаралар қолдануын талап етеді. Мұндай шаралар, мысалы, бұзушыны әкімшілік ұстау, санитарлық ережелерді бұзған жағдайда дүкендердің немесе қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының жұмысын тоқтата тұру.

Мұндай шаралардың мәні, олардың әртүрлілігіне қарамастан, белгіленген тәртіпті бұзатын азаматтардың, лауазымды адамдардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың құқыққа қарсы іс әрекеттердің **мәжбүрлеп жолын кесу** болып табылады. Бұл шаралардың маңызы құқық қорғау құралдарының жүйесінде ерекше зор, өйткені оларды қолдану барысында ең көп таралған құқық бұзушылықтардың - әкімшілік теріс қылықтардың жолы кесіледі, бұзушыларды жауапқа тарту мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Бірақта әкімшілік тәртіппен жолын кесу шараларының міндеті әкімшілік құқық бұзушылықтармен күресумен бітпейді. Оларды сондай-ақ қылмыстық іс-әрекеттердің жолын кесу үшін де қолдануға болады.

Сонымен, әкімшілік тәртіппен жолын кесу шараларын қолданудың негіздері мыналар болып табылады: біріншіден, құқық бұзушылық жасау және, екіншіден, объективті құқық бұзушылық әрекет жасау немесе қауіпті болып табылатын құқыққа қарсы жағдайлардың немесе оқиғалардың пайда болуы. Мұндай жағдайлар болған кезде жолын кесу шараларын қолдану азаматтардың жеке басына, құқықтары мен бостандықтарына,

мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың мүдделеріне әр түрлі қол сұғушылықтың жедел және нәтижелі жолын кесу қажеттілігімен байланысты.

Әкімшілік тәртіппен жолын кесудің алуан түрлі шараларын бірнеше түрлерге топтастыруға болады. Оларға, мысалы, мыналар жатады:

1. құқық бұзушының тікелей жеке басына қолданылатын шаралар(құқыққа қайшы мінез-құлықты тоқтатуды талап ету, тікелей күшпен ықпал жасау, әкімшілік ұстау және полицияға жеткізу)
 2. мүліктік сипаты бар шаралар (дәрімен атылатын аң аулау қаруын алып қою)
 3. техникалық сипаты бар шаралар(бұзылған көлікті пайдалануға тыйым салу, техникалық қауіпсіздіктің ережелерін, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғандықтан кәсіпорынның жұмысын тоқтату, егер қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы талаптар сақталмайтын болса, онда көшелер мен жолдарда жөндеу- құрылыс жұмыстарын тоқтату немесе шектеу)
 4. қаржылық сипаты бар шаралар (несие беруді тоқтату, бюджеттік қаржыландыруды қысқарту, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың қаржылық тәртіпті, бағалар туралы, стандартқа тура келмейтін өнімдерді өткізу туралы заңнамалардыбұзудың нәтижесінде алған ақшасын бюджеттің кірісіне алу, төлету)
 5. медицина-санитарлық сипаты бар шаралар (жұқпалы ауруларды жұмыстан шеттету, сауда немесе тамақтану кәсіпорындарын олардың ластығы үшін пайдалануға тыйым салу)
 6. лицензиялық-рұқсат беру жүйесін жүзеге асырумен байланысты шаралар (лицензиялауға жататын қызметтің қандай да болмасын бір түріне лицензия беруден бас тарту, лицензияның күшін тоқтата тұру)
 7. арнайы немесе ерекше міндет атқаратын шаралар (дәрімен атылатын қаруды, көзден жас ағызатын химиялық заттарды, су шашатындарды, резина таяқтарын қолдану)
- Бұларға әкімшілік іс жүргізудегі процессуалдық қамтамасыз ету шараларын да жатқызуға болады.

Әкімшілік – жазалау шараларының немесе әкімшілік жазалардың айрықша маңызы бар.

Әкімшілік ескерту әкімшілік жаза қолдануға уәкілетті органның жасалған құқық бұзушылыққа ресми түрде теріс баға беруінен және жеке немесе заңды тұлғаны құқыққа қарсы мінез-құлыққа жол беруге болмайтындығы туралы сақтандырудан тұрады. Ескерту тек ӘҚБтК-ң тиісті бабында қаралған жағдайда ғана қолданылуы мүмкін. Құқық бұзушыға ескерту қолдану әдетте оған моральдық сипаты бар белгілі бір жағымсыз салдарлар туғызуға әкеп соқтырады. Сонымен бірге Кодекстің бірқатар баптары бұзушыға ескерту қолдануды оны қайталап немесе бірнеше рет бұзушылық жасағаны үшін аса қатал жауаптылыққа тартумен байланыстырады.

Ескерту әкімшілік жаза болып табылады және ол бұзушыны әкімшілік жауаптылыққа тартатын лауазымды адамның шешімінде жазбаша түрде шығарылған немесе өзге белгіленген тәртіппен жазылған жағдайда ғана белгілі бір құқықтық салдарларға әкеп соқтыра алады. Әкімшілік жаза шарасы ретіндегі ескертуден ауызша ескертуді айыру керек, бұл иландыру құралы болып саналады және, әкімшілік жазалау сипаты жоқ болғандықтан, әкімшілік жаза болып табылмайды.

Ескерту жасау елеусіз әкімшілік теріс әрекет үшін көзделген әкімшілік жауапкершіліктің өзінше дербес шарасы болып танылады. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 47-бабына сәйкес ескерту, әкімшілік жазалау шарасы ретінде жазбаша формада жасалады. Жаза қолданудың бұл шарасын заңға қайшы әрекеттің жалғасуына тыйым салу шараларынан ажыратып қарау керек.Ескерту жасау кінәлі адамға қандай да бір құқықтық салдар әкеледі, 1) ол адам әкімшілік жазаға ұшыраған болып саналады;

- 1) Ескерту жасауды қолдану қайтара жасалған теріс әрекет үшін жазалау мәселесін шешкенде жазаның басқа түрімен қоса есепке алынады.

Әкімшілік ұстау. Жеке адамды бас бостандығынан, атап айтсақ, оның құқыққа қарсы әрекеттерін тыю мақсатында белгілі бір уақыт ішінде арнаулы орында мәжбүрлей ұстап, іс-әрекет және жүріп тұру бостандығынан уақытша айыруды әкімшілік ұстау деп атайды. Әкімшілік ұстау тек құқық бұзушылық болғанда ғана қолдануы мүмкін, егер құқық бұзушылық болмаса, ұстауға рұқсат берілмейді. Бұған психикалық ауыратындар мен жас балаларды әкімшілік ұстауға жатпайды, себебі олар қоғамдық орындарда болуы маңайындағылардың да, өзгері үшін де қауіпті.

Әкімшілік ұстауға мына жағдайда рұқсат етілмейді:

- 1) Әкімшілік құқық бұзушылық елеусіз болған және оны басқа тәсілдермен тоқтату мүмкін болғанда, тоқтату туралы талапты бұзушының орындауы, ауызша ескерту жасау, тқандай болмасын іс-әрекеттің заңға қайшылығын және де жол беруге болмайтындығын түсіндіру;
- 2) Құқық бұзушылық жасаған жерде құқық бұзушының жеке басын және оқиғаның мән-жайын анықтау, хаттама жасау мүмкіндігі болған жағдайда;
- 3) Әкімшілік құқық бұзушылық жасалғанда құқық бұзушының жеке басын және оқиғаның мән-жайын анықтау, ескерту немесе айыппұл түрінде жаза қолдану үшін негіз болған жағдайда.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 05.07.2014 ж.
2. “Құқық қорғау қызметі туралы” Қазақстан Республикасының Заңы 06.01.2011ж.
3. Мельник Р.С. Общее административное право Республики Казахстан: учебник. В 3 томах. Т.1. Введение в теорию. - Алматы : LEM, 2023. - 340 с.
4. Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: NURPRESS, 2015.
5. Исабеков А.Қ., Қусаинов Д.Ө. Әкімшілік құқық. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті, 2013.
6. Таранов А.А. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Академиялық курс. Алматы. 2003.
7. Баянов Е. Әкімшілік құқық. Алматы. 2007.
8. Бахрах Д.Н. Административное право. М.: БЕК. 1993.
9. Жумагулов М.И. Правовые основы административного принуждения. Монография. – Нұр-Сұлтан, 2019.

Дәріс №5

Тақырыбы: Әкімшілік-құқықтық режимдер.

Әкімшілік-құқықтық режим деп жеке және заңды тұлғалардың атқарушы билік аясындағы қызметінің ерекше құқықтық режимі түсіндіріледі, ол заңдармен белгіленеді және төтенше сипаты бар мән-жайлармен немесе қызмет түрінің ерекшеліктерімен байланыс ты болады.

Бұл ретте мемлекеттің амалсыз пайдаланатын құқықтық, ұйым дастырушылық және өзге де шараларының кешені әдеттегі жағдайларда қолданатын іс-әрекеттерінен елеулі түрде өзгешеленеді. Ал әкімшілік-құқықтық режимді іске асыруға қатысушылардың құқықтық мәртебесіндегі өзгерістер, қағида бойынша атқарушы билік органдарының өкілеттіктерін күшейтуден және керісінше, басқарушылық қатынастардың басқа қатысушыларының құқықта рын шектеуден немесе тіпті оларға жаңа не қосымша міндеттер жүктеуден көрініс табады. Бірақ, барлық жағдайда да мынаны есте ұстау керек, Конституцияның 39-1-бабы бойынша адамның және азаматтың құқықтары мен

бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектеулі мүмкін.

Конституцияның 44 бабының 17 тармақтарында Республикаға қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген жағдайда ҚР-ның Президенті Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде әскери жағдай енгізеді немесе жалпы мобилизация жариялап, бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлайды деп қаралған. Әскери жағдай режимі «Соғыс жағдайы туралы» 2003 жылы 5 наурыздағы ҚР-ның заңымен реттеледі. Бұл Заң бойынша соғыс жағдайы ҚР-на қарсы агрессияны не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей төнген қатерді болдырмауға немесе оларға тойтарыс беруге жағдай жасауға бағытталған саяси, экономикалық, әкімшілік, әскери және өзге де шаралар кешенін көздейтін және ҚР-ның Президенті Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде енгізетін ерекше құқықтық режим. Соғыс жағдайы Президенттің жарлығымен енгізіледі. Жарлық та: соғыс жағдайын енгізу үшін негіз болған мән-жайлар; енгізілген шаралардың және азаматтар мен басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын уақытша шектеулердің тізбесі; соғыс жағдайы енгізілетін аумақтың шекаралары; соғыс жағдайын орнату мен қолдау үшін тартылатын күштер мен құралдар; соғыс жағдайы қолданыла бастайтын уақыт белгіленеді. Соғыс жағдайы енгізілген жерлерде заңдарға сәйкес әскери басқару органдарының өкілеттіктері кеңейтіледі, оларға мемлекеттік билік пен басқару органдарының қорғаныс және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы барлық функциялары көшеді. Заңда соғыс жағдайы режимін қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қолданылуға болатындығы, ҚР-сы Президенті мен Үкіметінің соғыс жағдайы кезеңіндегі өкілеттіктері, азаматтардың және басқа да адамдардың, ұйымдардың міндеттері қаралған. ҚР-ның аумағындағы немесе оның жекелеген жерлеріндегі соғыс жағдайы, оны енгізуге негіз болған әрекеттер тоқтағаннан кейін, Президенттің жарлығымен күшін жояды. Конституцияның 45 бабында төтенше жағдай енгізу мүмкін дегін қараған. Ол жөнінде кейін толығырақ айтылады. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы» 16.01.2013 ж. ҚР-ның заңымен және кейіннен оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдармен ҚР-ның Мемлекеттік шекарасын қорғаудың тәртібі белгіленген. ҚР-ның мемлекеттік шекарасы дегеніміз ҚР-сы аумағының шегін-құрғақ, су, жер қойнау және әуе кеңістігі шегін айқындайтын сызық және осы сызық бойынша өтетін жаздық қабат. Мемлекеттік шекара тәртібі мына ережелерді қамтиды:

- ҚР-ның Мемлекеттік шекарасынан ұстау;
- ҚР-ның Мемлекеттік шекарасынан өту;
- әскери емес әуе (теңіз) кемелерінің ұшып шығуы (кету), ұшып келуі (кіруі);
- ҚР-ның Мемлекеттік шекарасынан өткен кездегі бақылау;
- адамдарды, көлік құралдарын, жүкті және басқа мүлікті ҚР-ның Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу;
- ҚР-ның Мемлекеттік шекарасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру;
- көрсетілген ережелерді бұзумен байланысты жанжалдарды шет мемлекеттермен шешу.

Шекара тәртібін ұстауға сәйкес Мемлекеттік шекара тәртібін қамтамасыз етуге қатысатын мемлекеттік органдардың және әкімшілік құқықтың өзге субъектілерінің ерекше өкілеттіктері айқындалған. Сонымен бірге Мемлекеттік шекара тәртібі қаралып отырған заңмен, ҚР-сы Президенті мен Үкіметінің актілерімен және халықаралық шарттарымен белгіленеді деп бекітілген. Осыған орай, ҚР-ның халықаралық шарттарына сәйкес адамдарды, көлік құралдарын, жүкті және басқа мүлікті ҚР-ның Мемлекеттік шекара арқылы өткізудің жеңілдетілген тәртібі белгіленуі мүмкін. «Мемлекеттік құпиялар туралы» ҚР-ның 1999 жылғы 15 наурыздағы заңымен ҚР-ның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құпияларды қорғаудың тәртібі айқындалған. Бұл тәртіп мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызуға, оларды құпияландыруға, оларға билік

етуге, олады қорғау мен құпиясыздандыруға байланысты туындайтын құқықтық қатынас тардың ықпалдылығын қамтамасыз етеді. Бұл тәртіпте құпия болып табылатын мәліметтер және оларды иеленушілер жөнінде айқын нұсқаулар бар. Заңда ҚР-сы Президентінің, Парламентінің, Үкіметінің, мемлекеттік органдары мен ұйымдарының мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы арнаулы өкілеттіктері белгіленген. Мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерге жатқызылатын деректерге иелік ететін барлық әкімшілік құқық субъекттерінің құқықтары ішінара, уақытша шектеледі (мысалы, Қазақстаннан тыс жерлерге шығу құқығын уақытша шектеу). Мұнымен қоса, олар мемлекеттік құпиялар туралы заңдарды бұзғаны үшін заңдарда көзделген тәртіппен жауап береді. Сонымен бірге, өзінің қызметінің түріне байланысты осы мәліметтерді иелік етуге тиісті лауазымды адамдар, азаматтар ерікті түрде ерекше тексеру рәсімдерінен өтеді. Тиісті заңнамамен мына сияқты да әкімшілік-құқықтық режимдер қаралған, мысалы: кедендік; ҚР-ның аумағына келу және ҚР-нан кету; азаматтық әуе ұшқыштарының ұшу қауіпсіздігінің режимі; халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету режимі және басқалар.

Төтенше жағдай режимі

Төтенше жағдай режимі ҚР-сы Конституциясының 44 бабының 16 тармағымен және «Төтенше жағдай туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы заңмен реттелген. Төтенше жағдай – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ҚР-ның конституциялық құрылысын қорғау мүдделерінде ғана қолданылатын және мемлекеттік органдар, ұйымдар қызметіне, азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарына жекелеген шектеулер белгілеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктейтін ерекше құқықтық режим болып табылатын уақытша шара.

Төтенше жағдайды енгізудің мақсаты оны енгізуге себеп болған мән-жайларды жою, адам мен азаматтың қауіпсіздігін, құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, ҚР-ның конституциялық құрылысын қорғауды қамтамасыз ету. Заңмен төтенше жағдайды енгізу мен оның күшін жоюдың шарттары, негіздері, тәртібі белгіленген. Төтенше жағдай ҚР-ның демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, оның азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қауіп төнген және мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған жағдайда енгізіледі.

Төтенше жағдайды енгізу негіздері болатын мән-жайларға, жоғарыдағы талаптар сақталған жағдайда: шекаралас мемлекеттер аумақтарынан шекара арқылы жаппай өту; конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге ұмтылу; билікті күштеп басып алуға бағытталған іс-әрекеттер; ҚР-ның аумақтық тұтастығын бұзу; жаппай тәртіпсіздіктер, ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстар; аса маңызды объектілерді басып алуы; заңсыз әскери құрылымдар құру; - дүлей зілзала (жер сілкінісі, т.б.) дағдарысты экологиялық жағдайлар, табиғи өрттер, эпидемиялар, қауіпті апаттар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жатады.

Төтенше жағдайды ҚР-ның бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде ҚР-ның Президенті, ҚР-ның Премьер-министрімен және Парламенті палаталарының төрағаларымен ресми кеңесуден кейін тиісті жарлығымен енгізеді, бұл туралы Парламентке дереу хабарланады.

Жарлықта мыналар көрсетілуге тиіс: төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар; оны енгізу қажеттігінің негіздемесі; төтенше жағдай енгізілетін жерлердің шекаралары; төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін күштер мен құралдар; енгізілетін шаралардың және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың құқықтарын уақытша шектеулердің, сондай-ақ оларға қосымша жүктелетін міндеттердің тізбесі; төтенше жағдай режимі кезінде қолданылатын іс-шараларды жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік органдар (лауазымды адамдар); төтенше жағдайды енгізу уақыты және оның қолданылу мерзімі.

ҚР-ның бүкіл аумағында енгізілетін төтенше жағдайдың күшінде болу мерзімі 30 тәуліктен, ал оның жекелеген жерлерінде 60 тәуліктен аспауға тиіс.

Бұл мерзім өткеннен кейін төтенше жағдай тоқтатылды деп есептеледі. Ал, төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар жойылмаған жағдайда, Президент жоғарыда көрсетілген мерзімдер шегінде оның қолданысын ұзартуға құқылы. Президент мемлекеттік басқарудың төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі арнайы органдарын құруы мүмкін, оларға; Президенттің жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия; жергілікті жердің комендатурасы жатады.

Мемлекеттік комиссия төтенше жағдайды енгізу үшін негіз болған мән-жайларды жою жөнінде шаралар әзірлейді, оларды жүзеге асыруды ұйымдастырады және орындалуына бақылау жасайды. Төтенше жағдай енгізілген жердің комендатурасы жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасасып төтенше жағдай режимін қамтамасыз етеді; оның мәселелері жөнінде тиісті аумақта орындауға міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады; заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады және т.б.

Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, ҚР-ның төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқару органының және басқа да мемлекеттік органдардың күштері мен құралдары пайдаланылады. Қажет болған жайларда Президент жарлығының негізінде төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін Қарулы Күштер тартылуы мүмкін. Заңмен төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар мен шектеулер белгіленген (15,16-баптар). Олар, мысалы: жүріп-тұру еркіндігін шектеу; жиналыстарға, митингілер мен демонстрацияларға, шерулер мен тосқауылдарға тұруға, сондай-ақ ойын-сауық және басқа да бұқаралық іс-шаралар өткізуге тыйым салу немесе шек қою, т.б. қолданылуы мүмкін. Қосымша шаралар ретінде комендаттық сағат енгізу, бұқаралық ақпарат құралдарын бақылауды жүзеге асыру, радио және телехабарларын пайдалануға шек қою немесе тыйым салу; саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметін тоқтата тұру немесе тоқтату; тұрғындарды қауіпсіз аудандарға уақытша көшіру; апаттық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге еңбекке жарамды тұрғындарды және олардың көлік құралдарын тарту көзделеді.

Заңда комендаттық сағат аяқталғанға дейін, ал жеке басын қуәландыратын құжаттары өзімен бірге болмағандарды жеке басын анықтағанға дейін, бірақ 48 сағаттан аспайтын уақытқа ұстау қаралған. Жоғарыда айтылғандай, төтенше жағдайлар табиғи және техногендік сипаттағы құбылыстарға да байланысты болуы мүмкін.

Бұл сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін арнайы апаттық-құтқару қызметі мен құрамалары және құтқарушылар ұйымдастырылады. Оларды ұйымдастыру мен қызметінің құқықтық негізіне «Апаттық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы» 1997 жылғы 27 наурыздағы заң жатады. Төтенше жағдайдың режимін және апаттық – құтқару қызметінің талаптарын бұзушылардың жауапкершіліктері жоғарыда аталған заңдарда ӘҚБтК-те және басқа қолданылып жүрген заңдық актілерде қаралған.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 05.07.2014 ж.
2. “Құқық қорғау қызметі туралы” Қазақстан Республикасының Заңы 06.01.2011ж.
3. “Төтенше жағдай туралы” Қазақстан Республикасының Заңы 08.02.2003ж.
4. “Соғыс жағдайы туралы” Қазақстан Республикасының Заңы 05.03.2003 ж.
5. Мельник Р.С. Общее административное право Республики Казахстан: учебник. - Алматы : LEM, 2023.
6. Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: NURPRESS, 2015.

7. Исабеков А.Қ., Кусаинов Д.Ө. Әкімшілік құқық. Оқу құралы. Алматы,Қазақ университеті,2013.
8. Таранов А.А.Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Академиялық курс.Алматы.2003.
9. Баянов Е. Әкімшілік құқық.Алматы.2007.
10. Бахрах Д.Н.Административное право. М.:БЕК.1993.
11. Жумагулов М.И. Правовые основы административного принуждения. Монография. – Нұр-Сұлтан, 2019.

Дәріс №6

Тақырыбы: Әкімшілік құқық субъектілері ретінде жеке тұлғалар.

Заң әдебиеттерінде басқару аппараттарының мәртебесі мәселесіне баса назар аударылды,ол “мемлекет- азамат” ұғымының тиісті позициясында дәстүрлі баяндау схемасы болды, оның мазмұнына қарасақ - мемлекетте құқық бар, ал азаматта міндет бар.Бірақ бұл дәстүрлі инерция азаматты әкімшілік құқық субъектісі ретінде сипаттайтын теориялық аспектілерді тануға кедергі келтіреді деген мағына бермейді. Бірақ мұндай проблемаларды талдағанда оған жауапты формальді логика шеңберінде шектеліп іздеуге болмайды. Диалектикалық логика дәстүрлеріне сүйеніп біз өндірістік қатынастардың барлық басқа қатынастардың негіздемесі, базисы екендігін ұғынамыз. Бірақ бұл негіздемені адамдар жасайды.

ҚР-сы азаматының әкімшілік-құқықтық мәртебесі дегеніміз азаматтың мемлекетті басқаруға қатысуын және жариялы әрі жеке мүдделерін қамтамасыз ететін заңмен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен белгіленген құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі. Бұл азаматтың мәртебесінің көп түрлерінің (саяси, еңбек, т.б. қатар) бір түрі, оны жүзеге асыру атқарушы билік орган-дарының және олардың лауазымды адамдарының тиісті іс-әрекеттерімен байланысты.

Сонымен бірге Конституция (39-б. 1-т.) адамның және азамат-тың құқықтары мен бостандықтарының ерекше жағдайларда және тек заңмен ғана шектелуі мүмкіндігін бекіткен, әрі тұлғаның құқықтарын шектейтін құқықтық нормалар әдетте әкімшілік-Құқықтық сипатта болады. Мысалы, тұрғын үйге қол сұғылмаушы-лық құқықты «ҚР-ның ішкі істер органдары туралы» 1995 ж-ғы 21-желтоқсандағы заңның (11-б.1-т) қылмыскерді іздегенде, егер пәтер-де не тұрғын үйде адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп туғызатын қылмыс немесе қоғамдық тәртіпті бұзушылық жасалынса, өрт болған және өзге де жағдайларда полиция қызметкерлері шектеулері мүмкін.

Әкімшілік-құқықтық мәртебенің екінші құрамдық бөлігі ҚР-сы азаматының мәртебесі болып саналады. Әрбір азаматтың әкімшілік құқықтың субъектісі ретінде өзінің азаматтық құқықтық мәртебесі бар.

Азаматтың әкімшілік-құқықтық мәртебесін айқындайтын әкімшілік құқықтың нормалары оның мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі құқықтары мен міндеттерін белгілейді. Бұл бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұру құқығы (Конституция-ның 32-бабы), мемлекет ісін басқаруға қатысу туралы нормалар (33-б), әскери қызмет атқару міндеті (36-б), т.б. Одан кейін - бұл азаматтың шаруашылық-еңбек қызметіндегі әкімшілік-құқықтық мәртебесін белгілейтін нормалар, мысалы, Республикада жеке меншік, оның ішінде жерге де танылады және ол мемлекеттік меншікпен бірдей қорғалады (6-бап. 1,3-т.), заңды түрде алған қандай да болмасын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады, сонымен бірге соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды (26-б. 1,3-т), әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заң-ды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалану құқығы (26-б, 4-т), еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығы (24-б, 1-т). Ақыр соңында, азаматтың қоғамның мүдделерін қозға-майтын жеке немесе отбасы аясындағы әкімшілік-құқықтық мәртебесін белгілейтін нормалар, олардың

ішінде әдебиет, сурет, ғылыми, техникалық шығармашылықтарға құқығы, фамилиясын өзгертуге құқығы.

Жеке адам тұлға, сосын азамат мәртебесін алған кезден бастап оларға әкімшілік-құқықтық мәртебенің үшінші элементі-әлеуметтік қосылады. Ол азаматтың нақты кәсіпкерлік еңбек қызметімен айналысу, оқу, Қарулы Күштер құрамында қызмет атқару, т.б. үшін қажет. Бұл жерде де азаматтың әкімшілік-құқықтық мәртебесінің әлеуметтік элементі ретінде жұмысшының, қызметшінің, оқушы-ның, әскери қызметшінің, зейнеткердің, т.б. құқықтық мәртебесін бөлуге болады.

Азаматтың әкімшілік-құқықтық мәртебесінің төртінші элементін ерекше мәртебе деп атайды, ол азаматтардың өздерінің тек жеке қажеттіктерін қанағаттандыру үшін өзінің қалауымен, жеке ынтасымен иеленетін құқықтар мен міндеттерді қамтиды. Бұл, мысалы, әуесқой аң аулаушылар, әуесқой-жүргізушілер, кәсіби емес - спортшылар, туристер, коллекция жинаушылар, т.б. Олардың барлығы таңдаған ісімен айналысу үшін ресми құжат алады, сонымен бірге әрбір ерекше субъект үшін белгілі бір топ құқықтар мен міндеттер тағайындалған.

Жеке адамның демократиялық құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ олардың міндеттерінің кешенін тек бірғана ресми түрде жариялау азаматтың құқықтық мәртебесінің проблемасын әлі толығынан шешпейді. Бұл мәртебе күнделікті өмірде іс жүзінде жүзеге асыруды, әрі оның шынайы кепілдіктерін қажет етеді.

Осыған байланысты азаматтардың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын мен міндеттерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету жөнінде атқарушы биліктің рөлі туралы мәселе қою сөзсіз туады. Бұған барлық қажетті негіздер бар.

Ең алдымен атқарушы биліктің атқаратын қызметін ескере отырып былай деп айтуға болады, мемлекеттік басқару аясы қолданылып жүрген заңнамалармен бекітілген адамның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру үшін өте үлкен кеңістік болып табылады. Өйткені атқарушы биліктің негізгі функциясы - атқару, яғни заңдардың талаптарын жүзеге асыру.

Сосын, атқарушы биліктің механизмі - мемлекеттік аппараттың күнделікті және қоғамдық өмірдің нағыз өр түрлі салаларында қызмет атқаратын ең көп санды және тармақтанған бөлігі. Осы себепті нақ осы тиісті атқарушы билік органдарымен (лауазымды адамдармен) және азаматтардың арасында көптеген нақты өкімшілік-құқықтық қатынастар қалыптасады, олар азаматтардың субъективтік құқықтарын жүзеге асыру жөнінде жиі туындайды.

Тағы бір маңызды жағдай. Атқарушы биліктің субъектілері мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындар мен мекемелердің қызметін реттейді, олардың құрамында мыңдаған адамдар жұмыс істейді. Тап осы кәсіпорындар мен мекемелерде еңбек, білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық пен тұрмыстық-қажет қызмет көрсету, мәдениет, т.б. салаларында азаматтарға берілген субъективтік құқықтар жүзеге асырылады.

Одан соң, атқарушы билік механизміне арнаулы құқық қорғау органдары кіреді, олардың негізгі міндеттерінің бірі азаматтардың конституциялық құқықтарын мен бостандықтарын қамтамасыз ету үшін әрі бақылау жасау, өрі оларды қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру болып табылады.

Осының бәрі азаматтардың қандай да болмасын құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, егер негізінен болмаса да, едәуір шамада мемлекеттік басқару аясында жүзеге асырылатындығын дәлелдейді.

Бұл шындығында да солай. Мысалы, жұмысқа тұру үшін, яғни өзінің еңбек ету құқығын жүзеге асыру үшін, азамат кәсіпорынның, мекеменің әкімшілігіне өтініш жасауға тиіс, ал жұмысқа не қызметке алу әкімшіліктің бұйрығымен, яғни басқарушылық актімен рәсімделеді. Азаматтың зейнетақы алуы да оның зейне-тақы тағайындауға өкілетті тиісті атқарушы органдарға өтініш беру керектігін болжайды, т.с.с.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын жүзеге асыру механизмі, сонымен, әдетте, екі міндетті сатыдан тұрады:

1. азаматтың ерік білдіруінен;
2. өкілетті атқарушы органның (лауазымды адамның) бұл ерік білдіруге ресми көңіл бөлуінен.

Соңғы саты шешуші рөл атқарады, өйткені бұл орган азаматтың ынтасы бойынша пайда болған мәселені біржақты заңдық биліктік тәртіппен шешуге құқылы.

Әрине, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостан-дықтарын жүзеге асыруда атқарушы билік органдары ерекше рөл атқарады деп түсінуге болмайды. Мемлекеттік биліктік механизмнің өзге буындары (мысалы, сот билігінің субъекілері), сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер де бұл процеске белсенділікпен қатысады. Дегенмен де нақ сол атқарушы органдардың қолында бұл үшін қажетті ұйымдық-құқықтық сипаты бар тетіктер тікелей жинақталған.

Егер конституциялық нормаларда азаматтың жалпы мәртебесі өзінің саяси-заңдық көрінісін табатын болса, онда өкімшілік-құқықтық нормалар, құқықтың өзге салаларының нормалары жеке адамның, мысалы, азаматтық-құқықтық, еңбек және өзге қатынастардағы, мәртебесін ресімдеу сияқты, олардың нақты-заңдық мәртебесін бекітеді. Осылай жалпы құқықтық мәртебені нақтылау іске асырылады, ол өзінің көрінісін, мысалы, азаматтың әкімшілік-құқықтық мәртебесінен табады. Соңғы конституциялық құқықтар мен бостандықтардың, сондай-ақ азаматтарға мемлекеттік басқару аясында заңдармен және заңға тәуелді актілермен берілетін және солармен кепілдендірілетін өзге де құқықтардың жиынтығынан куралады.

Сонымен, біріншіден, әкімшілік-құқықтық нормалар қолданылатын аяда азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостан-дықтары нақтыланып, айқындалады және, екіншіден, бұл нормалар олардың ең елеулі және күнделікті кепілдіктерінің жүйесін құрайды.

Азаматтардың әкімшілік құқық субъектілігінің жалпы сипаттамасы осы оқулықтың 2-тарауында берілген болатын. Бұл жерде тек мынаны ғана еске салайық. Бұл сияқты құқық субъектілігі деп мемлекеттің танитын азаматтың нақты өкімшілік-құқықтық қатынастардың субъектісі бола алатын, әкімшілік-құқықтық сипаты бар субъективтік міндеттер мен құқықтарды иеленетін және іс жүзінде асыра алатын шынайы мүмкіндігі түсініледі. Ол азаматтың туған кезінен бастап пайда болады да, өлгеннен соң тоқтатылады. Азаматтың өкімшілік құқық және әрекет қабілеттіліктің көлемі мен мазмұны өкімшілік құқық нормаларының көмегімен белгіленеді және өзгертіледі. Сонымен бірге құқық қабілеттілікті иеліктен алуға не-месе басқа біреуге беруге болмайды. Өз еркімен одан бас тартудың күші болмайды. Бірақта қолданылып жүрген заңнамаларда қаралған жағдайларда және белгіленген тәртіппен ол ішінара немесе уақытша шектелуі мүмкін (мысалы, қылмыс немесе өкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде).

Азаматтардың әкімшілік әрекет қабілеттілігі өздерінің жеке іс-әрекеттерімен мемлекеттік басқару аясында оларға жүктелетін өкімшілік-құқықтық міндеттерді жүзеге асыруды және құқықтар иеленуді болжайды. Азаматтардың өкімшілік әрекет қабілеттілігінің пайда болатын кезі біркелкі белгіленбеген (16-18 жас шегінде). Адамды ішінара немесе толығымен әрекет қабілетсіз деп тану мүмкін (психикалық ауру, ақыл-есі кем).

Өкімшілік-құқықтық қатынастарда азаматтар әр түрлі рөлде болулары мүмкін. Бұл сияқты құқық қатынастар мыналарға:

1. азаматтардың заң бойынша өздеріне тиісті субъективтік құқықтарын жүзеге асырумен;
2. заңмен оларға жүктелген міндеттерді орындаумен;
3. азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) бұзуымен;

4. азаматтардың мемлекеттік басқару аясындағы өздерінің құқықтық міндеттерін бұзуымен байланысты пайда болуы мүмкін.

Азаматтардың атқарушы билікті жүзеге асыру аясындағы құқықтары мен міндеттері. Бұл жөнінде мынаны ескеру керек, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары не атқарушы билік субъектілерінің қызметі аясында тікелей жүзеге асырылады, не осы билік субъектілерінің практикалық қызметімен табиғи байланысты, не, конституциялық құқықтар мен бостандықтардан туындайтын болғандықтан, олар өздерінің мемлекеттік басқарушылық қызмет аясындағы іс-қимыл-дарына байланысты ие болады. Осыған сөйкес аталған аяда көрініс табатын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нақты білдіретін төмендегі түрлер туралы айтуға болады.

Азаматтардың заңдармен және атқарушы билік субъектілерінің заңға тәуелді құқықтық актілерімен белгіленетін және кепілденетін құқықтары.

Конституциялық көрінісі мен маңызы бар құқықтардан басқа, азаматтар тікелей мемлекеттік-басқарушылық қызмет аясында жалпы немесе нақты сипаты бар бірнеше өзге құқықтарды пайдаланады. Солардың көмегімен азаматтардың әкімшілік-құқықтық мәртебесі одан әрі дамытылады. Бұл құқықтар заңдармен де, сондай-ақ атқарушы биліктің өкілетті органдарының заңға тәуелді нормативтік актілерімен де тағайындалады және кепілдендіріледі.

Азаматтардың аты мен фамилиясын өзгертумен, олардың кәсіпкерлік немесе өзге қызметімен, Қазақстаннан тыс жерлерге кету және Қазақстанға қайта келумен, паспорт жүйесін қолданумен, т.б. байланысты құқықтары заңдық немесе заңға тәуелді актілер түрінде регламенттеледі. Арнайы сипаты бар көптеген құқықтарды (мысалы, мәдениет, білім, ақпарат, мемлекеттік құпияны сақтау, қару-жарақ иелену мен пайдалану жөніндегі) азаматтар мемлекеттік-басқарушылық қызметтің жекелеген салалары мен аяларының шегінде жүзеге асыра алады.

Азаматтардың атқарушы билікті жүзеге асыру аясындағы міндеттері. Азаматтың әкімшілік-құқықтық мәртебесі оның, конституциялық та, сондай-ақ заңдармен және заңға тәуелді құқықтық актілермен де белгіленетін, белгілі бір заңдық міндеттерді орындауын болжайды.

Бұлар ең алдымен жалпы конституциялық міндеттер: салықтарды төлеу (35-6), Отанды қорғау (36-6), табиғатты сақтау және табиғат байлықтарына ұқыпты қарау (38-6). Бұл сияқты міндеттер заңдарда және заңға тәуелді құқықтық актілерде нақтыланады. Мысалы, азаматтар ішкі істер саласында қоғамдық тәртіптің, жол жүру қауіпсіздігінің ережелерін; тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында – тұрғын үйді пайдаланудың ережелерін; әділет саласында - азаматты хал актілерін тіркеу, паспорт жүйесінің ережелерін, т.с.с. сақтауға міндетті.

Бұл орайда ең маңызды жәйт мынада, азаматтардың салалық немесе ведомстволық міндеттерінің нақты көлемі атқарушы биліктің қандай да болмасын органының (лауазымды адамының) қалауы бойынша емес, қолданылып жүрген құқықтық нормалармен белгіленеді. Азаматтар үшін заңда қаралғаннан тысқары міндеттер белгілеу қатал жазалануға жатады.

Ал азаматтың өзінің міндеттерін орындамауы немесе дұрыс орындамауы оның жауапкершілігін туғызады. Әкімшілік-құқықтық нормалар қолданылатын аяда бұл, негізінен, әкімшілік жауапкершілік.

Азаматтардың атқарушы билікті жүзеге асыру аясындағы құқықтарының кепілдіктері. Азаматтардың заңды құқықтарының, міндеттерінің және заңды мүдделерінің кепілдіктері деп олардың нақты жүзеге асырылуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін жағдайлар мен құралдар түсініледі.

Мұндай кепілдіктердің толық түрдегі механизмі өкілетті мемлекеттік органдардың атқаратын мынадай заңдық маңызы бар әрекеттерінен құралады:

1. азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары жүзеге асыруды қамтамасыз ету жөніндегі заңдық міндетін орындау;
2. оларды жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау;

3. олардың жүзеге асырылуына ұдайы байқау және бақылау жасау;
4. азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау;
5. оларды бұзған жағдайда санкциялар қолдану.

Бұл сияқты кепілдіктердің бәрінің мемлекеттік сипаты бар. Олай болатыны Конституциямен және заңдармен барлық мемлекеттік органдарға азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырумен байланысты міндеттер жүктеледі. Атқарушы билік органдарының осы сияқты міндеттерді орындауы әкімшілік-құқықтық кепілдіктердің мазмұнын құрайды. Олардың әр түрлі сипаты болады, сондықтан мемлекеттік-басқарушылық қызметтің процесінде көрініс табатын олардың негізгі екі бағытын бөлуге болады.

1. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың әкімшілік-құқықтық кепілдіктері. Бұл жағдайда атқарушы орган дардың (лауазымды адамдардың) азаматтардың құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету жөніндегі де, сондай-ақ жүзеге асырудың жағдайларын жасау жөніндегі де заңдық міндеттері түсініледі. Бұл кепілдіктер тиісті құқықтық нормаларда осы міндеттерді бекітуден көрініс табады. Мысалы, «ҚР-ның Үкіметі туралы» 1995 ж. 18-желтоқсандағы Конституциялық заң, негізгі принциптердің, олардың ішінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету принципінің негізінде қолданылады. Үкімет азаматтардың әлеуметтік қорғау саласындағы конституциялық құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді; азаматтардың еңбек етуге бостандығы құқықтарын және олардың денсаулығын қорғау құқықтарын жүзеге асыру жөнінде, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету туралы шаралар қабылдайды; ақысыз білім беру жүйесін дамытады; азаматтардың қолайлы қоршаған ортаға құқықтарын жүзеге асыру жөнінде шаралар қабылдайды; жеке адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысады; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету туралы шараларды жүзеге асырады. ҚР-сы Үкіметінің нормативтік құқықтық, оның ішінде азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты қаулыларын қолданысқа енгізудің ерекше тәртібі белгіленген (егер актінің өзінде немесе оларды қолданысқа енгізу туралы актілерде өзге мерзімдер көзделмесе — олар алғаш-қы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Атқарушы билік органдары қызметінің аясымен шектелген осы сипаттағы тиісті міндеттері олар туралы ҚР-сы Президенті немесе, әдетте, ҚР-сы Үкіметі бекітетін ережелерде белгіленеді.

Бұдан басқа, әкімшілік рәсімдер қаралған, олардың шеңберінде азаматтардың құқықтарын жүзеге асыру іске асырылады. Мысалы, бұл сияқты рәсімдер азаматтарды жұмысқа алған кезде, олардың арыздары мен шағымдарын қараған кезде, олардың айналысатын әр түрлі қызметтерін лицензиялауды жүзеге асырған кезде, т.с.с.

Әкімшілік-құқықтық қатыпастардың ерекшеліктерін ескере отырып, қаралып отырған әкімшілік-құқықтық кепілдіктердің механизмі төмендегі заңдық маңызы бар іс-әрекеттердің жиынтығы болып табылады:

1. азаматтың өзіне бекітілген құқықтарды іске асыру жөнінде атқарушы органға (лауазымды адамға) өтініш жасауы;
2. өкілетті органның (лауазымды адамның) азаматтың өтінішін, оның заңдылығы мен негізділігін анықтау үшін, қарауы;
3. олардың өтініш мәселесі бойынша шешім шығаруы;
4. қабылданған шешімді орындауы.

Бұл орайда ең маңыздысы мынада, атқарушы орган (лауазымды адам) азаматтың өтінішін қабылдауға және ол бойынша биліктік біржақты шешім шығаруға, сондай-ақ оны өмірге енгізуге заңды түрде міндетті. Орган бұл міндетті заңның немесе заңға тәуелді құқықтық актінің талаптарына орай орындайды. Екінші жағынан, ол тек заң алдында ғана емес, сонымен бірге пайда болған әкімшілік-құқықтық қатынастың тарабы ретінде азамат

алдында да міндетті. Бұлар азаматтардың құқықтарының заңдық кепілдіктері болып табылады.

2. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың әкімшілік-құқықтық кепілдіктері. Бұл атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының іске асырылуына байқау жасау туралы, оларды тікелей қорғау туралы, ақырында, оларды бұзған жағдайда әкімшілік-құқықтық санкциялар қолдану туралы іс-әрекеттерді жүзеге асыруы.

Атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) байқау жасап отыру функциясы өздеріне ведомстволық қарасты (төменгі тұрған) органдарда, кәсіпорындар мен мекемелерде, мемлекеттік қызметшілер тарапынан азаматтардың құқықтары қалай жүзеге асырылатынына бақылау жасаудан нақты көрініс табады. Бұл сияқты функцияның басқа түрі олардың арнайы өкілеттіктерінің негізінде ведомстволық қарасты емес объектілер мен адамдарға қатысты осы сияқты байқау жасауды жүзеге асырудан көрініс табады. Бұл жағдайда қадағалау сипаты бар өкілеттіктер еске алынып отыр.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыру аясындағы байқау жасап отыру (бақылау - қадағалау) өкілеттіктері белгілі бір көлемде барлық атқарушы билік органдарына, жалпы құзыреті барға да, сондай-ақ салалық және салааралық құзыреті барларға да берілген. Сонымен бірге белгілі бір жалпы міндетті болып табылатын ережелердің, мысалы, санитарлық - гигиениалық, табиғат қорғау, өрт қауіпсіздігі, т.с.с. орындалуына байқау жасауды жүзеге асыратын арнайы қадағалау органдары бар. Бұл орайда олар қоғамдық қатынастардың тиісті салаларындағы азаматтардың құқықтарының іс жүзінде қалай қамтамасыз етілетінін бақылап отырады.

Атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) азаматтардың құқықтарын тікелей қорғауы олардың заңдық биліктік құралдардың жеткілікті түрдегі кең көлемін іс жүзінде пайдалануын болжайды. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

1. азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзатын басқа-рудың құқықтық актілерінің қолданылуын тоқтата тұру. Мысалы, ҚР-ның Президенті Үкіметтің және облыстар, республикалық маңызы бар қала мен республика астанасы әкімдері актілерін не толық немесе ішінара тоқтата тұрады.
2. егер кәсіпорындар мен мекемелердің жағдайы азаматтардың денсаулығы мен өміріне қауіп туғызатын болса, онда олардың жұмысын тоқтата тұру (мысалы, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, еңбек қорғау саласындағы мемлекеттік қадағалау органдары, т.б.);
3. азаматтардың құқықтарын бұзатын басқарудың заңсыз актілерінің күшін жою, ҚР-ның Үкіметі орталық және жергілікті атқарушы билік органдарының, ал ҚР-ның Президенті - Үкіметтің осы сияқты актілерінің, т.б. күшін жоюға құқылы.

Бұл өкілеттіктерде, атап айтар болсақ, мынадай конституциялық қағида айқын көрініс тапқан: азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілер ресми түрде жарияланбаса қолдануға жатамайды. Әрине, егер олармен азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылатын болса, онда тіпті де қолданылуы мүмкін емес деп айтуға негіз бар.

Азаматтардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыру жөнінде сот билігі және прокуратура органдары маңызды рөл атқарады. Мысалы, жалпы юрисдикциялық соттарға басқару актілерінің күшін жою жөнінде өкілеттік берілген. ҚР-ның Конституциялық Кеңесі бұл сияқты актілерді конституцияға сәйкес емес деп тани алады, бұл олардың заңдық күшін жоюға әкеп соқтырады.

Прокуратура органдары азаматтардың құқықтарын бұзатын басқарудың құқықтық актілеріне наразылық келтіреді. Сөйтіп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік қорғау кепілдендіріледі. Ең соңында, мынаны да айтпасақ болмайды, азаматтарға мемлекеттік - басқару аясында өздерінің құқықтарын өз құралдарымен қорғау жөнінде заңдық мүмкіндік берілген. Әрине, азаматтардың өздерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайтын құқықтық актілердің күшін жою немесе тоқтатып қою

туралы өкілеттіктері жоқ. Бірақ олар бұл сияқты актілерге шағым беру арқылы өздерінің құқығын қорғаудың мемлекеттік механизмін іске қоса алады.

Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың құралы ретінде әкімшілік - құқықтық санкцияларды қолдану мынадан көрініс табады, ол атқарушы органдардың, сол сияқты өзге де өкілетті мемлекеттік органдардың өздерінің байқау жасау мен қорғаушылық кепілдіктерін пайдаланудың нәтижесі болып табылады. Әрине, жауапкершілік дәлме - дәл мағынасында адамның қандай да бір субъективтік құқығын сақтай алмайды. Дегенмен де оның заңдық маңыздылығы күмән туғызбайды, өйткені азаматтардың субъективтік құқықтарын бұзатын өздерінің іс-әрекеттері үшін жауапкершілік мүмкіндіктің өзінің үлкен превентивтік (алдын алу) маңызы бар. Оның пайда болу фактісінің өзі заңсыз іс-әрекеттердің нәтижесі болып табылады. Бұл орайда, әрине, ең алдымен мемлекеттік - басқарушылық аппараттың лауазымды адамдарының заңдық жауапкершіліктері көзделіп отыр. Аталған адамдардың мұндай жауапкершілігінің негізінен екі түрі қаралған: тәртіптік және әкімшілік. Әрине, лауазымды адамдар қылмыстық әрекеттері үшін қылмыстық жауапкершілікте де болады.

Мемлекеттік қызметші өзіне жүктелген қызметтік міндеттерін, олардың ішінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз ету де болады, бұзған кезде тәртіптік жауапкершілік пайда болады. Бұл міндетті орындамау немесе ойдағыдай орындамау, қызметшіні лауазымға тағайындауға құқығы бар органның немесе басшының оған тәртіптік жазалар қолдануға әкеп соқтырады.

Лауазымды адамдардың әкімшілік жауапкершілігі басқару тәртібін, мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті, табиғатты, халықтың денсаулығын, т.с.с. қорғау аясындағы белгіленген ережелерді сақтамауына байланысты олардың әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін пайда болады. Әрине, заңдық жауапкершіліктің бұл түрінің белгілі бір шегі бар. Мысалы, лауазымды адамдар атқарушы билікті жүзеге асыру аясында қолданылатын, жалпы міндетті болып табылатын сияқты ережелерді бұзғаны үшін жауап береді, өйткені оларды орындауды қамтамасыз ету олардың қызметтік міндеттеріне жатады.

Олардың әкімшілік жауапкершілігі өздерінің іс-әрекеттерімен немесе әрекетсіздігімен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзған жағдайларда пайда болады. Субъектілері лауазымды адамдар болып табылатын бұл сияқты бұзушылықтар құрамдарының үлкен тобы ӘҚБтК - те қаралған. Мысалы, азаматқа ақпарат беруден бас тарту (84-б.); еңбек туралы заңдарды бұзу (87-б.); лауазымды адамдардың кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуы (151-б.); лауазымды адамның атқару құжатын жоғалтқандығы үшін 527-б.) т.б. Лауазымды адамдар әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру жөнінде өкілеттіктер берілген органдардың алдында әкімшілік жауаптылықта болады. Прокурор әкімшілік іс қозғау туралы қаулы шығаруға құқылы.

Заңдық жауапкершіліктің аталған түрлерінің жекелік сипаты бар (нақты лауазымды адам жауап береді). Атқарушы органдардың жауапкершілігі қаралмаған.

Атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) заңсыз іс-әрекеттерімен келтірген зиянды азаматтың мемлекеттен өндіріп алуға құқы бар. Бұл азаматтық-процессуалдық тәртіппен жүзеге асырылады.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың әкімшілік-құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері

ҚР-ның аумағындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Республика азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады (ҚР-сы Конституциясының 12-б., 4-т.).

Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы ҚР-ның заңдары ел Конституциясына негізделеді. Соған сәйкес ҚР-дағы шетелдіктердің әкімшілік - құқықтық мәртебесіне жататын нормативтік ережелер «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» ҚР-ның 1995 ж. 19-маусымдағы заңында, ҚР-сы Үкіметінің 2000 ж. 28-қаңтардағы қаулысымен бекітілген «Шетелдік азаматтардың ҚР-сына келуінің және болуының, сондай-ақ олардың

ҚР-нан кетуінің Тәртібінде» және басқа да заң актілерінде, мысалы, ҚР-ның әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде қаралған.

ҚР-дағы шетелдіктердің құқықтық жағдайы, сондай-ақ ҚР-ның халықаралық шарттарымен де анықтала алады. Егер ҚР-сы ратификациялаған халықаралық шартта аталған Зандағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттын ережелері қолданылады.

1995 ж. 19-маусымдағы Заңда шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға кімдер жататыны айқындалған. ҚР-ның азаматтары емес және өзінің басқа мемлекеттің азаматтығына қатысты екендігінің дәлелі бар адамдар ҚР-дағы шетелдіктер болып танылады.

ҚР-да өзгедей заңды негізде жүрген, сондай-ақ оларға қатысты ҚР-ның Қылмыстық кодексіне сәйкес ауыр немесе аса ауыр қыл-мыстар деп танылатын әрекеттер жасалуы салдарынан жәбірленуші деп танылған шетелдіктер ҚР-да уақытша жүрген деп есептеледі. Олар ҚР-ның аумағына келген сәттен бастап үш тәуліктің ішінде белгіленген тәртіппен төлқұжатын тіркеуге және өздеріне белгіленген болу мерзімі өткен соң ҚР-нан кетуге міндетті.

Жоғарыда аталған заңнамалық актілерде шетелдіктердің ҚР-на келуі мен кетуінің шарттары мен тәртібі бекітілген. Шетелдіктер, егер ҚР-ның тиісті тараппен келісімінде өзгеше тәртіп белгіленбесе, жарамды паспортымен немесе оны алмастыр'атын құжаттарымен ҚР-ның келу визасы (келу рұқсатнамасы) болған жағдайда Қазақстанға келе алады.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан азаматтары сияқты жалпыға бірдей заңдық міндеттер орындайды. ҚР-да тұрақ-ты тұратын шетелдіктер заңдарда көзделген тәртіппен тұрақты және уақытша тұратын жері бойынша әділет органдарында тіркелуге міндетті.

Шетелдіктер заңнамада қаралған кейбір жағдайларда ҚР-ның шегінен қуылуы мүмкін: егер оның іс — әрекеті мемлекеттік қауіп-сіздікті қамтамасыз ету немесе қоғамдық тәртіпті қорғау мүдделеріне қайшы келетін болса; егер бұл халықтың денсаулығы мен адамгершілік қасиетті сақтау, ҚР-сы азаматтарының және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса; Қазақстанның кедендік, валюталық немесе өзге де заңдарын бұзса; егер ҚР-ның азаматымен некеге тұруы оны Қазақстанда тұрақты тұруға қалдыру үшін негіз болып табылып, заң актілерімен белгіленген тәртіппен неке заңсыз деп танылған жағдайда. Мұндай әкімшілік жаза шарасы ӘКБТК-тің 394-6. қаралған

«Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» заңның ережелері, егер ҚР-ның заң актілерінде өзгеше белгіленбеген болса, азаматтығы жоқ адамдарға да қолданылады.

Бұл Заңның ережелері шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктердің қызметкерлерінің Қазақстанның заңдары мен халықаралық шарттарында белгіленген артықшылықтары мен иммунитеттеріне қолданылмайды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж.
2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 05.07.2014 ж.
3. “Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы” Қазақстан Республикасының Заңы 19.06.1995 ж.
4. Мельник Р.С. Общее административное право Республики Казахстан: учебник. В 3 томах. - Алматы : LEM, 2023.
5. Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: NURPRESS, 2015.
6. Исабеков А.Қ., Қусаинов Д.Ө. Әкімшілік құқық. Оқу құралы. Алматы,Қазақ университеті,2013.

7. Таранов А.А.Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Академиялық курс. Алматы. 2003.
8. Баянов Е. Әкімшілік құқық. Алматы. 2007.
9. Бахрах Д.Н. Административное право. М.: БЕК. 1993.

Дәріс №7

Тақырыбы: Әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде заңды тұлғалар.

Заңды тұлға ұғымы Азаматтық кодекстің 33бабында былай көрсетілген « меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым **заңды тұлға** деп танылады.» Заңды тұлғалар:

Өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табысын келтіруді көздейтін (коммерциялық ұйым) не мұндай мақсат ретінде пайда келтіре алмайтын (коммерциялық емес ұйым) ұйым заңды тұлға бола алады.

Ұйым деп өзінің басқару органы басшылық ететін және меншігінде, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болатын әр түрлі саны бар (бірнеше адамнан бірнеше мыңға дейін) қызметкерлер ұжымы түсіндіріледі. Ұйымның басқару органы оның әкімшілігі болып табылады. Бұл жеке дара басшы (директор, бас директор) және оның орынбасарлары, не бір мезгілде жеке дара және ұжымдық (директорлар кеңесі, басқарма, дирекция) немесе басқа тағайындалатын орган, не қызметкерлер ұжымының ұйымды басқару жөнінде уәкілеттік берген органы болуы мүмкін. Әкімшілік басқару функцияларын өзіне берілген өкілеттіктер шегінде өз ұйымының ішінде жүзеге асырады. Бұлар еңбек ұжымының жұмысын ұйымдастыру, еңбек және мемлекеттік тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктер.

Ұйымдардың әрқайсысының әкімшілік – құқықтық мәртебесін жекелеп дұрыс және жан – жақты сипаттау үшін оларды топтастырудың үлкен маңызы бар. Бұл олардың қызметінің мақсаттары, ұйымдық – құқықтық нысандары, өздеріне жататын мүлікке билік ету өкілеттіктерінің көлемі мен сипаты бойынша, сондай – ақ бағыныштылығы немесе ведомстволық қарастылығы бойынша жүргізіледі.

Ұйымның әкімшілігі атқарушы билік органдарымен сыртқы ұйымның әкімшілігі атқарушы билік органдарымен сыртқы әкімшілік құқықтық қатынастарға ұйымның функцияларын жүзеге асыруға қатысты басқарудың объектісі ретінде қарастырады. Әкімшілік оларға тиісті өтініштер беруге, олардың іс әрекеттеріне әкімшілік жолмен, сондай – ақ сот тәртібімен де шағымдануға құқылы. Комерциялық ұйымдар мемлекеттік кәсіпорын, шаруашылық серіктестік, өндірістік кооператив нысандарында құрылуы мүмкін. Комерциялық емес ұйымдар мекеме, қоғамдық бірлестік, тұтыну кооперативі, қоғамдық қор, діни бірлестік нысанында және заң құжаттарында көзделген өзге де нысанда құрылуы мүмкін.

Қызметінің түрі бойынша ұйымдардың мына сияқты түрлері бар: кәсіпорындар, мекемелер, азаматтардың қоғамдық бірлестіктері. Меншік түрлері бойынша ұйымдар мемлекеттік және мемлекеттік емес болып бөлінеді. Ұйымдардың бір түрі кәсіпорындар мекемелер болып табылады. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер өзінің қызметінің көлемі мен маңызы бойынша республикалық және коммуналдық облыстық, аудандық, қалалық, кенттік және ауылдық маңызы бар болуы мүмкін. Кәсіпорындар мынандай ұйымдық құқықтық нысанда болуы мүмкін: шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам, өндірістік кооператив, мемлекеттік кәсіпорын.

Кәсіпорын бұл қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру және пайда табу мақсатында өнім өндіру, жұмыс атқару және қызмет көрсету үшін құрылған шаруашылықпен айналысатын субъект. Мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындардың әкімшілік құқық субъектілігі әр түрлі. Мемлекеттік кәсіпорындар

мемлекеттің меншігі болып табылады. Сондықтан мемлекеттік органдардың қарауына: мемлекеттік кәсіпорынды құру; олардың қызметінің мақсат міндеттерін, сондай ақ оларды орналастыратын орнын айқындау; жарғысын бекіту жатады. Мемлекеттік кәсіпорындардың бір түрі жедел басқару құқығына негізделген және мемлекеттік мүлікке иелік ететін кәсіпорындар болып табылады.

Мемлекеттік меншіктің түрлеріне қарай кәсіпорындар:

1. Республика меншігіндегі кәсіпорындар республикалық мемлекеттік кәсіпорындар.

2. Коммуналдық меншіктегі кәсіпорындар коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар деп бөлінеді.

Коммуналдық меншік құқығы субъектісінің коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты функцияларын тиісті әкімшілік аумақтық бөліністің әкімдігі (уәкілетті орган) жүзеге асырады. Тиісті әкімшілік аумақтық бөліністің әкімдігі не жергілікті бюджетпен қаржыландырылатын, әкім уәкілеттік берген атқарушы орган (мемлекеттік басқару органы) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органы болып табылады. Мемлекеттік емес кәсіпорындарға мемлекеттің ықпалы шектеулі. Мемлекет оларды басқармайды. Басқаруды мемлекеттік биліктік өкілеттіктері жоқ меншік иелері (құрылтайшылар) немесе олар уәкілеттік берген органдары жүзеге асырады. Мемлекет мемлекеттік емес кәсіпорынның әкімшілігін құруға қатыспайды. Мемлекеттің бқл кәсіпорындар жөніндегі ролі барлық кәсіпорындарға, олардың ұйымдық құқықтық нысандарына қарамастан, жалпы бірдей болатын әкімшілік құқықтық тәртіп белгілеу және сол белгіленген тәртіптің сақталуына бақылау жасау болып табылады. Мемлекеттік емес кәсіпорынды басқару тәртібі кәсіпорынның жарғысымен анықталады. Заңнамаға сәйкес кәсіпорынды тарату оның құрылтайшысының немесе құрылтай құжаттарымен соған уәкілеттік берілген органның шешімімен іске асырылады. Мұндай шешімге мыналар негіздеме болуы мүмкін: кәсіпорынның құрылған мерзімінің өтуі; оны құрғандағы мақсаттың орындалуы; сот тәртібімен оны мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тану; қызметін лицензиясыз атқару; заңды өрескел бұзу; кәсіпорынды банкрот деп тану; Жергілікті атқарушы органдар елді мекендердің тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын тікелей басқарады. Олар коммуналдық білім, денсаулық сақтау, мәдениет және өзге де жергілікті органдардың қарауына жатқызылған мекемелерді ұйымдастырудың, олардың қызметінің мазмұны мен дамуының мәселелерін шешеді. Жергілікті атқарушы органдар әкімшілік құрылым аумағының кешенді әлеуметтік экономикалық дамуына кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қатысуын үйлестіруге құқылы. Бірақ олар заңдармен көзделгеннен басқа жағдайларда кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметіне шек қоюға қақылары жоқ. Аталған ұйымдардың р түрінің оларға тиісті мүліктің түрі мен құрылымына, ұйымдарды құрудың тәртібіне, оларды басқару органдарының өкілеттіктеріне, сондай ақ ішкі ұйымдастыру және сыртқы әкімшілі құқықтық қатынастарына қатысты өзінің ерекшеліктері бар. Комерциялық ұйымдардың бір түрі шаруашылық серіктестіктер. Шаруашылық серіктестігі болып жарғылық қоры құрылтайшылардың салымдарына бөлінген, өз қызметінің негізгі мақсаты пайда түсіру деп есептелінетін және заңды тұлға болып табылатын коммерциялық ұйым болып табылады. Шаруашылық серіктестіктер толық серіктестік, сенім серіктестігі, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік, және акционерлік қоғам нысанында құрылуы мүмкін. Шаруашылық серіктестің құрылтай құжаттары құрылтай шарты мен жарғысы, ал бір тұлға құрған серіктестіктің құрылтай құжаты оның жарғысы болып табылады. Жарғыны құрылтайшылар бекітеді, ол құрылтай шартында көрсетіледі. Серіктестіктің жоғарғы органы оған қатысушылардың жалпы жиналысы болып табылады. Қатысушылардың жалпы жиналысына есеп беретін атқарушы орган құрылады. Алқалы органдар ретінде: басқарма, байқаушы кеңесі, жалпы жиналысының шешімі бойынша басқа да органдар құрылуы мүмкін.

Өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатымен акциялар шығаратын заңды тұлғалар **акционерлік** қоғам деп аталады. Қоғамның акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде қоғам қызметіне байланысты болатын залалдар шегуге тәуекел етеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның жоғарғы **басқарушы органы** болып табылады. Жалпы жиналыстар жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғамның басқару органы директорлар кеңесі, ал атқарушы орган немесе атауы қоғамның жарғысында белгіленетін атқарушы орган қызметін жеке дара жүзеге асыратын тұлға. Қоғам өз құрылтайшылары болып саналатын жеке және заңды тұлғалар жиналысының шешімі бойынша құрылады. Қоғамның жарғысы оның заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін анықтайтын құжат болып табылады. Акциялардың бақылау пакеті мемлекетке тиесілі, ұлттық экономиканың негізін құрайтын стратегиялық жағынан маңызды салаларда Үкіметтің шешімімен құрылған акционерлік қоғам ұлттық компания болып табылады. Азаматтардың бірлескен кәсіпкерлік қызметі үшін мүшелік негізде, олардың жеке еңбегімен қатысуына және мүшелерінің мүліктік жарналарын біріктіруіне негізделген ерікті бірлестігі **өндірістік кооператив** болып табылады. Кооператив жеке кәсіпкерлік үшін заң актілерімен тыйым салынбаған кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрін жүзеге асыруға хақылы. Мемлекеттік лицензиялау қолданылатын қызметті кооператив лицензиясы бар болған жағдайда ғана жүзеге асырады. Өндірістік кооперативтің мақсаты мен мәнін оның жарғысы анықтайды. Кооператив құрылтайшы жеке тұлғалардың жалпы жиналысының шешімімен құрылады. Кооператив басқарудың жоғарғы органы оның мүшелерінің жалпы жиналысы болып табылады. Кооперативте оның атқарушы органдарының қызметін және олардың қаржы қызметін бақылауды жүзеге асыратын тиісінше бақылаушы кеңес және тексеру комиссиясы құрылуы мүмкін. Кооперативтің қызметіне басшылық жасауды жүзеге асыратын атқарушы органдардың құрамына кооперативтің басқармасы және төрағасы кіреді.

Коммерциялық емес ұйым деп кіріс түсіру негізгі мақсаты болып табылмайтын және алынған таза кірісті қатысушылар арасында бөлмейтін заңды тұлға танылады. Коммерциялық емес ұйымдар әлеуметтік, мәдени, ғылыми, білім беру мақсаттары болады. Коммерциялық емес ұйымдар мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, қор, діни бірлестік, қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестігі нысанында және заң актілерінде көзделген өзге де нысанды құрылуы мүмкін. Бұлар мысалы, нотариалды палаталар, адвокаттар алқалары, сауда өнеркәсіптік палаталар, аудиторлар палаталары және өзге де ұйымдық құқықтық нысандағы коммерциялық емес ұйымдар. Коммерциялық емес ұйымдардың, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, басқару органдары мыналар болып табылады:

- 1) Жоғарғы басқару органы ұйым қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.
- 2) Басқарудың атқарушы органы ұйымның қызметін күнделікті басқаруды жүзеге асырады.
- 3) Ұйымның басқару органдары сайлайтын немесе тағайындайтын тексеру органдары.
- 4) Ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес басқа да органдар.

Мемлекет коммерциялық емес ұйымдарды құруды және олардың белсенді қызмет етуін көтермелеп отырады. Оларға заңдарға сәйкес салық, кеден жеңілдіктері және басқа да жеңілдіктер берілуі мүмкін. Коммерциялық емес ұйым заңдарға және ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес мемлекеттік статистика және салық органдарына, құрылтайшыларға және өзге де тұлғаларға өз қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.

Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес коммерциялық емес ұйымдарға кооперативтерден басқа қорлар, қоғамдық және діни бірлестіктер де жатқызылған.

Қоғамдық қор азаматтар және заңды тұлғалар ерікті мүліктік жарналар негізінде құрған, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейтін мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым (АК-тің 107 б.).

ҚР- да партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың ортақ мақсаттарға жету үшін ерікті негізде құрылған, заңдарға қайшы келмейтін басқа да бірлестіктері **қоғамдық бірлестіктер** деп танылады. Қоғамдық бірлестіктер өз мүшелерінің еріктілігі, тең құқықтылығы, өзін - өзі басқару, қызметінің заңдылығы, есептілігі және жариялылығы негізінде құрылып, жұмыс істейді.

Саяси партиялар туралы ҚР – ның 2002ж. 15-шілдедегі заңы саяси партияларды құрудың құқықтық негіздерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, қызметінің кепілдіктерін белгілейді, мемлекеттік органдармен және басқа ұйымдармен қатынастарын реттейді.

Азаматтардың, әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін мемлекеттік биліктің өкілді және атқарушы, жергілікті өзін – өзі басқару органдарында білдіру және оларды қалыптастыру ісіне қатысу мақсатында олардың саяси еркін білдіретін ҚР – сы азаматтарының ерікті бірлестігі **саяси партия** деп танылады. Саяси партия саны бір мың адамнан кем емес, саяси партияның құрылыс сьезін шақыратын және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың үштен екісінің атынан өкілдік ететін ҚР – сы азаматтары тобының бастамасы бойынша құрылады.

Занда миссионерлік қызметтің ұғымы мен есептік тіркеу тәртібі белгіленген. **Миссионерлік қызмет** – өз қызметін ҚР – ның аумағында жүзеге асыратын діни бірлестіктердің жарғылық ережелерінде жоқ діни сенімді діни ағартушылық қызмет арқылы уағыздау және тарату. ҚР – ның азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар (миссионерлер) ҚР-ның аумағында миссионерлік қызметті жергілікті атқарушы органда есептік тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады. Миссионерлер есептік тіркеу үшін атқарушы органға заңда белгіленген құжаттар мен материалдарды ұсынады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж.
2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 05.07.2014 ж.
3. “Саяси партиялар туралы” Қазақстан Республикасының Заңы 15.07.2002 ж.
4. “Қоғамдық бірлестіктер туралы” Қазақстан Республикасының Заңы 31.05.1996 ж.
5. Мельник Р.С. Общее административное право Республики Казахстан: учебник. В 3 томах. - Алматы : LEM, 2023.
6. Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: NURPRESS, 2015.
7. Исабеков А.Қ., Қусаинов Д.Ө. Әкімшілік құқық. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті, 2013.
8. Таранов А.А. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Академиялық курс. Алматы. 2003.
9. Баянов Е. Әкімшілік құқық. Алматы. 2007.
10. Бахрах Д.Н. Административное право. М.: БЕК. 1993.

Дәріс №8

Тақырыбы: Атқарушы билік органдары

Атқарушы билік органының түсінігі

Атқарушы билік органының ұғымы белгілі бір шамада “ұйым” деген ұғымнан туындайды, ол тар мағынада қандай да бір бірлескен қызметті жүзеге асыру үшін құрылатын және осы мақсат үшін аз дәрежеде болса да ресімделген адамдар ұжымының жекелеген

бөлігін білдіреді. Атқарушы билік органы – мемлекеттік биліктің атқарушы билік тармағын жүзеге асыратын негізгі субъект. Онсыз мемлекеттік басқарушылық қызметті жүзеге асыру, әкімшілік құқықтық қатынастардың пайда болуы мүмкін емес.

Ұйымдардың мемлекеттік және мемлекеттік емес сипаты бар түрлері ажыратылады. Біріншілерін мемлекет ресми түрде құрады. Екіншілері олардың мүшелерінің еркімен құрылады.

Атқарушы билік органы деп билікті бөлу принципіне сәйкес мемлекеттің тапсыруымен қоғамның шаруашылық, әлеуметтік-мәдениет және әкімшілік саяси өмірінің әр түрлі салаларында атқарушы өкіл етуші қызметті нақты жүзеге асыратын мемлекеттік биліктік механизмінің буыны түсініледі.

Атқарушы билік органы заң шығарушы және сот билігі органдарымен қатар мемлекеттік аппараттың жеке буыны болып табылады. Яғни ол мемлекеттік орган ретінде мемлекеттік басқару мен бақылауды атқаруға уәкілдік берілген, заңнамалармен белгіленген тәртіппен құрылатын мемлекеттік мекеме. Атқарушы билік органдарына берілетін мемлекеттік биліктік сипаты бар өкілеттіктердің мәні олардың мынадай құқығынан көрініс табады: мемлекеттің атынан заңды түрде міндетті болатын құқықтық актілер шығаратын құқығынан, құқықтық актілермен белгіленетін талаптар мен ережелердің сақталуына мемлекет атынан байқау жасауды жүзеге асыру құқығынан, заңды түрде міндетті болатын актілердің талаптарын орындауды қамтамасыз ету және өзінің сипаты бойынша мемлекеттік мәні бар иландыру, түсіндіру, көтермелеу сияқты шараларды, ал қажет болған жағдайда мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану жолымен оларды бұзушылықтан қорғау құқығынан көрініс табады. Атқарушы билік органдары өздерінің мемлекеттік биліктік өкілеттіктерін тек қана мемлекеттік басқарушылық қызметтің мақсаты үшін пайдаланылады.

Атқарушы билік органдары өздерінің қызметін заңға тәуелді негізде атқарады. Мұның мәні мынада заң – мемлекеттік басқарушылық қызметтің негізгі базасы, оның субъектілері осы аталған мемлекеттік органдар. Республикалық та, сондай ақ аймақтық та деңгейлерде болатын атқарушы билік органдары мемлекеттік әкімшіліктің бірыңғай жүйесін құрады. Бұл жүйенің шегінде оның әрбір буынының, яғни атқарушы биліктің нақты органының қажетті **жеделдік дербестігі** болады. Атқарушы билік органдарының біріне бірі бағынышты құрылымдық бөлімшелерін құруды болжайтын ұйымдық құрылымы, яғни ішкі құрылысы болады. Атқарушы биліктің әрбір органының белгілі бір аумақтық немесе мемлекеттік басқарушылық қызмет мәселесінің көлемі болады. Бұл органдар тек мемлекеттік бюджеттен ғана қаржыландырылады және заңды тұлға болып табылады, яғни азаматтық құқық қабілеттілігі болады.

Атқарушы билік органдары қызметінің қағидаттары

Қағидаттар - атқарушы билік органдарын ұйымдастыру мен қызметінің аса маңызды саяси құқықтық және ұйымдастыру құқықтық негіздері. Олардың негізгілері заңдарда бекітіледі.

Заңдылық атқарушы билік органдары қызметінің қағидаты ретінде осы органдар жүзеге асыратын мемлекеттік басқарушылық қызметінің заңға тәуелділігінен тікелей туындайды. Оның тікелей көрінісі Конституцияның, заңдардың, Президенттің жарлықтарының атқарушы билік органдары шығаратын кез келген құқықтық актілерінен жоғары тұратындығы; мемлекеттік басқарушылық қызметтің барлық деңгейлерінде және әрбір лауазымды адамның заңнамалардың талаптарын қатал сақтау міндеті, басқарушылық қатынастардың барлық қатысушыларының қолданылып жүрген заңнамаларымен тағайындалған құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттік басқарушылық құралдармен сақтау, жүзеге асыру мен қорғауды қамтамасыз ету болып табылады. Заңдылықты сақтау бұл атқарушы билік органдары қызметінің тиімділігінің, нәтижелілігінің басты шарты.

Конституцияның бекітілген **халық билігі қағидаты** мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы халық болып табылады дегеннен көрініс табады, ол өз билігін тікелей, сондай ақ

мемлекеттік билік органдары, оның ішінде атқарушы билік органдары арқылы жүзеге асырады.

Конституцияның үшінші бабы, төртінші тармағында бекітілген **біртұтас билікті бөлу және өзара тежемелік әрі тепе теңдік қағидат** мемлекеттік биліктің үш тармағы – заң шығарушы, атқарушы және сот билігі болатындығын және олардың дербестіктерін білдіреді.

Атқарушы билік органдарын ұйымдастыру мен қызметінде **алқалық және жеке дара басшылықты дұрыс үйлестіру қағидаты** мемлекеттік басқару қызметінің негізгі мәселелерін шешкен кезде ұымдық пікірді ескеруді қамтамасыз етеді. Осы мақсатпен тиісті атқарушы билік органдарының жанынан құрылатын әр түрлі консультативті, үйлестіру, ақылдасу кеңестері, комиссиялар, комитеттер және басқалар жүйесі кеңінен практикаға енгізілуде.

Әрбір лауазымды адам мен мемлекеттік қызметшінің өзіне тапсырылған жұмыстың бөлігі үшін **жеке жауапкершілігі** қағидатын сақтаудың маңыздылығы арта түсуде. Бұл қағидат атқарушы билік органдары туралы ережелерде, «Мемлекеттік қызмет туралы» заңда, тәртіп туралы жарғылар мен лауазымдық нұсқаулықтарда бекітіледі. Заңнамаларға сәйкес орталық және жергілікті атқарушы билік органдарының басшылары өздері басшылық ететін органдардағы атқарушылық тәртіптің жағдайы үшін дербес жауаптылықта болады.

Атқарушы билік органдары жұмысының **жариялылық қағидаты** өздерінің жұмысының, оның ішінде нормативтік құқықтық актілердің неғұрлым маңызды нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен жариялап отыруды, жұртшылықтың назарына жеткізіп отыруды болжайды.

Жеке адам құқықтарының басымдығы мен кепілдендірілгендік қағидаты Қазақстан заңнамалары мен әкімшілік практикасы үшін жаңалық болып табылады. Қазақстанда көзделіп отырған құқықтық мемлекет құру мынамен сипатталады, жеке адамның құқықтары ең қымбат қазына болып табылады, ал барлық мемлекеттік органдар, оның ішінде атқарушы билік органдары да азаматтардың алдында жауапты. Азаматтардың құқықтары мемлекет органдарының, лауазымды адамдар мен билік өкілдерінің кез келген зорлық зомбылығынан сенімді қорғалуға тиіс.

Атқарушы билік органдарының жүйесіне **орталықтандару қағидаты**, яғни төменгі тұрған органдардың жоғарғы тұрған органдарға бағыныштылығы тән. Ол атқарушы биліктің әрбір органының өкілеттіктерінің көлемін заңнамалармен айқындап белгілеген кезде осы жүйенің тұтастығынан туындайды.

Атқарушы билік органдарының түрлері

Атқарушы билік органдары өзінің қызметінің мазмұны мен нақты бағыты бойынша айырылысады. Оларды мынадай түрлерге топтастыруға болады:

1. **Қызметінің аумақтық көлемі** бойынша: **республикалық және жергілікті** атқарушы билік органдарын бөлуге болады.
2. **Құзіретінің көлемі мен сипатына қарай** мынадай атқарушы билік органдары бар:
 - **жалпы құзіретті**, яғни, мемлекеттік басқарушылық қызметтің бәріне немесе көпшілік учаскелеріне таратылатын функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыратын органдар. (Үкімет, әкімдіктер);
 - **салалық құзіретті**, функциялары мен өкілеттіктерін өздеріне тапсырылған басқару салаларының шегінде жүзеге асыратын органдар. (министрліктер, комитеттер);
 - **салааралық құзіретті**, барлық немесе бірнеше салалық жүйелер үшін ортақ болатын өздерінің қарауына жатқызылған арнайы мәселелер бойынша өкілеттіктер жүзеге асыратын органдар;
 - **аралас құзіретті**, өзінің өкілеттіктерін әрі салалық, әрі салааралық көлемде жүзеге асыратын органдар.

3. **Құру тәртібі мен тәсілі** бойынша :

- a. мемлекет басшысы құратын, мысалы, ҚР-ның Президенті ҚР Үкіметін, министрліктерін құрады.
- b. атқарушы билік органдарының өздері құратындары.
- c. жекелеген жағдайларда сайлау тәсілі қолданылады.

4. **Ведомстволық қарасты мәселелерді шешу тәртібі** бойынша :

- a. құзіретінің негізгі мәселелерін алқалы негізде, оның құрамына кіретін адамдардың көпшілік даусымен шешетін алқалы органдар. Мысалы Үкімет.
- b. құзіретінің негізгі мәселелерін басшылары шешетін жеке дара басшылық органдары, мысалы, министрліктер, агенттіктер.

5. **Ұйымдастыру құқықтық нысандары** бойынша ажыратылатын органдар, олар өздерінің көрінісін ең алдымен өздерінің атауларынан табады.

Атқарушы билік органдарының жүйесі деп біріне бірі бағынышты органдардың өз араларында құзіретін бөлу негізінде олардың арасындағы тік байланыс түсініледі.

Қазіргі кезде атқарушы билік органдарының жүйесі мыналардан тұрады: ҚР-ның Үкіметі, ҚР-ның министрліктері, ҚР-ның агенттіктері, ҚР-ның министрліктерінің комитеттері, әкімдіктер, әкімдер, өзге органдар.

ҚР-ның Үкіметі ҚР-сы мемлекеттік билігінің жоғарғы атқарушы органы, оның құқықтық жағдайы ҚР-сы Конституциясымен (64-70 баптар); «ҚР Үкіметі туралы» 1995 ж. 18 желтоқсандағы Конституциялық заңмен белгіленген. ҚР-ның Үкіметі ҚР-да атқарушы биліктің біртұтас жүйесін басқаратын алқалы орган. ҚР-ның Премьер министрі, оның орынбасарлары, министрлер, Премьер-министр Кеңесінің басшысы Үкімет мүшелері болып табылады, Президент Конституцияда қаралған тәртіппен Премьер-министрді тағайындайды. Премьер-министр өзі тағайындалғаннан кейін он күн мерзімде **Үкіметтің** құрылымы мен құрамы туралы Президентке ұсыныс енгізеді. Үкіметтің құрылымын министрліктер және өзге де орталық атқарушы органдар құрайды.

ҚР-ның Үкіметі атқарушы билік органдарының қызметіне басшылық жасайды және олардың жұмысына бақылау жасауды жүзеге асырады. Республика деңгейіндегі атқарушы билік органдары Үкіметке бағынышты және оның алдында жауап береді. Үкімет өз құзіретіне жататын мәселелер бойынша ұсынсытарды талдап жасау үшін **Үкімет** жанындағы комиссиялар, кеңестер мен консультативтік кеңесші органдар құруға және таратуға құқылы. ҚР-сы Үкіметінің өкілеттіктері еліміздің әлеуметтік экономикалық өмірінің әртүрлі аяларында неғұрлым айқын көрініс табады. Мысалы, Үкіметтің экономика аясында, бюджет, қаржы, несие, ақша саясаты аясында, әлеуметтік аяда, ғылым, білім және мәдениет аясында, табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау аясында, заңдылықты, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қылмыспен күресті қамтамасыз ету аясында сыртқы саясат пен халықаралық қатынастар аясында өкілеттіктері бар.

ҚР-ның министрлігі тиісті мемлекеттік басқару саласына басшылықты, заңдармен көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Республиканың орталық атқарушы органы болып табылады. Қазіргі кезеңде Қазақстанда он алты министрлік бар. Олар: Индустрия және сауда; Энергетика және минералдық ресурстар; Көлік және коммуникация; Ауыл шаруашылығы; Қоршаған ортаны қорғау; Экономика және бюджеттік жоспарлау; Қаржы; Білім және ғылым; Денсаулық сақтау; Мәдениет және ақпарат; Туризм және спорт; Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау; Қорғаныс; Сыртқы істер; Ішкі істер; Әділет министрлігі; Министрлік және оның органдары мен ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындары, мекемелері және өзге де ұйымдары министрліктің бірыңғай жүйесін құрайды. Министрлікті ҚР-сы Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Министр басқарады. Министрдің оның ұсынуы бойынша ҚР-ның Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге

асыруу үшін дербес жауап береді. Министрліктің күрделі проблемалық мәселелерін қарау мақсатында оларда ғылыми техникалық кеңестер құрылуы мүмкін.

ҚР-ның агенттіктері. Республика Премьер-министрінің ұсынысы бойынша ҚР-сы Президенті құратын ҚР-ның агенттігі Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылады. Агенттік тиісті мемлекеттік басқару саласында басшылықты, сондай ақ заңдарда белгіленген шектерде салааралық үйлестіруді және өзге де арнайы атқару және рұқсат беру міндеттерін жүзеге асырады. Бұлардың министрліктерден басты айырмашылығы, біріншіден, олардың Үкіметтің құрамына кірмейтіндігі және, екіншіден, олардың арнайы атқару және рұқсат беру міндеттерін жүзеге асыру болып табылады. Агенттік мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы, мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері болады. Агенттікті ҚР-сы Үкіметі қызмекке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Орталық атқарушы органның ведомствосы. Республиканың орталық атқарушы органының Комитеті ведомство болып табылады. Олар министрліктің құрылымдық бөлімшелері ретінде бекітілгендіктен, комитеттер министрліктердің құрамына кіреді. Ведомствоны тиісті орталық атқарушы орган басшысының ұсынуымен ҚР-сының Үкіметі құрады, қайта ұйымдастырады, таратады. Ведомствоның құрылымы, негізгі міндеті мен құзіреті және басқа мемлекеттік органдармен өзара іс қимылының тәртібі, әрбір Комитет туралы ҚР-ның Үкіметі бекіткен Ережеде айқындалады. Бұл Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады. Ведомствоның аумақтық бөлімшелері болуы мүмкін. Комитетті тиісті министрдің ұсынуы бойынша ҚР-сының Үкіметі тағайындайтын және қызметтен босататын төраға басқарады. Оның міндеттері мен өкілеттіктері Комитет туралы Ережеде белгіленеді.

Жергілікті атқарушы билік органдары. ҚР-сы Конституциясының 8-бөлімінің нормалары бойынша тиісті аумақтағы істің жай күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады. Жергілікті атқарушы органдар ҚР-ның атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді, тиісті аумақтың мүддесі мен даму қажеттілігін ұштастыра отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

Облыстың, ауданның әкімі басқаратын өз құзіреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган әкімдік болып табылады. Әкімдікті әкім орынбасарларынан, әкім аппаратының басшысынан, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың бірінші басшыларынан тиісті аумақтың әкімі құрады. Әкімдік тиісті аумақтық облыстық, аудандық, мәслихаттың алдында өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін жауап береді. Әкімдік ҚР Конституциясы, заңдары, Президенті мен Үкіметінің актілері, өзге де нормативтік актілер негізінде және оларды орындау мақсатында қаулылар шығарады. Әкімдіктің қаулысына әкім қол қояды. Әкім – Президент пен Үкіметтің жергілікті атқарушы органды басқаратын және тиісті аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін, Республиканың орталық атқарушы органдарының барлық аумақтық бөлімшелерінің үйлесімді қызмет істеуін, тиісті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға басшылықты қамтамасыз ететін, ҚР-ның заңдарына сәйкес мемлекеттік басқару өкілеттігі берілген, тиісті аумақтың әлеуметтік экономикалық дамуының жай күйіне жауапты өкіл болып табылады. Облыс әкімін Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша ҚР-ның Президенті қызметке тағайындайды. Оны қызметтен Президент босатады. Аудан, Республикалық маңызы бар қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдері ҚР Президенті белгілейтін тәртіпте қызметке тағайындалады немесе сайланады. Президент белгілеген тәртіпте олар қызметтен босатылады және өз өкілетігін тоқтатады. Әкім нормативтік құқықтық сипаттағы шешімдер және әкімшілік басқарушылық, жедел және дербес сипаттағы мәселелер бойынша өкімдер шығарады. Әкімдіктің және әкімнің өз құзіреті шегінде

қабылдаған актілерінің тиісті әкімшілік аумақтық бөліністің бүкіл аумағында міндетті күші болады.

Атқарушы билік органдарының жүйесі

Атқарушы билік органдарының жүйесі деп біріне-бірі бағынышты органдардың өз араларында құзыретін бөлу негізінде олардың арасындағы тік байланыс түсініледі. Қазіргі кезде атқарушы билік органдарының жүйесі мыналардан тұрады: ҚР-ның Үкіметі; ҚР-ның министрліктері; ҚР-ның агенттіктері; ҚР-сы министрліктерінің комитеттері, әкімдіктер; әкімдер; өзге органдар.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж.
2. «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 18.12.1995 ж.
3. “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының Заңы 23.01.2001 ж.
4. Мельник Р.С. Общее административное право Республики Казахстан: учебник. В 3 томах. - Алматы : LEM, 2023.
5. Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: NURPRESS, 2015.
6. Исабеков А.Қ., Қусаинов Д.Ө. Әкімшілік құқық. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті, 2013.
7. Таранов А.А. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Академиялық курс. Алматы. 2003.
8. Баянов Е. Әкімшілік құқық. Алматы. 2007.
9. Бахрах Д.Н. Административное право. М.: БЕК. 1993.

Дәріс №9

Тақырыбы: Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет.

Мемлекеттік қызмет - мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға басыпталған лауазымдық өкілеттігін атқару жөніндегі қызметі;

Мемлекеттік қызмет мемлекет қызметінің құрамдас бір бөлігі. Ол мынадай міндеттерді шешуге арналған:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары негізінде мемлекеттің және мемлекеттік органдардың функцияларын жүзеге асыру;
- Мемлекеттік органдардың өз құзіретіне сәйкес тиімді қызмет атқаруы үшін жағдай тудыру;
- Басқарушылық қызметтің ұйымдастырылуын жетілдіру;
- Азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету.

Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру үшін қызметтік лауазымдар белгіленеді, олар қызметкерлердің жұмысының мазмұнын, оның құқықтары мен міндеттерін анықтайды.

Көптеген зерттеушілердің пікіріне қарағанда, мемлекеттік қызметтің пайда болғанына әжептеуір ұзақ уақыт өткенімен, ол онша өзгеріске ұшырамаған және осы кездері істің жағдайына онша айтарлықтай оң ықпал бере алмайды.

К.С.Белскийдің пікірінше кеңестік мемлекеттік қызметтің негізгі кемшіліктері мынада:

- тиісті дәрежедегі маманданушылықтың, кәсіпқойлықтың болмауы, ол А. Бектің “Тағайындау” романында жақсы сипатталған;
- қызметкерлер ұжымы борпаң, мығым емес;

- кадр саясаты мәселесі саяси сыңарезулікпен шешімін тауып отырды, ғылыми-методикалық басшылық жасайтын арнайы орган болмады.

мемлекеттік қызметші - мемлекеттік органда заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттен не Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қаржысынан ақы төленетін қызметті атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы; әкімшілік басқарушы адамдар тобын құратын мемлекеттік қызметшілердің қызметі әкімшілік құқықтық нормалармен реттелінді, ал мемлекеттік қызметшілерінің басқа санаттарының қызметі, яғни жұмысшылардың жұмысы сияқты, көбінесе еңбек құқығының нормаларының реттейтін объектісі болды. бұл 1995 ж дейін осылай болды. 1995 ж 26-желтоқсанда «мемлекеттік қызмет туралы » заң күші бар Жарлық шықты - бұл, шындығында, мемлекеттік қызметке арнайы арналған бірінші нормативтік құқықтық акт еді. Ол қазіргі кездегі қолданыстағы 23.11.2015 ж. «Мемлекеттік қызмет туралы» заңмен оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдармен одан әрі дамытылып, ауыстырылды. Аталған заң бойынша мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттігін атқару жөніндегі қызметі. Бұл анықтамада мемлекеттік қызметтің шектелген ұғымы айқын көрініс тапқан: тек қана мемлекеттік органдардағы жұмыс мемлекеттік қызметтік сипаты бар қызмет болып табылады. Сонымен бір мезгілде мемлекеттік әлеуметтік мәдени мекемелердегі және мемлекеттік кәсіпорындардағы жұмысы тіпті ол таза басқару немесе ұйымдастыру функцияларын орындаумен байланысты болса да мұндай ұызмет болып танылмайды, өйткені мекемелер мен кәсіпорындар мемлекеттік органдар болып табылмайды. Мемлекеттік қызмет туралы заңда мыналар бекітілген:

а) мемлекеттік қызмет кәсіби негізде жүзеге асырылатын қызмет. Бірақ мемлекеттік қызметтің ерекшелігін сипаттауға жалғыз бұл белгі жеткіліксіз. Өйткені, инженердің, дәрігердің, оқытушының қызметі де кәсіби болып танылады.

б) мемлекеттік қызметті жүзеге асыру үшін мемлекеттік лауазымға орналасу керек. Бірақ бұл жеткіліксіз, өйткені, біріншіден, мемлекеттік аппаратта қызметте болғанмен мемлекеттік қызметші болып табылмайды және екіншіден мемлекет мемлекеттік мәні бар лауазымдарды тек мемлекеттік органдарда ғана емес, сонымен қатар өзге мемлекеттік ұйымдар да құрады. Сондықтан мемлекеттік қызметтің белгілерін одан әрі жетілдіре түсу қажет сияқты.

В) мемлекеттік қызмет өзінің көрінісін мемлекеттік лауазымдардың ерекше санатына орналасудан табады заңда оларды мемлекеттік органның құрылымдық бірлігі деп атайды. Олардың ерекшелігі мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл жағдай мемлекеттік қызметті мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердегі жұмыстан айтарлықтай айырады.

Г) мемлекеттік қызмет нақты мемлекеттік лауазыммен көзделген қызметтік міндеттерді жүзеге асыру жөніндегі жауапты қызметтен көрініс табады. Бұл мемлекеттік қызметтің ең маңызды белгісі.

Д) мемлекеттік қызмет тиісті мемлекеттік лауазымға орналасқан адамның өзі істейтін органға берілген өкілеттіктерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін міндеттерді орындауын болжайды.

Е) мемлекеттік қызмет мемлекеттік қызметтің мемлекеттік лауазымына орналасқан адамға мемлекет бюджет қаржысынан еңбек ақы төлеуді болжайды. Кезінде ол жалақы деп аталды. Бұл мемлекеттік қызмет үшін ерекше белгі емес. Осындай тәртіппен мемлекеттік лауазымға орналасқан, бірақ бұл реттерде мемлекеттік өызметшілер болып табылмайтын адамдар ақшадай ақы алады. Мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар мен мекемелердің қызметшілері осыған ұқсас еңбек ақымен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік қызметтің маңыздылығы, мемлекеттің шешетін барлық мәселелерінің ішінде кадрлар, ең алдымен басшылар туралы мәселе негізі болып

табылатындығымен айқындалады. Тек мемлекеттік аппарат реформаларды, жаңа идеялар мен заңдық ережелерді жүзеге асыруға міндетті, бірақ басқару қызметінде болатын кемшіліктердің көпшілігі аппаратшылардың кейбір бөлігінің қабілетсіздігімен, қай кезде тіпті реформалық бағдарламаларды қабыл алмаумен, одан бетер олардың сыбайлас жемқорлығымен байланысты екендігі белгілі. Мемлекеттік қызметшілердің принциптері ҚР-сы Конституциясымен Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар деп бекіткен нормаға негізделеді.

Зандылық принципі. Мемлекеттік қызметшілер лауазымдық міндеттерін атқарған және олардың құқықтарын қамтамасыз еткен кезде Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарының өзге нормативтік құқықтық актілерден жоғары күші болатындығын білдіреді. Бұл Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар және Республиканың бүкіл аумағында тікелей қолданылады деген ҚР – сы 4-б 2-т нормасына негізделеді.

Қазақстандық патриотизм. Мемлекеттік қызметшінің өз Отанын, халқын сүйетіндігін, оларға деген терең сезімін, берілгендігін, Республикасының тәуелсіздігін нығайтуға, онда өркениетті демократиялық қоғам құруға елдің экономикасы мен мәдениетін, ең алдымен өз халқының тілі мен дінін дамытуға бар білімі мен күш жігерін аянбай жұмсайтындығын білдіреді.

3) мемлекеттік үкіметтің заң шығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлінуіне қарамастан, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы; бұл Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол аталған тармақтардың тежемелік және тепе теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс қимыл жасау принципін жүзеге асырады.

4) азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдығы; бұл Қазақстан заңнамаларындағы жаға ереже мемлекеттік қызметшілердің адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын білуге, сақтау, а қорғауға міндетейді.

5) жалпы қол жетімділік, яғни Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке қол жеткізуге және өз қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бойынша жоғарылатылуға тең құқығы;

6) азаматтардың мемлекеттік қызметке кіруінің еріктілігі; әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығы барлығына негізделеді.

7) мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі мен жоғары біліктілігі; басымдық ең лайықтыға, жақсы дайындығы барға, іс жүзінде өзінің ұйымдастырушылық қабілеттігін көрсеткенге беріледі,

8) мәні бірдей жұмыстарды орындағаны үшін еңбекке ақыны тең төлеу; әркімнің өз еңбегі үшін ешқандай кемсітүсіз сыйақа алуына құқығы бар деген ережеге негізделеді.

9) жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз өкілеттігі шегінде қабылдаған шешімдерді орындаудың бағынысты мемлекеттік қызметшілер мен төменгі мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін міндеттілігі;

10) мемлекеттік қызметшілердің бақылауда болуы және есептілігі; мемлекеттік қызметтегі тәртіпті нығайтудың, мемлекеттік қызметшілердің өздерінің міндеттерін ойдағыдай орындауын қамтамасыз етудің, олардың сол үшін жауапкершіліктерін арттырудың аса қажетті және тәжірибеде сыналған пайдалы тәсілдері.

11) мемлекеттік құпиялар немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып есептелетін қызметті қоспағанда, қоғамдық пікір мен жариялылықты ескеру;

12) мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы; олардың еңбегінің беделін көтеруді, айтарлықтай жоғарғы еңбек ақы төлеуді, еңбек етуге, демалысына қалыпты жағдайлар туғызуды, мемлекеттік сақтандыруды, қызмет жөнінен өсуді болжайды.

13) мемлекеттік қызметшілерді қызметтік міндеттерін адал, ынталы атқарғаны, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін көтермелеу;

14) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны және өздерінің өкілеттігін асыра пайдаланғаны үшін жеке жауаптылығы; мемлекеттік тәртіпті күшейтуге, мемлекеттік қызметшілердің тапсырылған жұмыс үшін жеке жауаптылық сезімін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

15) мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды үздіксіз жүргізу принциптеріне негізделеді. Қызметшілердің тиісті бюджет қаражаты есебінен қайта даярлануын, кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруларын, арнайы оқу орындарын ұйымдастыруды болжайды.

Мемлекеттік қызметтің заңнамалық негіздері мемлекеттік қызмет туралы заңдар Конституциядан, «мемлекеттік қызмет туралы» заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Мемлекеттік қызметті құқықтық реттеуде Қазақстан Республикасының Конституциясы маңызды рөл атқарады. Онда мемлекеттік басшы лауазымдарға адамдарды қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы Президенттің, Парламенттің, оның палаталарының және Үкіметтің құзыреті белгіленген. «мемлекеттік қызмет туралы» заң мемлекеттік қызметті ұйымдастырудың құқықтық негіздерін, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайының негіздерін, мемлекеттік қызметті өткерудің тәртібін белгілейді. Заңның негізі мақсаты мемлекеттік қызметтің бірыңғай жалпы мемлекеттік құқықтық негізін жасау оған кәсібилік сипат беру. Заң төрешілдікпен, сыбайлас жемқорлықпен, жеке адамға берілгендік принципі бойынша кадр іріктеп алу практикасымен күресу үшін құқықтық негізді дамытуға мүмкіндік туғызады. Ол мемлекеттік қызметшілерге, олардың міндеттеріне тек талаптарды арттыруға ғана емес, сонымен бірге олардың құқықтық және ілеуметтік қоғалуын қамтамасыз етуге де бағытталған. Заңда көп жаңа мағызды ұғымдар бар: мемлекеттік лауазым, мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметші, біліктілік дәреже деген не екендігі және басқалар туралы. Ол мемлекеттік қызметке орналасқысы келетін немсе орналасқан азаматтарға қойылатын талаптарды күшейтуге түскен: арнаулы білім, аттестациялау, біліктілік емтихан, қатал тәртіптік жазалар жүйесі жете қабілеттілігі жоқ немесе қара ниет қызметшілердің жолына қатаі кедергілер жасауға толық мүмкіндік береді. Мемлекеттік қызмет туралы заң барлық мемлекеттік қызметшілерге қолданылады, бұған конституцияда, конституциялық заңдарда немесе өзге де заң актілерінде олар үшін өзгедей құқықтық мәртебе белгіленген жағдайлар қосылмайды. Жекелеген мемлекеттік органдардағы мемлекеттік қызметтің ерекшеліктерін реттейтін бірнеше заңдар бар. Оларға, мысалы, «ҚР ның ішкі істер органдары турал» « ҚР ның дипломатиялық қызметі туралы » заңдар жатады.

Мемлекеттік қызметтің бірқатар мәселелері бойынша ҚР ның Президентінің жарлықтарымен, Үкіметтің, министрліктер мен агенттіктердің өзге де нормативтік актілермен реттеледі. Жалпы алғанда мемлекеттік қызмет күрделі кешендік құқықтық институт, ол құқықтың бірнеше салаларымен (конституциялық, еңбек, әкімшілік, қаржы және басқаларымен) реттеледі. Мемлекеттік органдардағы мемлекеттікке жатпайтын лауазымдарда, сондай –ақ мемлекеттік емес ұйымдарда (шаруашылық серіктестіктерде, акционерлік қоғамдарда, мекемелерде, ұйымдар мен кәсіпорындарда) істейтіндердің қызметі еңбек туралы заңнамалармен реттеледі. Мемлекет мемлекеттік қызметшілердің қазіргі кезеңдегі және келешекте қанша керек болатындығын негізге ала отырып, оларды жоғары орта арнайы оқу орындарында оқыту арқылы, сондай ақ жоғары тұрған лауазымдарға жоғарлату үшін қажетті мамандық бойынша жұмыс тәжірибесін алу арқылы дайындауды жоспарлап, ұйымдастырады. мемлекеттік қызметті жетілдіру және оның тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу; мемлекеттік қызметті жүзеге асыру үшін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ өз құзыреті шегінде заңдарда белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілер қабылдау; мемлекеттік әкімшілік лауазымдар санаттарына үлгілік біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту; мемлекеттік қызмет қызметшілері жөніндегі республикалық деректер базасын қалыптастыруды қоса алғанда, мемлекеттік қызмет кадрлары жай-күйінің мониторингін жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарына орналастыру үшін кадрлар резервін қалыптастыру;

мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру, оларды әлеуметтік-құқықтық қорғау жөнінде ұсыныстар әзірлеу; Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізбесін және осы Заңға сәйкес өзге де актілерді әзірлеу және оларды Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсыну; мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілер даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, оның ішінде шетелдерде де, мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру; мемлекеттік бағдарламалар бойынша мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру мен орналастыруды және мемлекеттік қызметшілерді даярлауды, қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды үйлестіру мемлекеттік қызметке орналастыру жөніндегі уәкілетті органның міндеті болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж.
2. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 23.11.2015 ж.
3. “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының Заңы 23.01.2001 ж.
4. Мельник Р.С. Общее административное право Республики Казахстан: учебник. В 3 томах. - Алматы : LEM, 2023.
5. Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: NURPRESS, 2015.
6. Исабеков А.Қ., Қусаинов Д.Ө. Әкімшілік құқық. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті, 2013.
7. Таранов А.А. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Академиялық курс. Алматы. 2003.
8. Баянов Е. Әкімшілік құқық. Алматы. 2007.
9. Бахрах Д.Н. Административное право. М.: БЕК. 1993.
10. Кегембаева Ж.А. Юридическая ответственность должностных лиц по законодательству Республики Казахстан о государственной службе. Алматы, 2009.

Дәріс 10. Әкімшілік құқық бұзушылық

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 25-бабы бойынша жеке адамның осы кодекспен әкімшілік жауаптылық көзделген құқыққа қарсы, кінәлі іс-әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы іс-әрекеті не әрекетсіздігі **әкімшілік құқық бұзушылық болып** табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық – бұл заңдық патологияның, ауыт кететін мінез-құлықтың бір түрі, ол не іс-әрекет, не әрекетсіздік нысанында болады. **Іс-әрекет** – бұл міндет не заңды талап түрінде болатын құқықтық нұсқаманы өршігіп орындамау; нақты тыйымды, ережені, норманы, стандартты бұзу.

Әрекетсіздік – бұл тұлғаның өзіне жүктелген міндеттерге байланысты жасауға тиісті және істей алатын іс-әрекеттерді істемеуінен көрініс табатын енжар мінез-құлық.

Заңда бекітілген әкімшілік құқық бұзушылық белгілерінің жиынтығы құқық бұзушының **әкімшілік жауаптылығына жалғыз ғана негіз болып табылатын күрделі заңдық құрамын** құрайды. Әкімшілік құқықтың теориясында әкімшілік құқық бұзушылықтың **құрамы** деп әкімшілік құқық бұзушылық ретінде нақты қоғамдық қауіпті әрекет ретінде сипаттайтын Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекспен белгіленген объективтік және субъективтік белгілердің біртұтастығы түсініледі. Құрамының объективтік элементтеріне мыналар жатады: қол сұғудың **объектісі**, яғни әкімшілік құқықпен реттелінетін және қорғалынатын қоғамдық қатынастар, және әкімшілік теріс қылықтың **объективтік жағы** – бұл құқыққа қарсы іс-әрекетті немесе әрекетсіздікті, қол сұғудың нәтижесін, әрекетпен және туындаған салдарлардың арасындағы себепті

байланысын, жасалынған әкімшілік құқық бұзушылықтың орнын, уақытын, жағдайын, тәсілін, қаруы мен құралын сипаттайтын сыртқы белгілері.

Құрамның субъективтік элементтеріне әкімшілік құқық бұзушылық **субъектісін** сипаттайтын белгілер жатады, қасақаналық және абайсыздық нысанындағы **кінә**, әкімшілік құқық бұзушылықтың себебі мен мақсаты.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың жалпы объектісі мемлекеттік басқару аумағында пайда болатын және әкімшілік, конституциялық, экологиялық, кеден, жер және өзге де құқық салаларының нормаларымен реттелінетін қоғамдық қатынастар болып табылады. Әкімшілік теріс қылық объектісінің түрлері ретінде мыналар танылады: жеке адам, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, қоғамдық қауіпсіздік, меншік, мемлекеттік және қоғамдық тәртіп, басқарудың белгіленген тәртібі.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектілері жеке және заңды тұлғалар болып табылады. Бұлардан басқа, **арнайы субъектілер** – лауазымды адамдар, әскери қызметшілер, шет ел азаматтары бөлінеді. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде ақыл-есі дұрыс, 16 жасқа толған адам әкімшілік жауаптылықта болады. 16 жасқа толған, бірақ 18 жасқа толмаған адамдар Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің күші қолданылатын **кәмелетке толмағандар** деп танылады. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары немесе олардың орнындағы адамдар оларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерін дәлелді себептерсіз орындамауы және олардың кейбір әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағандары үшін әкімшілік жауаптылықта болады.

Заңды тұлғалар – бұлар мемлекеттік және мемлекеттік емес, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар. Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектілері ретінде **лауазымды адамдар** айтарлықтай ерекшеліктермен сипатталады. Олар қызметтік міндеттерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жағдайда әкімшілік жауаптылыққа тартылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлерін топтастырудың кешенді белгісі қол сұғудың бір тектес объектісін және теріс қылықтың салалық бағытын, яғни мемлекеттік басқарудың нақты аумағын қамтиды. Осы белгінің негізінде әкімшілік құқық бұзушылықтың барлық түрлерін мынадай жіктелген топтарға біріктіруге болады.

1. **Жеке адамға және оның құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар.** Оларға мысалы мыналар жатады: ұрып-соғу, денсаулығына зиян келтіру, еңбек туралы заңдарды және еңбекті қорғау ережелерін бұзу.
2. **Қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар.** Олар, мысалы, заңсыз емдеумен айналысу, санитариялық заңнаманы бұзу.
3. **Меншікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар.** Оларға: жер учаскелерін өз бетімен иелену немесе уақытша иеленген жерді дер кезінде қайтармау, жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығын бұзу.
4. **Сәулет-құрылыс қызметі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар.** Бұлар, мысалы, құрылыс ережелері мен нормаларын бұзу, заңсыз құрылыс салу.
5. **Баспасөз және ақпарат саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар.** Бұлар, мысалы: бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарды бұзу, журналистің заңды қызметін орындауына кедергі жасау.
6. **Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар.** Бұларға, мысалы, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметпен айналысуы және заңсыз кірістер алуы.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж.
2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 05.07.2014 ж.
3. Мельник Р.С. Общее административное право Республики Казахстан: учебник. В 3 томах. - Алматы : LEM, 2023.

4. Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: NURPRESS, 2015.
5. Исабеков А.Қ., Қусаинов Д.Ө. Әкімшілік құқық. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті, 2013.
6. Жетписбаев Б.А., Тыныбеков С.Т., Қусаинов Д.О. Әкімшілік жауаптылық. Алматы: NURPRESS, 2015.
7. Жетписбаев Б.А. Правовые основы административного процесса в Республике Казахстан: Учеб. пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2017.
8. Таранов А.А. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Академиялық курс. Алматы. 2003.
9. Баянов Е. Әкімшілік құқық. Алматы. 2007.
10. Бахрах Д.Н. Административное право. М.: БЕК. 1993.

Дәріс №11. Тақырыбы: Әкімшілік жауаптылық

Әкімшілік жауапкершілік- заңдық жауапкершіліктің бір түрі, ол құқық бұзушыға әкімшілік құқық бұзғаны үшін уәкілетті органдардың әкімшілік заңнамада белгіленген тәртіпте әкімшілік жаза қолдануынан көрініс табады.

Әкімшілік жауаптылық қылмыстық, азаматтық және тәртіптік жауаптылықтармен қатар заңдық жауаптылықтардың бір түрі болып табылады. Оны мемлекет жауаптылықтың негіздерін, бұзушыларға қолданылуы мүмкін болатын шараларды, құқық бұзушылық туралы істерді қараудың және осы шаралардың орындалу тәртібін айқындайтын құқықтық нормалар шығару жолымен белгілейді.

Әкімшілік жауаптылық дегеніміз – бұл әкімшілік-құқықтық санкцияларды жүзеге асыру, уәкілетті органның немесе лауазымды адамның құқық бұзушылық жасаған азаматтар мен заңды тұлғаларға әкімшілік шаралар қолдануы.

Әкімшілік жауаптылықты заңдық жауаптылықтың барлық түрлері үшін жалпы ортақ болатын кейбір белгілері сипаттайды. **Біріншіден**, ол мемлекеттік мәжбүрлеу болып табылады. өйткені биліктік өкілеттіктер мемлекеттік билік органдары арқылы жүзеге асырылады. **Екіншіден**, бұл заңдылық пен құқықтық әділеттіліктің жалпы қағидаларына бағынатын **құқықтық мәжбүрлеу**. **Үшіншіден**, ол құқық бұзушылар үшін құқықтық норманың санкциясында қаралған **жағымсыз салдарлардың туындауына** әкеп соқтырады. Төртіншіден, әкімшілік жауаптылықтың шараларына әрекет пен бұзушыға мемлекет атынан берілетін қорытынды құқықтық баға болады.

Әкімшілік жауаптылықты әкімшілік құқық бұзушылық үшін құқықтық жауаптылық ретінде қарауға болады. Бұл орайда мынаны ескеру керек, қол сұғудың объектісі мемлекеттік басқару аясындағы, сондай-ақ кейбір басқа да қатынастар болып табылады. Мысалы, әкімшілік жауаптылық, бір жағынан, кеден, салық қатынастарына, меншікті сақтауға, азаматтардың құқықтарын қорғауға байланысты қатынастарға қол сұққаны үшін белгіленеді. Екінші жағынан, әкімшілік жауаптылық әкімшілік құқықтың әрбір нормасын бұзған үшін емес, олардың ішінде тек әкімшілік жауаптылық көрсетілгендеріне ғана қолданылады.

Әкімшілік жауаптылық құқық қорғаудың, бұзушылықтың ерекше түрімен - **әкімшілік құқық бұзушылықтармен**, олар аса қауіпті болмаса да, бірақ қылмыспен салыстырғанда едәуір жиі кездеседі, күресудің маңызды құралы ретінде пайдаланылады. Әкімшілік жауаптылық өзінің мән-мағынасы бойынша мемлекеттің өкілетті органының әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаға жасайтын ықпалы. Бұл ықпалдың **мақсаты** кінәліні тәрбиелеу, сондай-ақ әкімшілік жауапқа тартылған адамдардың да, басқа адамдардың да келешекте әкімшілік құқық бұзушылық жасауды болдырмаудың алдын алу.

Әкімшілік құқықтық нормаларды бұзу әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдануға әкеп соқтырады, олардың бір түрі әкімшілік жазалар болып табылады. Әкімшілік жауаптылықты оны белгілеу тәртібі айырады. Нақ осы соңғылар, алдын алу, жолын кесу шараларынан және процессуалдық шаралардан айырмашылығы, әкімшілік жауапқа

тартылғанның нәтижесінде қолданылады. **Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекс** бойынша әкімшілік жауаптылық осы Кодекспен белгіленеді. Әкімшілік жауаптылықты көздейтін өзге де заңдар осы Кодекске олар енгізілгеннен кейін ғана қолданылады. Жергілікті аумақтық сипаты бар құқық бұзушылықтар үшін облыстардың, Алматы мен Астананың, қалалар қызметкерлерге қолданатын тәртіптік жауаптылықтан айыруға мүмкіндік береді.

Әкімшілік жауаптылыққа **жалпыға бірдейлік сипаты** тән, ол мыналардан көрініс табады: біріншіден, ережелердің барлық азаматтар мен заңды тұлғалар үшін жалпы міндетті болатындығынан, оларды сақтамау әкімшілік жауаптылыққа әкеп соқтырады; екіншіден, барлық жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық мемлекет алдында болады, мемлекет осындай бұзушылықтар туралы істерді қарау және жазалар қолдану жөніндегі органдардың өкілеттіктерін белгілейді.

Әкімшілік жауаптылықтың маңызды ерекшелігі мынада, оны материалдық және процессуалдық құқықтық қатынастардың жиынтығы, яғни, нақты құқық бұзушылық жасаудан мен аудандардың жергілікті өкілді органдары әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің тиісті баптарында әкімшілік жауаптылық көзделетін ережелерді белгілеуге құқылы.

Әкімшілік жауапкершілікті Парламент, Президент, Үкімет, өзге де арнайы органдар белгілейді. Осыған байланысты мынадай түсініктеме берген жөн:

- 1) Заң шығару билігі Қаз.да тек парламентте емес, Қаз. Халқына да берілген.Қ.Р.Президенті заң не конституциялық заң күші бар жарлық шығарады.
- 2) Конституцияда көрсетілгендей, парламенттің заң шығару жөніндегі өкілеттіктердің шектеулі диспозициясын белгілейді,сондықтан да бұл бапта көрсетілгендер парламенттің ғана құзыретіне жатпайды.
- 3) Конституцияда белгіленгендей президент заңдар шығарады, бұл оның өзі осы мәселелерді дербес шешетінін көрсетеді.
- 4) Әкімшілік жауаптылық азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуі тиіс.

Әкімшілік жауапкершілік арнайы процедуралар арқылы белгіленген тәртіпте сақталып, белгіленген іс жүргізу барысында жүзеге асырады.

Әкімшілік жауаптылықтың шараларын көптеген уәкілетті органдар мен лауазымды адамдар қолданады. Олардың барлығы, өздерінің өкілеттіктерін атқара отырып, құқық бұзушыларға әкімшілік жазалар қолданады.Оларға аудандық және соларға теңестірілген соттардың, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың судьялары, ішкі істер органдары, және басқа да мемлекеттік қадағалау және бақылау органдары жатады. Органдар мен лауазымды адамдар әкімшілік жауаптылық шараларын өздеріне қызмет жөнінен бағынышты емес бұзушылыққа қолданады. Сонымен бірге олар бір ұжымның қызметкерлері болып табылмайды және қызметтік еңбек қатынастары жөнінен байланысты болмайды. Бұл жағдай әкімшілік жауаптылықты, әдетте, жоғарғы органның немесе лауазымды адамның бағыныштылық тәртіппен басшыларға, жұмысшыларға, қызметшілерге және көмекші туындаған материалды-деликтілік және құқық бұзушылық және оны жасаған тұлға туралы материалдар жинаудың, істі қараудың, заңды дәлелденген және әділетті шешім шығарудың, оны орындауды қамтамасыз етудің қажеттілігімен байланысты әкімшілік-процессуалдық қатынастар ретінде қарауға болады.

Әкімшілік жазалар әкімшілік-мәжбүрлеу шараларының бір түрі болып табылады. **Әкімшілік жаза**, - делінген Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 40-бабында – осыған заңмен уәкілеттік берілген судья, органдар әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылады және осындай құқық бұзушылық жасаған адамның осы Кодексте көзделген құқықтары мен бостандықтарынан айыруға немесе оларды шектеуге саяды. Әкімшілік жаза қолданудың мынадай мақсаттары белгіленген: а) әлеуметтік әділеттікті қалпына келтіру және құқық бұзушылықты жасаған

адамды заңдар талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу; ә) құқық бұзушының өзінің де, сол сияқты басқа адамдардың да жаңа құқық бұзушылық жасауының алдын алу.

Әкімшілік жазалардың түрлері:

Олардың мынадай түрлері бар: 1) ескерту жасау, 2) әкімшілік айыппұл салу, 3) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған затты өтемін төлеп алып қою, 4) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған затты сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу, 5) арнаулы құқықтан айыру, 6) лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан айыру немесе қызметтің белгілі бір түріне не белгілі бір іс-әрекеттер жасауға оның қолданылуын тоқтата тұру, 7) жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру не оған тыйым салу, 8) заңсыз салынып жатқан не салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзып тастау, 9) әкімшілік қамауға алу, 10) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды ҚР-ң шегінен әкімшілік жолмен кетіру.

Әкімшілік жазалардың бұл жүйесі бірнеше **ерекшеліктермен** сипатталады. Біріншіден, бұл жүйе заң жүзінде белгіленген әкімшілік жазалардың жалғыз-ақ тізімі болып табылады, бұл құқық қорғаудың осы құралдарын бірқалыпты түсіну мен қолдануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол әкімшілік жазаларды негізгі және қосымша жазалау шараларына бөледі: ескерту, әкімшілік айыппұл салу, әкімшілік қамауға алу тек негізгі жазалар ретінде ғана қолданылуы мүмкін; затты өтемін төлеп алып қою, тәркілеутек қосымша жаза ретінде ғана қолданылады. Үшіншіден, бұл жүйе моральдық сипаты бар жазаны, ақшадай және мүліктей жазаны және бұзушының жеке басына айналатын жазаларды қамтиды.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 538-бабы бұл санаттың істерін қарауға уәкілетті органдардың екі негізгі түрі белгіленген:

1. мамандандырылған әкімшілік соттардың судьялары
2. осы кодексте уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары.

Әкімшілік юрисдикцияның салалық органдары үшін тек белгілі бір құқық бұзушылық тобын қарау жөнінде ғана мамандандыру сипатты емес. Олардың әрқайсысы, қағида бойынша, иерархиялық сатысы болып табылады, соның әрбірінде әкімшілік юрисдикция жүзеге асырылады. Жоғары тұрған органның төменгі тұрған органға міндетті түрде орындауға жататын нұсқаулар беруге, әкімшілік құқық бұзушылық туралы нақты істер бойынша олардың қабылдаған шешімдерінің күшін жоюға құқылы.

Салалық әкімшілік юрисдикция органдарының дербес және ең көп тобын ішкі істер органдары, мемлекеттік инспекция органдары және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген басқа органдар құрайды.

Юрисдикциялық органдарға ішкі істер органдары, мемлекеттік өрт сөндіру қызметі органдары, әр түрлі көлік органдары, мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдар, салық қызметі органдары, жатады.

Әкімшілік юрисдикция органдарының әр алуан түрлерін сипаттағанда мына жағдайды еске алу керек, барлық юрисдикциялық функцияларды осы органдардың атынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік шаралар қолдануға уәкілетті тиісті лауазымды адамдар: Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің Ерекше бөлігінде көзделген; өздеріне берілген өкілеттіктердің шегінде; тек қызметтік міндеттерін атқарған кезде орындайды. Юрисдикциялық органдардың атынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайтын лауазымды адамдардың тізбесі Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекспен бекітілген. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілдік берілген лауазымды адамдарға ішкі ведомстволық сипаты бар өкімдік ету өкілеттіктер берілген адамдарды да, сонымен бірге мұндай өкілеттіктері жоқ, бірақ сыртқа бағытталған мемлекеттік-биліктік өкілеттіктері барларды да жатқызуға болады.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша қаулыға келтірілген шағымды не наразылықты қараған және бұрын белгіленген шешімдердің біреуін қабылдаған мемлекеттік орган осы құжаттың көшірмесін 3 күн ішінде ізіне қатысты шешім шығарылған адамға не өтініш бойынша жәбірленушіге, сондай-ақ қаулы шығарған органға жібереді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж.
2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 05.07.2014 ж.
3. Мельник Р.С. Общее административное право Республики Казахстан: учебник. В 3 томах. - Алматы : LEM, 2023.
4. Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: NURPRESS, 2015.
5. Исабеков А.Қ., Қусаинов Д.Ө. Әкімшілік құқық. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті, 2013.
6. Жетписбаев Б.А., Тыныбеков С.Т., Қусаинов Д.О. Әкімшілік жауаптылық. Алматы: NURPRESS, 2015.
7. Жетписбаев Б.А. Правовые основы административного процесса в Республике Казахстан: Учеб. пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2017.
8. Таранов А.А. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Академиялық курс. Алматы. 2003.
9. Баянов Е. Әкімшілік құқық. Алматы. 2007.
10. Бахрах Д.Н. Административное право. М.: БЕК. 1993.

Дәріс №12

Тақырыбы: Әкімшілік жазалар

Әкімшілік жазалар әкімшілік-мәжбүрлеу шараларының бір түрі болып табылады.

Әкімшілік жаза делінген - ӘҚБтК-тің 40 бабында заңмен уәкілеттік берілген судья, органдар (лауазымды адамдар) әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу болып табылады және осындай құқық бұзушылық жасаған адамның осы Кодексте көзделген құқықтары мен бостандықтарынан айыруға немесе оларды шектеуге саяды.

Осы бапта әкімшілік жаза қолданудың мынадай мақсаттары белгіленген:

а) әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру және құқық бұзушылықты жасаған адамды заңдар талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу;

ә) құқық бұзушының өзінің де, сол сияқты басқа адамдардың да жаңа құқық бұзушылық жасауының алдын алу.

Әкімшілік жазалар әкімшілік мәжбүрлеудің өзге шараларынан ең алдымен өзінің функционалды - мақсатты бағытты болуымен елеулі түрде айырылады. Тек әкімшілік жаза ғана әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықтың шарасы болып табылады, тек сонда ғана бұзушының құқыққа қарсы әрекетінің қорытынды заңдық бағасы болады.

Әкімшілік жазаларға, қылмыстық жазаларға сияқты, тәрбиелік сипат тән. Бірақ бұл екеуінің де санкцияларының мәні құзыретті мемлекеттік органдардың құқық бұзушыларға мәжбүрлеу ықпалын жасау болып табылады.

Құқық бұзушыға қолданылған жазаны оның өз еркімен орын дауы (мысалы, салынған айыппұлды белгіленген мерзімде төлеуі) бұл шараның мәжбүрлеу мәнін өзгертпейді, өйткені мемлекет оған қолданылған тиісті жазадан туындайтын кінәлінің құқығының шектелуін басынан кешіруге мәжбүр ететін құқығын әрқашанда сақтап қалады (мысалы, айыппұлды төлемеген жағдайда ол бұзушының еңбек ақысынан, стипендиясынан немесе зейнетақысынан мәжбүрлеп өндіріледі, немесе жаза оның мүлкіне аударылады).

Әкімшілік жазалардың мазмұнын құрайтын шектеулердің түрі мен көлемін мемлекеттің өкілетті органдары, олардың лауазымды адамдары жасалынған құқық бұзушылықтың сипатын, бұзушының жеке басының қадір-қасиетін, оның кінәсінің дәрежесі мен мүліктік жағдайын, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән жайларды ескере отырып, айқындайды. Бұл орайда жауаптылықты жекелеуге мына жағдай көмектеседі, әкімшілік-құқықтық санкциялар, қағида бойынша, біршама айқындалған.

Мысалы, тауарларды құжаттарсыз сату дара кәсіпкерлерге және лауазымды адамдарға — айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 5-тен 20-ға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға 30-дан 70-ке немесе 80-нен 150-ге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады; бөтен біреудің мүлкін ұсақ түйектеп ұрлау АЕК-тің 15-ке дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, ал егер істің мән-жайлары бойынша бұл шараның қолданылуы жеткіліксіз деп танылса, он тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Сонымен, уәкілетті органдар мен олардың лауазымды адамдарының жасалынған іс-әрекетті, кінәлінің жеке басын және жеке және заңды тұлғаның жасаған құқық бұзушылығының сипатын ескере отырып, жазаны таңдауға мүмкіндіктері бар. ӘҚБтК бойынша әкімшілік жазалар мынадай ерекшелікпен сипатталады, оларды мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың үлкен тобы - судьялар және атқарушы билік органдарының лауазымды адамдары жеке-дара тәртіппен қолданады.

Әкімшілік жазаның қаралған ерекшелігімен бұл санкцияның тағы бір басқа белгісі тығыз байланысты. Ол тиісті юрисдикциялық органдар мен олардың лауазымды адамдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап шешу жөніндегі арнайы қызметінің процесінде қолданылады. Сонымен бірге бұл істі қарау біршама оңай тәртіппен жүзеге асырылады, ол әкімшілік құқық бұзушылықтың мәнімен тікелей байланысты.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар көбінесе соншалықты даусыз және айқын болады, тек бір ғана лауазымды адам заң бойынша бұзушылық оқиғасын анықтайды, жаза қолдану туралы шешім қабылдайды, әрі тіпті оны осы жерде орындауды іске асырады (мысалы, айыппұлды бұзушылық жасаған жерде төлетеді). Бірақ біршама оңайлығына қарамастан, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің тәртібі әрбір іс бойынша шындыққа қол жеткізуді, оны заңды және әділетті шешуді қамтамасыз етуге тиіс. Әкімшілік жазаға қатыстылығы жөнінен оны қолданудың бұл тәртібі әкімшілік-процессуалдық болып табылады, оның шеңберінде өкілетті орган, өзіне тікелей бағынышты емес, құқық бұзушылық жасаған кінәлі тұлғаға (жеке немесе заңды) әкімшілік жазалар қолдануы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың рецидив (қайталап жасау) жағдайында әкімшілік жазалар қолдану заңдық салдарлардың екі түрінің пайда болуына әкеп соғады:

- 1) рецидив жауаптылықты ауырлататын мән-жай болуы мүмкін;
- 2) рецидив әкімшілік құқық бұзушылықтың айқындауыш белгісі ретінде болуы мүмкін.

ӘҚБтК-тің нормаларына сәйкес әкімшілік жазаға ұшыраған болып жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап жыл бойы есептеледі және ол өткен соң автоматты түрде, яғни қандай болса да мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның арнайы шешімінсіз немесе санкциясыз жойылады. Бұл мерзім өткеннен кейін тұлға әкімшілік жазаға тартылмаған болып саналады.

Әкімшілік жазалардың түрлері ӘҚБтК-тің 41 бапта әкімшілік жазалардың мынадай түрлері белгілеген:

- 1) ескерту жасау;
- 2) әкімшілік айыппұл;
- 3) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысанасы болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу;
- 4) арнайы құқықтан айыру;
- 5) рұқсаттан айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау;

- 6) қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу;
- 7) заңсыз тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзу;
- 8) әкімшілік қамаққа алу;
- 9) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу

Әкімшілік жазалардың бұл жүйесі бірнеше ерекшеліктермен сипатталады. Бұл жүйе заң жүзінде белгіленген әкімшілік жазалардың жалғыз-ақ тізімі болып табылады, бұл құқық қорғаудың осы құралдарын бірқалыпты түсіну мен қолдануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ол әкімшілік жазаларды негізгі және қосымша жазалау шара ларына бөледі: ескерту, әкімшілік айыппұл салу және әкімшілік қамауға алу тек негізгі жазалар ретінде ғана қолданылуы мүмкін; заттың өтемін төлеп алып қою, тәркілеу, құрылысты мәжбүрлеп бұзып тастау тек қосымша жаза ретінде ғана қолданылуы мүмкін;

ӘҚБТК-тің 42 бабында көрсетілген басқа әкімшілік жазалар негізгі, сол сияқты қосымша жазалар ретінде қолданылуы мүмкін. Бір әкімшілік құқық бұзушылық үшін бір негізгі немесе негізгі және ӘҚБТК-тің қолданылатын бабы санкциясында көрсетілген қосымша жазалардың бірі қолданылуы мүмкін.

Бір мезгілде екі негізгі немесе екі қосымша жазалар қолдануға болмайды. Бұл жүйе моральдық сипаты бар жазаны (ескерту), ақшадай және мүліктей жазаны (айыппұл, тәркілеу) және бұзушының жеке басына айналатын жазаларды (әкімшілік қамауға алу, арнаулы құқықтан айыру, кетіру) қамтиды. Әкімшілік жаза құқық бұзушылық жасаған адамға тән азабын тарттыруды немесе оның адамгершілік қадір-қасиетін қорлауды, сондай-ақ заңды тұлғаның іскерлік беделіне зиян тигізуді мақсат тұтпайды.

Құқық бұзушыға ескерту қолдану, әдетте оған моральдық сипаты бар белгілі бір жағымсыз салдарлар туғызуға әкеп соқты рады. Сонымен бірге Кодекстің бірқатар баптары бұзушыға ескерту қолдануды оны қайталап немесе бірнеше рет бұзушылық жасағаны үшін аса қатал жауаптылыққа тартумен байланыстырады.

Әкімшілік жаза шарасы ретіндегі ескертуден ауызша ескертуді айыру керек, бұл иландыру құралы болып саналады және әкімшілік жазалау сипаты жоқ болғандықтан, әкімшілік жаза болып табылмайды. Әкімшілік айыппұл - әкімшілік құқық бұзушылық үшін ӘҚБТК-тің Ерекше бөлімінің баптарында көзделген жағдайларда және шекте, әкімшілік жаза қолдану кезінде қолданылып жүрген заңнамалық актіге сәйкес белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сай келетін көлемде салынатын ақшалай жаза. Ол бұзушыдан мемлекеттік бюджет кірісіне ақша қаража тының белгілі бір сомасын өндіріп алуды білдіреді. ӘҚБТК-тің нормалары біршама айқындалған айыппұл санкция ларын белгілеген, бұл айыппұл салғанда жасалынған құқық бұзу шылықтың сипатын, бұзушының жеке басын, оның кінәсінің дәрежесін, мүліктік жағдайын, жауаптылығын жеңілдететін және ауырататын жағдайларды ескеруге мүмкіндік береді. Кодексте айыппұл негізінен әкімшілік құқық бұзушылықтың барлық түрлері үшін жаза ретінде қаралған. Айыппұлдың мөлшері мен оны тағайындаудың тәсілі өте әр түрлі. Біріншіден, ол жыл сайын қабылданатын Республикалық бюджет туралы заңда бекі тілетін еселеген айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен (АЕКМ) көрініс табады. Бұл мөлшер тұрақты емес, ақшаның құнсыздануына байланысты заңмен өзгертіліп тұрады. Екіншіден, Кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында көзделген жағдайларда, айыппұл мөлшері ҚР-ның заңнамалық актлерінде белгіленген салық міндет темелерінің орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған сомасының, сондай-ақ ҚР-сы заңнамасының нормалары бұзыла отырып жүргізілген операция сомасының процентімен не қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасының мөлшерімен көрсетіледі. Сонымен бірге салынатын айыппұлдың жоғары мөлшері де белгіленген: жеке тұлғаға - екі жүз айлық есептік керсеткіштен, лауазымды адамға, дара кәсіпкерге, жеке нотариусқа, адвокатқа, сондай-ақ заңды тұлғаға - төрт жүз

айлық есептік көрсеткіштен, ірі кәсіпкерлік субъекті болып табылатын заңды тұлғаға - екі мың айлық есептік көрсеткіштен асыруға болмайды. Бұлардан асатын немесе кем мөлшерде тек мына жағдайларда болуы мүмкін: белгі ленген салық міндеттемелерінің орындалмаған сомасының, сондай ақ заңнама нормаларын бұзып жүргізілген операция сомасының процентімен не қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасының мөлшерімен есептелген айыппұл бұл белгіленген айыппұлдар мөлшерінен асатын немесе одан кем мөлшерде белгіленуі мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған затты, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу. Әкімшілік жазаның бұл шарасы осы зат пен мүлікті заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекет меншігіне мәжбүрлеп өтеусіз өндіріп алудан тұрады. Бұл ретте құқық бұзушының меншігі болып табылатын зат қана тәркіленуге жатады. ӘҚБтК әкімшілік теріс қылықтың қарулары, құралдары немесе тікелей объектілері болып табылатын заттарды ғана тәркілеуді белгілейді. Мәселен, ӘҚБтК-ке сәйкес құқық бұзушылықтың тікелей объектісі болып табылатын тауарлар және құқық бұзушылық жасау арқылы алынған кірістер (163 б.), бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдері (342, 344-6.6.), бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерінің таралымы (350-б.), т.б. тәркіленуі мүмкін. «Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды» деп бекіткен ҚР-сы Конституциясының 26 бабының 3 тармағын негізге ала отырып ӘҚБтК тәркілеуді судья қолданады және ол Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында әкімшілік жаза ретінде көзделген жағдайларда тағайындалуы мүмкін деп белгілеген. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған үшін әкімшілік жаза түрі ретінде меншік иесін белгілі бір мүлікке иелік етуден айыруға келтіретін тәркілеуден әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету, оның ішінде кейіннен тәркілеу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қолданылатын процессуалдық шара ретінде меншік иесінің материалдық объектілерін алып қою (арест) айырылады. Атқарушы билік органдары жүзеге асыратын мүлікті бұлай алып қою (арест) меншік иесінің оны иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын шектейді, бірақ меншік құқығының мемлекетке ауысуын туғызбайды. Сондықтан, ол сот шешімінсіз жүргізіледі, ал мұндай алып қою (арест) сотқа шағым жасауға кедергі болмайды. 134 Соттың шешіміне дейін заңмен белгіленген өкілеттікті іске асыратын атқарушы билік органдарының лауазымды адамдары бұзушының заттарын, құжаттарын алып қоюға, мүлкіне арест салуға, көлік құралдарын ұстауға, т.б. құқылы, өйткені бұл шара лардың бәрі жасалынған құқық бұзушылық үшін санкция болып табылмайды, сол себепті мүлікті (автомашинаны, моторлы қайық ты, аң аулайтын мылтықты, т.б.) жоюға соқтырмайды. Мұндай алып қою кезінде не әрекеттің өзі, не оны жасаған кінәлі анықталған болып табылмайды. Бұл мән-жайлар тиісті рәсімді жүргізгенде кейіннен қаралуды және дәлелдеуді қажет етеді, оның ерекшеліктері мүмкін болатын санкцияның сипатына байланысты, өйткені онымен құқықты, бостандықты және заңды мүддені шектеудің мәні айқындалады. Алып қойылған мүлік іс қаралғанға дейін сақталады, сосын істің шешілуіне байланысты, белгіленген тәртіппен тәркілеу негізі немесе иесіне қайтарылады иә болмаса жойылады. Нақты адамға берілген арнаулы құқықтан айыру осы құқықты пайдалану тәртібінің өрескел немесе үнемі бұзылғаны үшін қолданылады. Арнаулы құқықтан айыруды судья қолданады. Мұндай құқықтан айыру мерзімі бір айдан кем болмауға және екі жылдан аспауға тиіс. Көлік құралын мас күйінде жүргізу, мас күйінде куәландырудан белгіленген тәртіппен өтуден жалтару, сондай-ақ аталған адамдардың белгіленген ережелерді бұза отырып, өздері қатысушысы болған жол-көлік оқиғалары болған жерден кетіп қалу жағдайларын қоспағанда, көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруды, бұл құралдарды мүгедектігіне байланысты пайдаланатын адамдарға қолдануға болмайды. Арнаулы құқықтан айыру түріндегі әкімшілік жаза едәуір дәрежеде құқық шектеумен байланысты, өйткені осы жазаны қолдану туралы қаулыда белгіленген мерзім ішінде белгілі бір қызметпен айналысуға тыйым салуға әкеп соғады: маман-жүргізуші үшін мамандығы бойынша белгілі бір мерзімге жұмыс істеуге, ал әуесқой-жүргізуші үшін өзінің көлік құралын (автомашинасын, мотоциклін, шағын кемесін және басқаларын) белгіленген

мерзім ішінде жүргізуге тыйым салынады. Аң аулау құқығынан айыру белгілі бір мерзімге аң аулаумен айналысуға тыйым салу болып табылады.

Әкімшілік жазалардың бір түрі лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) айыру не белгілі бір қызмет түріне не белгілі бір іс-әрекеттер жасауға оның қолданылуын (оны) тоқтата тұру. Жеке тұлғаларды, дара кәсіпкерлерді, жеке нотариус тарды, адвокаттарды және заңды тұлғаларды осы құжаттарда көзделген қызметті жүзеге асыруға байланысты белгілі бір іс-әрекеттерді жасауы кезіндегі әкімшілік құқық бұзушылығы үшін судья олардан айыруды қолдануы мүмкін. Мысалы, көлікте лицензиялауға жататын қызметті жүзеге асыруға берілген рұқсатты, атылатын қаруды сақтауға және алып жүруге берілген рұқсатты жою және т.б. Белгілі бір қызмет түріне не белгілі бір іс-әрекеттер жасауға лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) уақытша айыру алты айға дейінгі мерзімге белгіленеді.

Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) өтініші бойынша тек сот тәртібі мен ғана жүргізіледі. Өтінішті сот он күн мерзімде қарайды. Заңсыз салып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзуды ӘҚБтК-тің Ерекше бөлігінің баптарында кездескен жағдайларда судья тағайындайды. Әкімшілік қамауға алуды судья ерекше жағдайларда жеке адамға қарсы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлері үшін он бес тәулікке дейінгі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықпен әкімшілік құқық бұзушылықтың жекелеген түрлерін жасағаны және (немесе) төтенше жағдай режимінің талаптарын бұзғаны үшін отыз тәулікке дейінгі мерзімге тағайындайды. Әкімшілік қамауға алу нағыз қатал әкімшілік жаза болып табылады және өзінің қоғамдық қауіптілігі бойынша қылмыспен шектесетін құқық бұзушылық, не қайталап, не қасақана жасалған құқық бұзушылық үшін қолданылады. Қамауға алу құқық бұзушылық жасаған туралы іс бойынша қаулымен белгіленген мерзімге кінәліні бас бостандығынан айыру, қоғамнан оқшаулау болып табылады. Бұл жазаны өтеудің шарты өте қатал. Әкімшілік қамауға алынған адамдар ішкі істер органдарының уақытша ұстайтын арнайы қабылданған бөлмелерінде немесе қамайтын үйлерінде ұсталады.

Әкімшілік қамауға алуды қолдануға тек ерекше жағдайларда ғана рұқсат етіледі және ӘҚБтК-пен тек судьялардың өкілеттігіне жатқызылған, сонымен бірге бұл әкімшілік жазаны тағайындау, егер істің мән-жайы бойынша, бұзушының жеке басының қасиетін ескере отырып, ӘҚБтК-тің нақты бабымен қаралған өзге әкімшілік жазаларды қолдану жеткіліксіз деп танылған жағдайда жүзеге асырылады. Әкімшілік қамауға алуды қолдану сотталғандыққа әкеп соқтырмайды және жұмыстан шығару үшін негіз болып табылмайды. Шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды ҚР-ның шегінен әкімшілік жолмен кетіру оларды мәжбүрлеп және бақылауға алып ҚР-ның Мемлекеттік шекарасы арқылы ҚР-ның шегінен шығару, ал ҚР-ның заңдарында қаралған жағдайларда, ҚР-нан кетірілетіндердің өзінше шығып кетуін бақылай отырып, жүзеге асыру болып табылады. Құқық бұзушылық жасаған үшін әкімшілік жаза шарасы ретіндегі әкімшілік жолмен кетіруді әкімшілік жолын кесу шарасы ретінде шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды әкімшілік жолмен кетіруден (жіберуден, беруден) айыру керек. Бұл шара ҚР-ның аумағында заңды түрде тұрақты тұратын немесе уақытша болатын адамдар мәртебесі жоқ және шет мемлекеттің аумағынан ҚР-на келу үшін белгіленген құжаттарсыз Мемлекеттік шекараны басып өткен адам) тіпті санкция шеңберіндегі ең аз мөлшерде жаза қолданудың өзі пайдасыз деген қорытындыға келсе, онда ол заңмен белгіленген мән-жайлар бар болған жағдайда бұзушыны әкімшілік жауаптылықтан босатуға құқылы. 11.5. Әкімшілік жазаларды қолдану Әкімшілік жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар: кінәлі адамның өкінуі; кінәлі адамның құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын болдырмауы, залалды өз еркімен өтеуі немесе келтірілген зиянды жоюы; құқық бұзушылықты күшті жан толқынысы әсерімен не жеке басының, немесе отбасының ауыр жағдайлары салдарынан жасау; құқық бұзушылықты кәмелетке толмаған адамның жүкті әйелдің немесе үш жасқа

дейінгі баласы бар әйелдің жасауы құқық бұзушылықты күш қолдану немесе, психикалық мәжбүрлеу нәтижесінде жасау; құқық бұзушылықты қажетті қорға 137 нудың заңдылығы шарттарын бұзу, құқыққа қарсы қол сұғушылық жасаған адамды ұстау, бұйрықты, немесе өкімді орындау кезінде жасау; құқық бұзушылықты алғаш рет абайсызда жасау болып танылады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі шешетін орган немесе лауазымды адам заңда қаралмаған мән-жайларды да жеңілдететін деп тануы мүмкін, мысалы, бұзушының жасының ұлғайғандығы, оның аурулығы, теріс қылық жасағанға дейінгі жұмыс пен тұрмыс тағы мінез-құлқы, тағы басқалар. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлата тын, мән-жайлар болып мыналар танылады: құқыққа қарсы мінез құлықты, прокурордың заңды түсіндіргеніне және (немесе) оны тоқтату туралы оған уәкілетті адамдардың талап етуіне қарамастан оны жалғастыра беру; бұрын жасаған құқық бұзушылығы үшін әкімшілік жазалауға ұшыраған, ол бойынша Кодекстің 66 бабында көзделген мерзімі бітпеген адамның біртекті құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасауы; кәмелетке толмаған адамды құқық бұзушылыққа тарту; кінәлі адамның біле тұра ауыр психикалық ауру мен ауыратын адамдарды не әкімшілік жауаптылығы туындайтын жасқа жетпеген адамдарды құқық бұзушылық жасауға тартуы; ұлттық, нәсілдік және діни жек көрушілік, немесе жауласушылық себебі бойынша, басқа адамдардың заңды әрекеті үшін кек алу, сондай-ақ басқа құқық бұзушылықты жасыру немесе оның жасалуын жеңілдету мақсатында құқық бұзушылық жасау; адамға немесе оның жақындарына қатысты белгілі бір адамның өзінің қызметтік, кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты құқық бұзушылық жасау; кінәлі адамын біле тұра жүкті әйелдерге қатысты, сондай-ақ жас балаға, басқа да қорғансыз немесе дәрменсіз адамға, не кінәліге тәуелді адамға қатысты құқық бұзушылық жасау; адамдар тобының құқық бұзушылық жасауы; табиғи апат жағдайында немесе басқа да төтенше жағдайлар кезінде құқық бұзушылық жасау; маскүнемдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық масаю күйінде құқық бұзушылық жасау, жаза қолда натын орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылықтың сипатына қарай, оны жауаптылықты ауырлататын мән-жай деп танымауы мүмкін. Жеңілдететін мән-жайлардың тізімі шамамен берілген ӘҚБтК тің 66 бабымен салыстырғанда 62 бапта әкімшілік жауаптылықты 138 ауырлататын мән-жайлардың толық тізімі белгіленген және оларды юрисдикциялық органдар мен олардың лауазымды адамдары кеңейте алмайды. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жаза жасалынған құқық бұзушылық үшін ӘҚБтК-тің Ерекше бөлігінің бабында көзделген шекте осы Кодекстің ережелеріне дәл сәйкестікте қолданылады. Әкімшілік жазалар тағайындаған кезде ескерілетін мән-жайлар Жасалынған құқық бұзушылықтың сипаты Құқық бұзушының жеке басының ерекшеліктері Құқық бұзушының кінәсінің ауырлығы Құқық бұзушының мүліктік жағдайы Жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар Жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар. Құқық бұзушыны әкімшілік жазаға тарту туралы мәселені шешкен кезде бұған дейін айтылған әкімшілік жауаптылықтың ескіру мерзімі ескеріледі. Қылмыстық істермен байланысты әкімшілік құқық бұзушылық тар үшін әкімшілік жазалар қолданудың өзге ескіру мерзімі белгіленген. Қылмыстың жасалуына септігін тигізген әкімшілік құқық бұзушылық және бұл туралы қылмыстық істі тергеу немесе сотта қарау барысында мәлім болған жағдайда сот кінәлі адамға, егер әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезден бастап, бір жылдан аспайтын уақыт өткен болса, әкімшілік жаза қолдануға құқылы. Құқық бұзушының іс-әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болған кезде қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған не қылмыстық іс қысқартылған жағдайда адам солар туралы шешім

қабылданған күннен бастап, үш айдан кешіктірілмей әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін. ӘҚБтК (66-6.) адамның әкімшілік жазаға ұшырады деп есептелетін мерзімін белгілейді. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған адам жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап бір жылдың ішінде осы жазаға ұшырады деп есептеледі. Бұл мерзім өткеннен кейін осы адамның әкімшілік

құқық бұзушылық жасауы қайталау ретінде саналмайды және бұрынғы қолданылған жаза жауаптылықты ауырлататын мән жай болып табылмайды. Әкімшілік жазаларды қолдану ережелері құқық бұзушының келтірген зиянды өтеу міндеттілігін қараған. Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде азаматқа немесе ұйымға мүліктік зиян келтірілсе, судья құқық бұзушылық туралы істі қарай келіп, егер зиянның мөлшері туралы дау болмаса жаза қолдану туралы мәселені шешумен бір мезгілде осындай зиянды өндіріп алу жөнінде шешім қабылдауға құқылы. Өзге уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) қарайтын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша мүліктік зиянды өтсеу, кінәлі адам оны өз еркімен өтеуден бас тартқан жағдайда, азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шешіледі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж.
2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 05.07.2014 ж.
3. Мельник Р.С. Общее административное право Республики Казахстан: учебник. В 3 томах. - Алматы : LEM, 2023.
4. Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: NURPRESS, 2015.
5. Исабеков А.Қ., Кусаинов Д.Ө. Әкімшілік құқық. Оқу құралы. Алматы,Қазақ университеті,2013.
6. Жетписбаев Б.А., Тыныбеков С.Т., Кусаинов Д.О. Әкімшілік жауаптылық. Алматы: NURPRESS, 2015.
7. Жетписбаев Б.А. Правовые основы административного процесса в Республике Казахстан: Учеб. пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2017.
8. Таранов А.А.Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Академиялық курс.Алматы.2003.
9. Баянов Е. Әкімшілік құқық.Алматы.2007.
10. Бахрах Д.Н.Административное право. М.:БЕК.1993.

Дәріс №13

Тақырыбы: Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша іс жүргізу (өндіріс).

Әкімшілік іс жүргізу- бұл заңға негізделген құқықтық қатынастағы әкімшілік істерді уәкілеттілікпен қарастыратын, істерді объективтік өндіруде толығымен заңға сәйкес шешім шығаратын,әкімшілік іс жүргізу тәртібімен жүзеге асыратын тәсілдерді қолданатын лауазымды тұлғалар мен органдардың қызметінің ... нысаны болып табылады. Әкімшілік іс жүргізушілік дегеніміз – нақты жеке әкімшілік істерді қарайтын және шешетін өкілетті субъектілердің нормативті реттелген әрекеттерінің тәртібі.

Атқарушы билік өз қызметін атқарушы органдардың әр түрлі іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырады,негізгі олардың заңдық мазмұны болып әкімшілік құқықтың материалдық нормаларын қолдану болып табылады.Мұның бәрі де әкімшілік процессуалдық нысаны болып табылады,бұлар өз шегінде осы нормалардың диспозициясынан көрініс табады.Әкімшілік іс жүргізу екі нысанда түсіндіріледі:1) яғни кең көлемде әкімшілік іс жүргізу-мемлекеттің басқарушылық қызметінің тікелей көрінісі ретінде қарастырылады. 2)тар мағынада түсіндіріледі:әкімшілік іс жүргізу-материалдық нормалардың санкцияларын қолдану қызметіне тіркеп, оны тек соттық ісжүргізу, юрисдикциялық қызметпен жақындастырады. Әкімшілік процесті негізінен сипаттау үшін осы екеуін де басшылыққа алуға болады.

Әкімшілік процеске қатысушы азаматтар процесте оның тарабы болып қатысуы мүмкін, сондай-ақ оның басқа да қатысушылары ретінде - сарапшы, куә, процестің тараптарының құқықтарын қорғаушы болып қатысуы, яғни басқа да азаматтардың,

қоғамдық ұйымдардың немесе мемлекеттің (заңды өкілдер, қорғаушы, қоғам өкілдері, ұйымның әкімшілігінің өкілдері) мүдде-мақсаттарын білдіруі мүмкін.

Әкімшілік процестерге мынадай ерекшеліктер тән болып табылады:

1. мемлекетпен үздіксіз байланыс ,яғни процес-іс жүргізу дегеніміз-билікті іске асырудың ерекше тәсілі,оны жүзеге асыруға басқа да көптеген тараптар қатысқанымен, оның негізін өкілетті билік органдарының қызметі құрайды;

2.бұл басқару жөніндегі кез-келген қызмет емес,ерекше заңдық қызмет болып табылады.Ол іс жүргізудің әлеуметтік мәнінде көрініс табады;

3.белгілі бір басқару істерін шешуге бағытталған;

4.заң тұрғысынан нәтижелі қызмет,осыны қолдану арқасында ғана тиісті нәтижеге қол жеткізуге болатын құқықтық тәртіп;

5.іс жүргізу құжаттарында қызмет нәтижелерін міндетті түрде рәсімдеу болады;

6.іс жүргізу регламентациясында орынды мұқтаждық туады. Мемлекеттік – басқарушылық қызмет негізінен жағымды сипаты бар міндеттерді шешуге арналған.Әкімшілік процесті сипаттағанда, екі түсіндіру жағдайында басшылыққа аламыз.Қ.Р. егемендік алғаннан кейін, бірнеше аса маңызды әкімшілік-процессуалдық заңнамалар қабылдады.Қазіргі кезде басқарушылық қызметтің маңызды мәселелерін жеткілікті түрде реттейтін заңнамалар бар .
Әкімшілік-процессуалдық рәсімі оның екі көрінісінен құралады:

а) әкімшілік-рәсімдеушілік.Негізгі мазмұнын атқарушы органдардың әкімшілік-құқықтық нормалармен белгіленген әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыру жөніндегі өкім етушілік іс-әрекетті құрайды.(рұқсат беру, тіркеу, өзге де функциялар мен өкілеттіктерді іске асыру).

ә) әкімшілік-юрисдикциялық. Негігі мазмұны-атқарушы органдардың юрисдикциялық қызметті атқару тәртібімен құқық қорғау функциясын жүзеге асырады.

Бұл екі түрлі жақындататын жағдай,олардың нәтижесінде жеке-дара құқықтық актілер шығарады,солардың көмегімен нақты жағдайларға немесе адамдарға материалдық әкімшілік-құқықтық нормалар қолданады.Мемлекеттік басқару аясында қандай да болмасын бір себептермен немесе өзге бір ынта бойынша пайда болатын пайда болатын әртүрлі жеке істерді шешуде іске асырылады.Құқықтық норманың не диспозициясын не санкциясын іске асыруы істің мәніне байланысты болады.Әкімшілік процес қызметі әкімшілік құқықтық процессуалдық нормалармен регламенттелінеді,сонымен қатар әкімшілік-процессуалдық қатынастарда іске асырылады.

Әкімшілік іс жүргізудің түрлерін әкімшілік процессуалдық қызметті топтастырумен байланыстырып,екі топқа бөлуге болады:

а) рәсімдеушілік іс жүргізу;

ә) юрисдикциялық іс жүргізу.

Бұл екеуінің де кейбір ортақ жалпы белгілері бар.Соның ішінде жеке істерді көбінесе соттан тысқары жолмен шешу; әр түрлі көрінісі болатын заңдық биліктің негізі; әкімшілік

процессуалдық нормалармен реттелінетіндігі, әкімшілік процессуалдық қатынастар және принциптер, т.б. Олардың негізгі айырмашылықтары әкімшілік процесстің әр түрін сипаттағанда көрсетілетін болады.

Әкімшілік процес-бір жағынан заңдық процесстің бір, ал екінші жағынан-басқару қызметінің іс жүргізу нормаларымен реттелген құқықтық формасы.

Әкімшілік процессте принциптер екіге жіктеледі :

- 1) Басқару заңдылықтарын сипаттайтын жалпы басқарушылық;
- 2) Басқарудың құқық шығару және құқық қолдану өрісінде жалпы іс жүргізу заңдылықтарының өзіндік әрекеттерін сипаттайтын іс жүргізушілік. Әкімшілік процесстің жалпы басқару принциптеріне мыналар жатады: жария мүдде мен тараптар мүдделеріне есеп жүргізу, әкімшілік процеске қоғамдық бақылау жасау, ұлттық тең құқылық, заңдылық, т.б. Бірақ басқарушылық заңдық қызметті іс жүргізу қызметімен араластыруға болмайды, себбі кейінгісі заңда көзделген мақсаттарға жетудің құралы ғана болып табылады. Құқықтық іс жүргізу салаларының принциптері заң шығарушылар назарын істерді қараудың соттық тіртібіне аударатындығын мойындасақ, әкімшілік іс жүргізу нормаларына да идея аудару туралы ой келеді. Азаматтардың құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің басымдылық принципі ерекше маңыздылыққа ие болады. Біріншіден, өкілетті органдар қоғамның, әлеуметтік топтардың және жекелеген адамдардың мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында құрылады. Екіншіден, мемлекеттік билік және оның органдары қоғамның жиынтық ырқы ретінде көрініс табады, демек, азаматтар, басқа да заңды және жеке тұлғалар арасындағы қатынастар міндетті рационалдық реттегіш болып саналатын кейбір ережелермен, нормалармен жалпыланған. Үшіншіден, іс жүргізу нормалары адамның абсолюттік және ажырамас құқықтарын тануды және олардың сақталуын қамтамасыз ететін процедуралар шегінде билікті шектейді. Құқық субъективтілікті мойындау принципі құқықтар міндеттерді иемденуге және оларды белгіленген тәртіпте дербес жүргізуге мүмкіндік беретін талаптардың болуын көздейді. Іс жүргізу принциптерінің жүйесі құқықтың іс жүргізу салаларына белгілі, бірақ бұл жағдайда да салааралық, салалық және жекелеген институттардың ерекшеліктерін білдіретіндер болып топтастырылады.

Әкімшілік дау жанжалдарды шешу үшін және жеке және заңды тұлғаларға әкімшілік-мәжбүрлеу шараларын қолданудың қажеттілігіне байланысты пайда болған мәселелерді шешу белгілі бір тәртіпті, арнайы ереже қағидаларды белгілеуді қажет етеді.

Соған орай әкімшілік іс жүргізу қағидалары мынадай болып бөлінеді:

Заңдылық-әкімшілік құқықтың материалдық нормаларын іске асыру заңмен белгіленген тәртіппен дәл сәйкестікке жүзеге асырылуға тиіс.

Объективтік шындық-қабылданған шешім істің барлық мән жайларын объективті және жан-жақты зерттелуге негізделуі тиіс.

Азаматтардың заң және істі қарап шешетін органның алдындағы теңдігі-процесстің қатысушылары жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, тегіне, мүлкітік және лауазымдық жағдайына, тұратын жеріне, дінге көзғарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге көзғарасына, өзге де мән жайларға қарамастан құқықтары жөнінен шектелуге тиіс емес.

Жариялылық-ашықтық және азаматтардың қолжетерлігі, сондай-ақ процеске қатысушылардың, мемлекеттік құпияға жатқызылған мәліметтері бар ақпарат, сондай-ақ процеске қатысушылардың өмірінің интимдік жақтары туралы мәліметтер бұған жатпайды.

Іс жүргізу тілі- іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда орыс тілі не басқа тілдер де қолданылады.

Сот құзыретінің ерекшелігі- соттың құзыреті, оның юрисдикциясының шегі, оның әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу тәртібі заңмен белгіленеді және өз бетінше өзгертуге болмайды.

Кінәсіздік презумпциясы- адам тек кінәсі анықталған құқық бұзушылықтары үшін ғана жауаптылықта болады.

Қайтадан әкімшілік жауаптылыққа жол бермеушілік- бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де екі рет әкімшілік жауаптылыққа тартуға болмайды.

Жеке бастың ар-ожданы мен қадір-қасиетін құрметтеу-құқық бұзушылық туралы іс жүргізу кезінде іске қатысушы адамның ар-ожданын қорлайтын немесе қадір қасиетін кемітетін шешімдер мен іс-әрекеттерге тыйым салынады.

Қуә айғақтарын беру міндетінен босату — ешкім өзіне — өзі, жұбайына заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес.

Білікті заң көмегін алуға құқықтарды қамтамасыз ету- әркімнің әкімшілік іс жүргізу барысында заңға сәйкес білікті заң көмегін алуға құқығы бар.

Іс жүргізу барысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету- іс жүргізу соттың, құқық бұзушылықты қарауға уәкілетті органның қалыпты жұмысын және іс жүргізуде қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайда өтеді.

Іс жүргізу іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану бостандығы-соттың, құқық бұзушылық туралы іс-әрекеттерді қарауға уәкілетті органның іс-әрекеттері мен шешімдеріне Кодексте белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

Процесті дұрыс пайдалану үшін жауаптылық- процессуалдық нормаларды бұзған, дұрыс емес шешімдер қабылдаған кінәлі лауазымды адамдар заңмен белгіленген заңдық жауаптылықта болады.

Әкімшілік іс жүргізу саласында құқық қолдану қызметі неғұрлым майда бөліктердің — өндірістердің жиынтығынан тұрады, яғни процес дегеніміз-өндірістер жиынтығы. Әкімшілік өндіріс — өкілетті субектілердің жеке нақты әкімшілік істерді, олардың белгілі бір жақтарын қарау, және шешу жөніндегі қызметінің нормативтік реттелінген тәртібі. Әкімшілік өндіріс өзі шешетін істердің сипатына қарай басқалардан өзгеше, ол сипат өндіріс атауында көрініс табады. Әкімшілік процестердің құрылымы болып табылатын өндірістер тізбесін толықтай беру мүмкін емес, себебі қоғамдық қатынастардың дамуына байланысты олардың кейбіреуі өз мәнін жояды (мыс: әкімшілік жолмен үйден шығару істері бойынша өндірістік, азаматтардың еңбексіз табысқа тұрғызған құрылыстарын тегін алу туралы істер бойынша өндірістік, т.б.) ал басқалары керісінше пайда болады. Қазіргі таңда күшіндегі заңнаманың жайы ескеріліп, өндірістің мына түрлері біріктірілген:

- жеке құқамды жинақтау(оқу орындарына қабылдау, әскери қызметке шақыру);
- азаматтардың арыз шағымдарын қарау;
- жекешелендіру жөнінде;
- жаңалық ашу істері, патент істері;
- мемлекеттік және қоғамдық мұқтаж үшін жерді алу;
- жер участкелерін азаматтар мен заңды тұлғалардың мүдделеріне, пайдалануына және жалдануына беру;
- мадақтау;
- бөліп тарату және т.б.;

Әкімшілік-юрисдикциялық процесте біріктірілгендер:

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер;
- шағымдар;
- қоғамға үлкен қауіптілік тудырмайтын қылмыстардың белгісі бар іс-әрекет туралы әстер бойынша әкімшілік жазалау шараларын қолдану;
- шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды Қ.Р. аумағынан аластату;
- тәртіптік өндіріс;
- өз бетімен тұрғызған шаруашылық және тұрмыстық құрылыстарды бұзу;

-белгіленген мерзімде бюджетке төленбеген салықтар мен басқа да төлемдерді кәсіпорындардың бірінші кезекте және сөзсіз өндіру жөніндегі;

-республикалық бюджеттен бөлінген, бірақ өз мақсатында жұмсалмаған қаражатты сөзсіз бюжетке өндіру;

-жерді пайдалану ережелерін қдайы бұзғаны үшін жер учаскелерін қайтарып алу.

Осыларға байланысты мынадай бірқатар анықтаулар қажет:

1) Қай түрі болмасын өндіріс жаңа қатынастарға қызмет етумен ғана емес, материалдық нормаларды жүзеге асырудың іс жүргізулік тәртібімен де байланысты;

2) Өндірістің нақты түрі, өкілетті органдардың билік жасауының, өктем өкілеттіктерінің және өндіріске қатысушылар арасындағы тікелей байланыстардың шектеулі шегін белгілеуді көздейді;

3) Өндіріс түрлерінің типологиялық сипаттамасы мыналармен байланысты болуы мүмкін: а) қандай да бір қатынас шегінде дамитын қатынастар (мыс:жер учаскесін бөлу, азаматтардың шағымдарын қарау, оқу орнына қабылдау); б) қатынастарға қатысушылар қойған мәселелерді шешудің іс жүргізу формалары (шағымдарды сот немесе әкімшілік тәртіпте шешу, т.б.); в) уәкілетті органның құқық субъектілігімен анықталатын өндіріс мазмұны (тәртіптік, әкімшілік, атқарушылық, т.б.).

4) Өндіріс істің шешілуімен байланысты болғандықтан, ол мына түрде болуы мүмкін: а) формальды-логикалық процес түрінде, б) шығармашылық процес түрінде; в) мемлекеттік органдардың мемлекеттік – биліктік қызмет түрінде. Өндірісті әкімшілік процесінің белгілі бір түрінің құрылымдық бөлімі ретінде және құқықтық институт ретінде қарастыруға болады. Барлық процестер сатыларға бөлінеді- процес субъектілерінің қисынды байланыстығы, бірінен кейін бірі кезектесіп келетін әрекеттері. Әкімшілік іс жүргізу сатылары процесінің динамикасын көрсетеді: бастапқы кезін, аралықтағы жағдайын, сатысын. Әрбір сатыда өзіндік дербесык бар және ол белгілі бір аралық мақсатты белгілі бір арлықта шешуді көздейді. Процесің кез келген сатысында оған қатысушылар өзіне тән іс жүргізу рөлін атқарады, тиісті іс жүргізу құқықтарымен міндеттерін иеленеді, белгіленген тәсіл бойынша іс жүргізу әрекеттерін жасайды. Кейбір сатыда әрекеттердің аяқталу сипаты бар. Әрбір заң ісі бірқатар сатыдан өтеді, олардың жиынтығы басқарушылық циклды құрайды. Осындай әкімшілік процес үшін, оған кіретін өндірістің кез келгені үшін ортақ болып келетін мынадай сатылары бар:

1) Шешімін күткен проблемаларды анықтау;

2) Бұл проблеманы анықтау және шешім жобасын даярлау;

3) Жобаны қарау (онымен келісу, талқылау, оған сараптық баға беру);

4) Жобаны бекіту, шешім қабылдау;

5) Оны орындаушыға дейін жеткізу;

6) Шешімнің орындалуын ұйымдастыру және орындалуын бақылау;

7) Қажет болған жағдайда бұрын қабылдаған шешімді қайта қарау, оны түзету, әрекеттерді бұзу не тоқтату. Басқарушылық құқық шығармашылық процесіне қатысты мынадай сатылар бөлініп алынады:

1) Акт шығарудың қажеттілігін анықтау;

2) Акт жобасын даярлау;

3) Акт жобасын басқару органының қарауына ұсыну;

4) Жобаны талқылау;

5) Жоба бойынша шешім қабылдау;

6) Жобаны қабылдаған актіні жариялау;

Көптеген сатыларда кезеңдерді –саты ішінде аралық мақсатты көздейтін әрекеттердің жиынтығын бөліп алу қиын емес. Мыс: азаматтардың шағым-арызы бойынша өндірісте істі қарау сатысы өзіне нақты мән-жағдайларды анықтауды және зерттеуді; басқарушылық құқық шығармашылық актінің жобасын талқылау сатысы оны мүдделі қатысушылар тапсыруды, заңды күшіне енер алдында актіге барлық түзетулерді енгізуді және келісуді қамтиды.

Сонымен, процесте төрт деңгейлі құрылым бар, олар: әрекеттер-кезеңдер-сатылар-өндіріс. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің ережелерін саралап қарау әкімшілік іс жүргізудің бірнеше сатыларын бөлуге мүмкіндік береді, солардың шегінде бұдан бұрын айтылған құқықтық негіздерді ескере отырып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы жеке дара істер бойынша әкімшілік-юрисдикциялық іс жүргізу жүзеге асырылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж.
2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 05.07.2014 ж.
3. Мельник Р.С. Общее административное право Республики Казахстан: учебник. В 3 томах. - Алматы : LEM, 2023.
4. Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: NURPRESS, 2015.
5. Исабеков А.Қ., Кусаинов Д.Ө. Әкімшілік құқық. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті, 2013.
6. Жетписбаев Б.А., Тыныбеков С.Т., Кусаинов Д.О. Әкімшілік жауаптылық. Алматы: NURPRESS, 2015.
7. Жетписбаев Б.А. Правовые основы административного процесса в Республике Казахстан: Учеб. пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2017.
8. Таранов А.А. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Академиялық курс. Алматы. 2003.
9. Баянов Е. Әкімшілік құқық. Алматы. 2007.
10. Бахрах Д.Н. Административное право. М.: БЕК. 1993.

Дәріс №14

Тақырыбы: Әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлері

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу: әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаудан, оны қараудан және қаулы шығарудан, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыны қайта қараудан, әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындаудан тұрады.

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау өндірістің бастапқы сатысы болып табылады, негізінен онда нақты мақсат болады, іс жүргізу ретінде рәсімделеді. Осы сатының негізгі мәні – іс жүргізу құжатын, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске сай, адамның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс қозғауға негіздеме болады. Заңға сәйкес айыппұл салынып алынатын, ал құқық бұзушылық жасалған жерде ескерту берілетін жағдайдан басқа реттерде уәкілеттік берілген лауазымды адам хаттама жасауға тиіс. Іс қозғау-жасалғандығы анықталған және іс жүргізуі рәсімделген құқық бұзушылықтың салдары болып табылатын нақты әкімшілік іс жүргізу қатынасының туындауына әкеп соғады. Әкімшілік заңнамада көзделген құқық бұзушылық құрамының адамның әрекетінен көрініс табуы іс бойынша өндірісті бастау үшін материалдық негіздеме болып табылады. Әкімшілік хаттама жасауға Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 636-бабында өзіне уәкілеттік берген адам құқылы (ішкі істер органдарының, атқарушы органдардың, көлік инспекциясы органдарының және т.б. лауазымды адамдарды). Сонымен бірге Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің версиясы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс прокурордың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау жөніндегі қаулысының негізінде қозғалуы мүмкін.

Заңда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың мазмұнына қойылатын қандай да бір талаптар белгіленген: хаттама жасалған күн және орын, оны жасаған адамның

қызметі, аты-жөні, құқық бұзушылық жасаған адам жайында деректер, әкімшілік құқық бұзушылық жасалған орын, уақыт оның мәні, оны жасағаны үшін көзделген нормативтік акт, куәгерлер мен жәбірленушілердің көрсетулері, құқық бұзушының түсініктемесі, істі шешуге қажетті басқа да мәліметтер. Хаттамаға оны жасаған адам, құқық бұзушы, егеро бар болса, куә және жәбірленуші қол қояды. Құқық бұзушылық жасаған адам өз түсініктемелері мен ескертулерін ұсынуға құқылы, олар хаттамаға тіркеледі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау сатысында қажет болғанда, құқық бұзушыға мынандай әкімшілік жол кесу шаралары қолдануы мүмкін: адамды әкімшілік жолмен ұстау, үсті-басын қарау, заттарын қарау, заттарын және құжаттарын алу. Бұл шараларды жүргізудегі мақсат: әкімшілік құқық бұзушылықтың жолын кесу, хаттама жасау, істің уақытылы және дұрыс қаралуын қамтамасыз ету.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау дегеніміз- әкімшілік өндірістің негізгі сатысы, онда іс жүргізу қызметінің осы түріне тән барлық негізгі ерекшеліктер, сипаттар көрініс табады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді мына органдар мен лауазымды адамдар қарауға құқылы:

- 1) Әкімшілік комиссиялары;
- 2) Кәмелетке толмағандардың істері бойынша комиссия;
- 3) Поселке, ауыл село әкімшілігінің басшылары;
- 4) Аудандық соттар, судьялар;
- 5) Ішкі істер органдары;
- 6) Әкімшілік қадағалау функцияларын жүзеге асыратын органдар мен лауазымды адамдар.

Сонымен қатар, заңда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің өндірісіне қатысушы адамдардың құқықтық мәртебесі анықталған, оған жататындар: әкімшілік жауапқа тартылатын адамдар, жәбірленуші, заңды өкілдер, адвокат, куәлар, сарапшылар, аудармашылар. Бұған прокурордың қатысуы міндетті емес. Құзыретті орган құқық бұзушылық фактісінің болғандығын, бұған нақты адамның кінәлі екендігін, іске қатысты барлық дәлелдемелерді жан-жақты, толық жіңіңе әділ бағалауға міндетті. Дәлелдемелер- құқық бұзушылық туралы хаттама, әкімшілік жауапқа тартылатындардың түсініктемесі, куәгерлердің, жәбірленушілердің көрсетуі, сарапшылардың қорытындылары, заттай дәлелдемелер, әкімшілік жол кесу шараларын қолдану туралы хаттама, т.б.

Істі қараудың жалпы мерзімі дегеніміз- уәкілетті орган әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және басқа материалдарды алғаннан кейін -15 күн. Істердің кейбір санаттары бойынша қысқартылған мерзімдер көрсетілген: майда бұзақылық, ішімдік ішу немесе көпшілік орындарда мас болып жүру, т.б. туралы істер- 1 тәулік ішінде, рұхсатсыз радиотаратқыш құрылғылар жасау және пайдалану туралы істер үшін-3 тәулік, ұрлық туралы істер -5 тәулік.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қараудың мынадай тәртібі белгіленген: 1. сол істі қарайтын органның құрамын жариялау немесе лауазымды адамды таныстыру; 2. қандай істің қаралатындығын және кімнің жауапқа тартылатындығын төрағалық етушінің хабарлауы, іске қатысушыларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, 3. әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы дауыстап оқу; 4. Іске қатысушыларды тыңдау, дәлелдемелерді зерттеу.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы шығару- уәкілетті орган қараудың нәтижесі бойынша қаулы шығарады, қаулыда мыналар көрсетілуі тиіс: қаулы шығарған органның

аты, іс қаралған күн, іс бойынша шешім шығарған адамға қатысты мәліметтер, қаралған кезде анықталған мән-жайлардың баяндалуы, осы әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылық көзделген нормативтік актіге сілтеме, іс бойынша қабылдаған шешім, қаулыға шағым келтірудің тәртібі мен мерзімі.

Іс бойынша қаулы екі түрлі болады:

- әкімшілік жаза беру туралы;
- іс өндірісін қысқарту туралы;

Іс бойынша өндірісті болдырмайтын мән жағдайлар барда ,сондай-ақ басқа да мән-жайларға байланысты әс өндірісін қысқарту туралы қаулы шығарады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдар туралы бұдан бұрынырақ айтылғандықтан, әкімшілік іс жүргізудің өзге қатысушыларына тоқталайық, оларға: өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам, жәбірленуші, жеке адамның және заңды тұлғаның заңды өкілдері, қорғаушы, жәбірленушінің өкілі, куә, куәгер, маман, сарапшы, аудармашы, прокурор.Әкімшілік іс жүргізудің бұл қатысушыларының процессуалдық құқықтары мен міндеттеріне ерекше көңіл аударылған.

Өзі жөнінде іс жүргізіліп жатқан адам- істің барлық материалдарымен танысуға,түсініктеме беруге, дәлелдемелер табыс етуге, өтініш және қарсылық мәлімдеуге құқылы.

4.Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шығарылған қаулыға шағым және наразылық келтіру дегеніміз өндірістің факультативті сатысы болып табылады.Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шығарылған қаулыға шағымды өзіне қатысты қаулы шығарылған адам, сондай-ақ жәбірленуші келтіреді.Уәкілетті органның қаулысына жоғарғы тұрған органға, не сотқа шағымдануға болады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға прокурор наразылық келтіруі мүмкін.Мамандандырылған әкімшілік соттар және аудандық соттар судьяларының жаза қолдану туралы қаулысына жоғары тұрған сотқа шағым беруі, наразылық білдіруі мүмкін, лауазымды адамдар шығарған қаулыға жоғары тұрған органға немесе орган тұрған жер бойынша аудандық және оған теңестірілген сотқа шағым беріліп, наразылық келтіруі мүмкін.Белгіленген мерзімде берілген шағым және прокурордың наразылығы қаулының орындалуын наразылық қаралғанша тоқтата тұрады.Шағымның немесе наразылықтың қаралу мерзімі -10 күн, шағымды не наразылықты қараушы орган шығарылған қаулының заңдылығын және дәлелдігін тексеруге, істің мән-жайын жан жақты зерттеуге міндетті.Содан кейін ол мына шешімдердің біреуін қабылдайды:1) қаулы өзгеріссіз,ал шағым қанағаттандырусыз қалдырады; 2) қаулы бұзылады, ал іс қайта қарауға жіберіледі; 3) қаулы бұзылады, іс қысқарады; 4) жазалау шарасы өзгереді, бірақ ол күшеймейді.Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске қатысты қаулыға келтірілген шағым бойынша шешімге қадағалау тәртібіне прокурор, ал аудандық соттың шешіміне, сонымен қатар жоғары тұрған сот тқрағасы наразылық келтіре алады.

5.Қабылданған шешімді орындау- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндірістің ақырғы сатысы. Әкімшілік жаза беру туралы қаулы барлық мемлекеттік және қоғамдық органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті болып табылады.Әкімшілік жаза беру туралы қаулының орындалуын бақылау міндетін оны шығарған орган өзіне алады.**Ескерту** түріндегі әкімшілік жаза беру туралы қаулыны оны шығарған орган,іс біткен бойда, ескертуді жариялау арқылы орындайды.Егер шешім құқық бұзушылық жоқ кезде шығарылса,онда қаулының көшірмесі оған 3 күн мерзімде тапсырылуы тиіс.Егер **айыппұл** салу туралы қаулы шығарылса, онда айыппұлды құқық бұзушы өзіне қаулының көшірмесі тапсырылғаннан кейін 15 күннен кешіктірілмей төлеуі тиіс.Әуімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте айыппұл белгіленген мерзімде төленбесе оны азаматтық іс жүрзізу ережелеріне сәйкес құқық бұзушының жалақысынан мәжбүрлеп өндіру көзделген.**Заттың өтемін алып қою немесе тәркілеу** туралы қаулыны сот орындаушысы, ал қару жөнінде – ішкі істер органы орындайды.**Арнайы құқықтан айыру туралы** қаулының орындалуы жүргізуші куәлігін немесе аңшы билетін белгілі бір мерзімге алу арқылы жүргізіледі. Арнайы құқықтан айыру мерзімі өткеннен кейін, әкімшілік жазаға ұшыраған адамға алынған құжаттары белгіленген

тәртіпте қайтарып беріледі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулыны ішкі істер органдары бірдей орындайды. Әкімшілік қамауға алынған адам ішкі істер органдары белгіленген орында, қамауға алынған басқа санаттағы адамдардан оқшау ұсталады. Әкімшілік ұстау мерзімі әкімшілік қамау мерзіміне кіреді.

Қамауға алу туралы қаулыны ішкі істер органдары орындайды. Қ.Р. –дағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды әкімшілік жолмен шығарып жіберу туралы қаулыны өздерінің құзыретіне жатқызылған құқық бұзушылықтар бойынша шекара қызметі органдары және ішкі істер органдары орындайды. Шетелдіктер не азаматтығы жоқ адамдарды аумағынан аталған адам шығарып жіберілетін шет мемлекет өкіметінің өкіліне ресми беру не Қ.Р.-нан шығарып жіберілетін адамға бақылау жасалына отырып, өз бетімен кетуі арқылы жүргізіледі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж.
2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 05.07.2014 ж.
3. Мельник Р.С. Общее административное право Республики Казахстан: учебник. В 3 томах. - Алматы : LEM, 2023.
4. Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: NURPRESS, 2015.
5. Исабеков А.Қ., Кусаинов Д.Ө. Әкімшілік құқық. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті, 2013.
6. Жетписбаев Б.А., Тыныбеков С.Т., Кусаинов Д.О. Әкімшілік жауаптылық. Алматы: NURPRESS, 2015.
7. Жетписбаев Б.А. Правовые основы административного процесса в Республике Казахстан: Учеб. пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2017.
8. Таранов А.А. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Академиялық курс. Алматы. 2003.
9. Баянов Е. Әкімшілік құқық. Алматы. 2007.
10. Бахрах Д.Н. Административное право. М.: БЕК. 1993.

Дәріс №15

Тақырыбы: Мемлекеттік басқару аясындағы заңдылықты бақылау және қадағалау.

Заңдылық заң әдебиетінде бірнеше мағынада қарастырылады: 1. Ұйымдастырудың және қызметтің принципі ретінде; 2. Басшылық әдісі ретінде; 3. Мемлекет пен оның азаматтарының өзара байланыс принципі ретінде. Заңдылықты заңдарды мүлтіксіз орындау деп түсіну өз маңызын жоғалтпағанмен, ол біржақты деп саналады.

«Заңдылық» санатын тануда мынадай методологиялық алғышартқа сүйену керек. Заңдылық құқықтық құбылысқа жатады, яғни ол күшіндегі құқықпен байланыс. Құқық дегеніміз әлеуметтік институт, ол мемлекеттік ырыққа жалпыға бірдейлік мәртебе береді. Бұл, ауызша айтылған және азаматтық қоғамға танылған ырық, заңға айналады.

Қадағалау мемлекеттік бақылаудың басқаша түрі болып табылады. Ол прокурорлық, әкімшілік, сот қадағалауы болып бөлінеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес прокуратура мемлекет атынан жоғарғы қадағалауды жүзеге асырады, ол мыналарға бағытталған:

1. Заңдардың, Президент жарлықтарының және басқа нормативтік құқықтық актілердің біркелкі қолданылуы;
 2. Жедел-іздістіру қызметінің, анықтаманың және тергеудің заңдылығы;
 3. Әкімшілік және атқарушылық іс жүргізудің заңдылығы;
- Өз мақсаттарын қамтамасыз етуде прокуратура мынаған құқылы:

1. Кез-келген заң бұзушылықты ашу және жою үшін шара қолдануға;
2. Республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдарға және басқа құқықтық актілерге наразылық келтіруге;
3. Сотта мемлекет мүддесін білдіруге;
4. Заңда белгіленген шекте, сондай-ақ жағдайда және тәртіпте, қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға.

Қадағалау жөніндегі өкілеттіктер іске асырылатын негізгі актілерге наразылық, ұсыным, т.б. жатады. Прокурорлық қадағалаудың бұл актілері прокуратураның мәртебесін анықтайтын актіде бекімін тапқан.

Прокурор наразылығы Конституцияға, заңға, Президенттің жарлығына және басқа нормативтік актілерге қайшы келетін органдарға және лауазымды адамдарға келтіріледі.

Әкімшілік қадағалауды арнайы құрылған органдар жүзеге асырылады. Қадағалау жүргізетін орган мен ол қадағалайтын объектілер арасында ұйымдық бағыныштылық болмайды.

Әкімшілік қадағалау мыналарды қамтамасыз етеді:

- Арнайы нормалар мен ережелердің (жол қозғалысы, өрт қауіпсіздігі, пайдалы қазбаларды өндіру, т.б.) орындалуын;
- Арнайы және жалпыға міндетті ережелер мен нормативтердің сақталуын;
- Лауазымды адамдардың объектілердің (мемтехқадағалау, энергоқадағалау) жұмыс тәртібін реттейтін режимді және ережені қолдануын.

Әкімшілік қадағалауды жүзеге асырғанда тиісті лауазымды адамдар мен қызметкерлер мынаған құқылы:

- Қадағалауындағы объектілерге баруға, тексеру жүргізуге;
- Ақпарат сұратуға, рұқсат және нұсқау беруге, тыйым салуға.

Президенттік бақылау тікелей түрде президенттің өзі мен оның әкімшілігі арқылы немесе мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады. Президент өзіне берілген конституциялық өкілеттіктер мен билігі шегінде биліктің үш тармағымен келісе отырып, тежемелі-тепе тең жүйесін пайдаланып, олардың үйлесімді жұмыс істеуін бақылайды.

Парламент сенаты заң ұсынған жағдайда 15 күн ішінде :

А) заңға қол қойып оны жариялағанға;

Б) заңды немесе оның кейбір баптарын қайта талқылап, дауысқа салуы үшін қайтаруға құқылы.

Парламенттік бақылау құрылтайлық бақылау болып саналады, парламенттің тиісті мемлекеттік органдарын құру, қайта ұйымдастыру, тарату, тиісті лауазым иесін қызметке тағайындау, және қызметінен босату туралы мәселелерді шешу шеңберінде, сондай-ақ Парламент мүшелерінің өкілеттігін тану не депутаттардың олардың қол сұғылмайтын құқығынан айыру кезінде жүргізіледі.

Ведомствалық бақылауды орталық салалық және басқа органдар өздеріне қарасты объектілерге қатысты жүзеге асырады. Үкімет әділет министрлігіне не өзге органдарға бақылау функциясы жүктеген мемлекеттік органдардың тізімін анықтауды тапсыра алады. Ведомствадан жоғары бақылау арнайы құрылған органдардың, комитеттердің бұл органға бағынышты емес объектілерге ықпалы ретінде қолданылады.

Сот бақылауында бірқатар ерекшеліктер бар. Әділ соттылықты жүзеге асырғанда соттар, әртүрлі субъектілердің (жеке және заңды тұлғалардың) құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ете отырып, мыналарды анықтай алады:

1. Актілердің және лауазымды адамдар мен органдардың әрекеттерінің заңсыздығын;
2. Мұндай актілерден және әрекеттерден келген залалдарды;
3. Ашылған құқық бұзушылықтың себептері мен жағдайларын;

Мынадай шешім қабылдай алады: 1) бұзылған құқықтар мен бостандықтарды қалпына келтіру жөнінде; 2) кінәлі адамдарды жауапқа тарту жөнінде.

Сот бақылауы:

- a. Сот билігінің дербестігі және әділ сотты тек соттың өзінің жүзеге асыруының;
- b. Сот билігінің Конституцияға, заңдарға, басқадай нормативтік акт ілерге, республиканың халықаралық шарттарына бағынуының;
- c. Сот ісін жүргізу тәртібінде атқарушы билік органдарының әрекетіне құқықтық баға бере алу қабілетінің;
- d. Күшіндегі құқықтың, Жоғарғы Соттың және Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулыларының конституциялық бекітілуінің;
Соттардың сот шешімдерін мәжбүрлеп орындатуды қамтамасыз етуге құқылы екендігінің арқасында келешекте әкімшілік құқықтың маңызды институттарының біріне айналады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж.
2. «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы 05.11.2022 ж.
3. «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 02.10.2023 ж.
4. Мельник Р.С. Общее административное право Республики Казахстан: учебник. В 3 томах. - Алматы : LEM, 2023.
5. Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: NURPRESS, 2015.
6. Исабеков А.Қ., Қусаинов Д.Ө. Әкімшілік құқық. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті, 2013.
7. Таранов А.А. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Академиялық курс. Алматы. 2003.
8. Баянов Е. Әкімшілік құқық. Алматы. 2007.
9. Бахрах Д.Н. Административное право. М.: БЕК. 1993.